Однако ИИ не обладает эмпатией, культурным контекстом и способностью к подлинной смысловой интерпретации. Он оперирует вероятностными моделями, а не ценностными позициями. Сильный дизайнер, обладающий развитым визуальным мышлением, использует алгоритм как расширение инструментального поля, а не как замену собственного профессионального опыта. Таким образом, ИИ усиливает поляризацию профессии: компетентный специалист получает ускорение и расширение возможностей, недостаточно подготовленный – утрачивает уникальность [8].

Парадоксально, но в условиях алгоритмической среды возрастает значение ручного исполнения. Навыки рисунка, типографической композиции, работы с материалом и пространственным мышлением формируют то, что не поддается полной алгоритмизации – интуитивное чувство ритма, пластики, пропорций. Ручная практика развивает моторную и пространственную память, формирует глубинное понимание структуры формы, позволяет выходить за пределы статистически усредненных решений, тренирует нейронные связи человека. Искусственный интеллект обучается на существующих данных и воспроизводит закономерности. Человеческое мышление способно нарушать закономерности осознанно. Именно эта способность к осмысленному отклонению от нормы остается конкурентным преимуществом дизайнера. Следовательно, для сохранения профессиональной автономии необходимо не отказ от ИИ, а параллельное укрепление базовых навыков, недоступных алгоритму [9].

Новая профессиональная реальность формируется в иную модель специалиста: дизайнер-стратег, дизайнер-интерпретатор, дизайнер-редактор, дизайнер-исследователь. Искусственный интеллект становится постоянным инструментом как когда-то графический планшет или программы верстки. Его исключение из процесса уже не представляется возможным. Однако центральной фигурой остается человек, способный формулировать задачу, оценивать результат и нести ответственность за смысловое содержание визуального решения. При этом, количество времени, затраченное человеком на работу, включая предварительный анализ, значительно уступает работе искусственного интеллекта (рис.3) [10].

Заключение

Интеграция искусственного интеллекта в графический дизайн является необратимым процессом. Он генерирует идеи, предлагает варианты, формирует композиции, исправляет ошибки и ускоряет проектный цикл. Искусственный интеллект становится не вспомогательным, а системным элементом профессиональной среды. Вместе с тем алгоритм не способен заменить развитое человеческое мышление, основанное на культурной интерпретации, эмпатии и осознанном нарушении шаблонов. В условиях массовой алгоритмизации усиливается значение фундаментальных навыков – ручного рисунка, композиционного анализа, типографического мастерства. Таким образом, будущее профессии заключается не в противостоянии человека и машины, а в их функциональном разделении. Искусственный интеллект становится инструментом расширения возможностей, но качество проектного решения по-прежнему определяется уровнем профессиональной подготовки дизайнера. Слабого специалиста алгоритм вытесняет, сильного – усиливает, но не превосходит.

Перспективой дальнейших исследований может стать анализ образовательных моделей подготовки дизайнеров в условиях обязательной интеграции ИИ и поиска баланса между цифровыми и ручными практиками.

Список литературы

1. Liedtka J. Why Design Thinking Works. Harvard Business Review. 2018. URL: https://hbr.org/2018/09/why-design-thinking-works
2. Dorst K. Frame Innovation: Create New Thinking by Design. Cambridge, MA: MIT Press, 2012.
3. Plattner H., Meinel C., Leifer L. (eds.). Design Thinking: Understand – Improve – Apply. Berlin: Springer, 2011. https://doi.org/10.1007/978-3-642-13757-0
4. Cross N. Design Thinking: Understanding How Designers Think and Work. London: Bloomsbury, 2011. URL: https://www.bloomsbury.com/uk/design-thinking-9781847886361/
5. Manovich L. AI Aesthetics. Moscow: Strelka Press, 2018. URL: http://manovich.net/index.php/projects/ai-aesthetics
6. McCormack J., Gifford T., Hutchings P., Llano M. T., Yee-King M. Designing with Generative Systems. Leonardo. 2020. Vol. 53, no. 1. Pp. 20–31. https://doi.org/10.1162/leon_a_01717
7. Shneiderman B. Human-Centered AI. Oxford: Oxford University Press, 2022. https://doi.org/10.1093/oso/9780192845290.001.0001

8. Boden M. AI: Its Nature and Future. Oxford: Oxford University Press, 2016.
9. Marcus G. Deep Learning Is Hitting a Wall. 2022. URL: https://nautil.us/deep-learning-is-hitting-a-wall-238440/
10. Аухадиева М. В., Фролкова Т. П. Использование искусственного интеллекта при выборе дизайна ногтей // Актуальные исследования. 2024. № 29 (211). URL: https://apni.ru/article/9819-ispolzovanie-iskusstvennogo-intellekta-pri-vybore-dizajna-nogtej

ӘОЖ 687.15

ПАВИЛЬОН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КИІМ ДИЗАЙНЫНДА ҰЛТТЫҚ СТИЛЬ МЕН ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРДІ ҮЙЛЕСТІРУ

Ернұрова А.Е.[1], Башерлен М.Т.[1], Шакирова М.А.[1]
[1] Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: altosha2304@mail.ru

Аңдатпа. Мақала павильон қызметкерлеріне арналған арнайы киімді жобалаудың өзекті мәселелерін қарастырады. Авторлық зерттеудің негізгі мақсаты – ұлттық стиль мен заманауи дизайн талаптарын ұштастыратын бірегей жұмыс киімін жасау. Жұмыс барысында киімнің композициялық шешімдері, түстік үйлесімі және қолданылатын маталардың ерекшеліктеріне терең талдау жасалды. Алтын және қара түстердің контрасты арқылы кәсіби имиджді қалыптастыру жолдары көрсетілген. Сондай-ақ, киімді дайындау барысында қолданылған қолөнер элементтері мен технологиялық тәсілдер сипатталған. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі жұмыс киімдері мен авторлық модельге салыстырмалы сараптама жүргізіліп, жаңа үлгінің эстетикалық және функционалдық басымдықтары дәлелденді. Бұл жұмыс корпоративтік стиль арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Түйін сөздер: арнайы киім, павильон, киім дизайн, ұлттық стиль, заманауи сән, эргономика, функционалдылық, сән, эстетика.

СОЧЕТАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО СТИЛЯ И СОВРЕМЕННЫХ ТРЕНДОВ В ДИЗАЙНЕ ОДЕЖДЫ РАБОТНИКОВ ПАВИЛЬОНОВ

Аннотация. Данная статья посвящена вопросам проектирования специализированной одежды для персонала павильонов. Основная цель авторского исследования заключается в создании уникальной униформы, сочетающей национальный колорит с требованиями современного дизайна. В работе проведен глубокий анализ композиционных решений, цветовых сочетаний и характеристик используемых материалов. Раскрываются способы формирования профессионального имиджа через контраст золотого и черного цветов. Описаны технологические приемы и элементы ручной работы, примененные при изготовлении изделия. В результате исследования проведен сравнительный анализ традиционной спецодежды и авторской модели, подтвердивший эстетические и функциональные преимущества нового образца. Данная работа открывает новые возможности для продвижения национальных ценностей через корпоративный стиль.

Ключевые слова: спецодежда, павильон, дизайн одежды, национальный орнамент, современная мода, эргономика, функциональность, эстетика

INTEGRATION OF NATIONAL STYLE AND MODERN TRENDS IN THE DESIGN OF PAVILION EMPLOYEES' CLOTHING

Abstract. This article discusses the current issues of designing specialized uniforms for pavilion staff. The primary objective of the author's research is to create a unique work outfit that combines national style with modern design requirements. The study provides a profound analysis of compositional solutions, color combinations, and the characteristics of the materials used. It demonstrates ways to establish a professional image through the contrast of gold and black colors. The technological methods and handcrafted elements used in the production process are described in detail. As a result of the study, a comparative analysis between traditional workwear and the author's model was conducted, proving the aesthetic and functional superiority of the new design. This work opens up new opportunities for promoting national values through corporate identity.

Keywords: workwear, pavilion, design, ornament, modern fashion, national style, ergonomics, functionality, fashion, aesthetics

Кіріспе

Зерттеу нәтижесінде павильон қызметкерлеріне арналған киім үлгісін жобалауда эстетика мен функционалдылықтың үйлесімі зерттеу барысында басым факторлардың бірі ретінде анықталды.

Ұсынылған авторлық модель ұлттық стиль элементтері мен заманауи дизайн үрдістерін біріктіре отырып, қызметкерлердің кәсіби имиджін арттыруға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – павильон қызметкерлеріне арналған ыңғайлы, заманауи, эстетикалық талаптарға жауап беретін және ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын арнайы киім үлгісін әзірлеу. Зерттеу барысында материал таңдау, тігін технологиясы, композициялық шешімдер және эргономикалық талаптар жан-жақты қарастырылды [1].



1-сурет – Павильон қызметкерлеріне арналған киім образы

1. Авторлық киім үлгісінің сипаттамасы және дайындау технологиясы

Зерттеу барысында авторлар павильон қызметкеріне арналған заманауи және ұлттық стильді үйлестіретін арнайы киім үлгісін әзірледі (1-сурет). Ұсынылған модель қазіргі заманғы қызмет көрсету саласының талаптарына сәйкес келетін функционалдылық пен эстетиканы біріктіреді.

Ұсынылған киім үлгісі ұзын силуэтті, жартылай қынама пішінде орындалған. Композициялық шешім контраст түстер үйлесіміне негізделген: алтын түсті негізгі көйлек пен қара түсті сыртқы элементтер үйлесімі образға айқындылық пен мәртебелік сипат береді [2].

Алтын түс – жылулық пен байлықтың символы болса, қара түс – тұрақтылық пен кәсібилікті білдіреді. Бұл түстердің үйлесімі қызмет көрсету саласына тән сенімділік пен тартымдылықты қалыптастырады.

Декоративтік элементтер ұлттық ою-өрнек стилінде орындалған. Әрбір элемент қолмен дайындалып, кейін тігін машинасы арқылы бекітілген, бұл бұйымға бірегейлік пен көркемдік құндылық береді.

Киімнің жоғарғы бөлігінде орналасқан декоративтік элементтер ұлттық ою-өрнек стилінде безендірілген. Әрбір ою элементі жеке-жеке қолмен дайындалып, кейін тігін машинасының көмегімен бекітілді. Бұл тәсіл бұйымға ерекше қолөнерлік құндылық пен бірегейлік береді.

Материал таңдау барысында қолда бар ресурстар тиімді пайдаланылды. Негізгі көйлек жеңіл атлас матадан тігілді, бұл материал өзінің жылтырлығы мен жұмсақтығы арқылы эстетикалық тартымдылық береді. Сыртқы қара элементтер тығыз матадан (ветраға ұқсас) дайындалып, киімнің пішінін ұстап тұруға және құрылымдық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ал жең бөлігінде қолданылған жеңіл, жартылай мөлдір мата (органза/шифон типтес) образға нәзіктік пен жеңілдік қосады.

Жобалау барысында эргономикалық талаптар да ескерілді. Киім қызметкердің қозғалысына кедергі келтірмейді, сонымен қатар ұзақ уақыт жұмыс істеуге ыңғайлы. Бел тұсындағы белдік силуэтті айқындап, эстетикалық үйлесімділікті арттырады.

Аталған киім үлгісінде ұлттық элементтер мен заманауи дизайн үйлесімді түрде біріктірілді. Бұл Қазақстандағы мәдени құндылықтарды сақтау және оларды қазіргі заманға бейімдеу идеясына негізделген. Ұлттық ою-өрнектерді қолдану арқылы авторлар отандық стильді насихаттап, оны күнделікті қызмет көрсету саласына енгізуді мақсат етті.

Сонымен қатар, бұл жұмыс қолда бар материалдарды тиімді пайдалану арқылы шығармашылық шешім қабылдаудың мысалы болып табылады. Маталардың экологиялық тұрғыдан мінсіз болмауына қарамастан, оларды дұрыс үйлестіру арқылы эстетикалық және функционалдық тұрғыдан сапалы өнім жасауға болатыны дәлелденді.

2. Киім дизайнын жобалаудың теориялық негіздері

Киім дизайнын қалыптастыру – тек сыртқы көрініске бағытталған процесс емес, ол функционалдық, эргономикалық және композициялық заңдылықтарды қамтитын көпқырлы шығармашылық және техникалық әрекет болып табылады. Әсіресе арнайы киім үлгілерін әзірлеу барысында бірнеше негізгі қағидаларға сүйену маңызды: композициялық құрылым, пропорциялық сәйкестік, түстік шешім және силуэт ерекшелігі [3].

Композиция киімнің барлық элементтерінің өзара байланысын және олардың үйлесімді орналасуын анықтайды. Тиімді құрылған композициялық құрылым бұйымның тұтастығын сақтап, визуалды тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Қарастырылып отырған модельде композиция симметрияға жақын, орталықтандырылған сипатта шешіліп, жалпы образдың жинақылығын күшейтеді.

Пропорция киім бөліктерінің өзара өлшемдік қатынасын сипаттайды. Ұзартылған силуэтті пайдалану адамның бойын визуалды түрде биіктетіп, сымбатты әрі үйлесімді келбет қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түстік шешім киім дизайнының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Контраст принципіне негізделген қара және алтын түстердің үйлесімі образға айқындық беріп, оны ерекше әрі есте қаларлық етеді [3].

Силуэт киімнің жалпы пішіндік құрылымын анықтайды. Ұсынылған үлгіде жартылай қынама силуэт қолданылып, ол бір жағынан ыңғайлылықты қамтамасыз етсе, екінші жағынан заманауи сән талаптарына сәйкес келеді.

Осы аталған теориялық қағидаларды кешенді түрде қолдану нәтижесінде киімнің көркемдік деңгейі жоғарылап қана қоймай, оның практикалық тиімділігі де арта түседі.

3. Дәстүрлі және заманауи павильон қызметкерлерінің киімін салыстырмалы талдау

Қазіргі кезеңде павильон қызметкерлеріне арналған жұмыс киімдері негізінен практикалық мақсатқа бағытталып, қарапайым дизайнмен шектеледі. Мұндай үлгілерде функционалдық қасиеттерге басымдық беріліп, эстетикалық безендіру мен көркемдік шешімдер жеткілікті деңгейде қолданылмайды [2].

Дәстүрлі жұмыс киімдеріне тән негізгі кемшіліктерге келесілерді жатқызуға болады:

– сыртқы көрінісінің қарапайымдылығы;

– тартымдылық деңгейінің төмен болуы;

– бірегей стиль мен брендтік айқындылықтың болмауы;

– ұлттық мәдени элементтердің ескерілмеуі [4].

Ал зерттеу аясында ұсынылған авторлық киім үлгісі аталған олқылықтарды жоюға бағытталған. Бұл модельде заманауи сән үрдістері мен дәстүрлі ұлттық нақыштар үйлесімді түрде біріктірілген. Атап айтқанда, киім дизайнында көркемдік шешімдер кеңінен қолданылып, ұлттық ою-өрнектер арқылы мәдени мазмұн енгізілген. Сонымен қатар, түстердің үйлесімді контрастық таңдауы визуалды әсерді күшейтіп, киімнің есте қаларлық сипатын арттырады [5].

Ұсынылған үлгінің тағы бір ерекшелігі – оның тек қызметтік киім ретінде ғана емес, сонымен қатар ұйымның имиджін қалыптастыратын құрал ретінде қарастырылуы. Ерекше дизайн мен стильдік шешімдер тұтынушылардың назарын аударып, қызмет көрсету сапасы туралы жағымды әсер қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей, авторлық модель дәстүрлі жұмыс киімдеріне қарағанда эстетикалық тартымдылығы, функционалдық тиімділігі және имидждік маңыздылығы тұрғысынан анағұрлым басым.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері павильон қызметкерлеріне арналған киім үлгісін әзірлеу барысында эстетикалық көркемдік пен практикалық ыңғайлылықтың өзара үйлесімі шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Ұсынылған авторлық модельде ұлттық мәдени элементтер заманауи сән бағыттарымен ұтымды байланыстырылып, қызметкердің кәсіби бейнесін айқындайтын тұтас стиль қалыптастырылған.

Зерттеу барысында қолданылған композициялық және технологиялық шешімдер материалдарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп, бұйымның сапалық және функционалдық сипаттамаларын арттырды. Сонымен қатар, түстік үйлесім мен декоративтік элементтердің дұрыс таңдалуы киімнің визуалды әсерін күшейтіп, оның тартымдылығын жоғарылатады.

Алынған нәтижелер қызмет көрсету саласына арналған арнайы киімдерді жобалау тәжірибесін жетілдіруге негіз бола алады. Ұлттық нақыштарды қазіргі дизайн талаптарымен үйлестіру болашақта да өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылады және отандық сән индустриясының дамуына оң ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Smith J. Workwear Design Principles. – London, 2019. – 312 p.
2. Назарбаев Н. Қазіргі дизайн негіздері. – Алматы, 2020. – 256 б.
3. Brown T. Design Thinking in Fashion. – New York, 2021. – 280 p.
4. Lee S. Ergonomics in Clothing Design. – Seoul, 2018. – 295 p.
5. Davis M. Fashion Branding and Consumer Behavior. – Paris, 2022. – 310 p.

ӘОЖ 728.53

ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТУДАҒЫ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Ескенова А.Қ.[1], Ералы Э.Ә.[1]
[1] *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
e-mail: azareskenova66@gmail.com, yearly_ea@enu.kz

Аңдатпа. Табиғи ландшафтпен үйлесімді сәулеттік шешімдерді қолдану, экологиялық тұрақтылықты сақтау, сондай-ақ заманауи технологияларды енгізу арқылы туристік нысандардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері дизайнның туристік инфрақұрылымды дамытудың маңызды құралы ғана емес, сонымен бірге ауданның туристік әлеуетін арттыратын стратегиялық фактор екенін көрсетеді. Туристік инфрақұрылымды дамыту барысында жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды. Аймақтың тарихи мұрасы мен табиғи ресурстарын тиімді пайдалану туристік өнімнің сапасын арттырады және оның бірегейлігін қалыптастырады. Туристік орталықтарды жобалау кезінде қолжетімділік, қауіпсіздік және қызмет көрсету деңгейін арттыру да басты назарда болуы тиіс. Осы бағыттағы кешенді шаралар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етіп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және инвестициялық тартымдылықтың артуына мүмкіндік береді. Ұсынылған шешімдер Ұлытау аймағында заманауи, қолайлы және бәсекеге қабілетті туристік кеңістік қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге, бұл зерттеу нәтижелері туристік орталықтарды жобалауда тиімді әдістемелік негіз ретінде қолданылуы мүмкін. Аталған ұсыныстар арқылы келешекте ауданның туризмді дамыту стратегияларын жетілдіруге де ықпал етеді.

Жалпы алғанда, туристік инфрақұрылымды кешенді дамыту арқылы Ұлытау аймағын халықаралық деңгейдегі туристік орталыққа айналдыруға мүмкіндік бар. Бұл үшін сәулет, дизайн және заманауи технологиялардың үйлесімді қолданылуы қажет.

Түйін сөздер: Ұлытау, туристік инфрақұрылым, дизайн, ұлттық стиль, сәулет, интерьер, заманауи технология, аудан.

РОЛЬ ПРОЕКТА ТУРИСТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА В РАЗВИТИИ ИНФРАСТРУКТУРЫ РЕГИОНА УЛЫТАУ

Аннотация. Применение архитектурных решений, гармонично сочетающихся с природным ландшафтом, обеспечение экологической устойчивости, а также внедрение современных технологий позволяют повысить качество туристических объектов.

Результаты исследования показывают, что дизайн является не только важным инструментом развития туристической инфраструктуры, но и стратегическим фактором, способствующим повышению туристического потенциала региона. В процессе развития туристической инфраструктуры важно учитывать местные особенности. Эффективное использование исторического наследия и природных ресурсов региона повышает качество туристического продукта и формирует его уникальность. При проектировании туристических центров особое внимание следует уделять доступности, безопасности и повышению уровня обслуживания. Комплексные меры в данном направлении оказывают положительное влияние на социально-экономическое развитие региона, способствуют созданию новых рабочих мест и повышению инвестиционной привлекательности. Предложенные решения направлены на формирование современного, комфортного и конкурентоспособного туристического пространства в Улытауском регионе. В то же время результаты данного исследования могут быть использованы в качестве эффективной методологической основы при проектировании туристических центров. Представленные предложения также способствуют совершенствованию стратегий развития туризма в регионе.

В целом, комплексное развитие туристической инфраструктуры позволяет превратить Улытауский регион в туристический центр международного уровня. Для этого необходимо гармоничное сочетание архитектуры, дизайна и современных технологий.

Ключевые слова: Улытау, туристическая инфраструктура, дизайн, национальный стиль, архитектура, интерьер, современные технологии, район.

THE ROLE OF A TOURISM CENTER PROJECT IN THE DEVELOPMENT OF INFRASTRUCTURE IN THE ULYTAU REGION

Abstract. The application of architectural solutions that harmoniously integrate with the natural landscape, ensuring environmental sustainability, as well as the implementation of modern technologies, makes it possible to improve the quality of tourist facilities.

The results of the study show that design is not only an important tool for the development of tourism infrastructure, but also a strategic factor that enhances the tourism potential of the region. In the process of developing tourism infrastructure, it is important to consider local characteristics. The effective use of the region's historical heritage and natural resources improves the quality of the tourism product and contributes to its uniqueness. When designing tourist centers, particular attention should be paid to accessibility, safety, and the improvement of service quality. Comprehensive measures in this direction have a positive impact on the socio-economic development of the region, contribute to job creation, and increase investment attractiveness. The proposed solutions are aimed at creating a modern, comfortable, and competitive tourist environment in the Ulytau region. At the same time, the results of this study can be used as an effective methodological basis for designing tourist centers. These recommendations also contribute to improving regional tourism development strategies.

In general, the comprehensive development of tourism infrastructure makes it possible to transform the Ulytau region into an international-level tourist center. This requires the harmonious integration of architecture, design, and modern technologies.

Keywords: Ulytau, tourism infrastructure, design, national style, architecture, interior, modern technology, district.

Кіріспе

Ұлытау аймағы Қазақстанның тарихи және рухани орталықтарының бірі ретінде танылған. Бұл ауданнан қазақ халқының мемлекеттілік тарихымен тығыз байланысты көптеген тарихи ескерткіштерге бай мұраны табуға болады. Алайда, туристік инфрақұрылымның жеткіліксіз деңгейде дамымауы аймақтың толық туристік әлеуетін ашуға кедергі келтіруде [1].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында туристік инфрақұрылымды дамытудағы дизайнның рөлін анықтау мақсатында теориялық және практикалық әдістер кешені қолданылған. Зерттеудің әдіснамалық негізін сәулет және дизайн саласындағы ғылыми еңбектер, туризмді дамытуға арналған нормативтік құжаттар, сондай-ақ халықаралық тәжірибелер құрады.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

– Әдебиеттерді талдау әдісі барысында сәулет, интерьер дизайны және туризм саласындағы отандық және де шетелдік ғылыми еңбектер зерттелді.

– Салыстырмалы талдау әдісі – заманауи туристік орталықтардың жобалық шешімдері мен тәжірибелік салыстырып, тиімді дизайн тәсілдері қолданылды.

– Жүйелік талдау әдісі – туристік инфрақұрылымды біртұтас жүйе ретінде қарастырып, оның функционалдық, эстетикалық және әлеуметтік аспектілері талданды.

– Графикалық және жобалық әдіспен зерттеу барысында туристік орталықтың кеңістіктік ұйымдастырылуы, функционалды аймақтарға бөлінуі және дизайн концепциясы ұсынылды.

– Бақылау және талдау әдісі кезінде қолданыстағы туристік нысандардың тәжірибесі қарастырылып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды.

Осы әдістердің жиынтығы зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыруға және ғылыми негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, туристік инфрақұрылымды дамытуда дизайн шешімдері маңызды әрі көпқырлы рөл атқарады. Әдебиеттерді талдау және салыстырмалы зертеу негізінде заманауи туристік орталықтарды жобалауда функционалды, эстетикалық және технологиялық факторлардың өзара тығыз байланыста екені анықталды. Біріншіден, кеңістікті тиімді ұйымдастыру мен функционалды аймақтарға бөлу туристік нысандардың қолайлылығын арттыратыны дәлелденді. Қоғамдық кеңістіктерді ыңғайлы бөлу, келушілер ағынын оңтайландыру және қызмет көрсету аймақтарын нақты анықтау туристердің жалпы тәжірибесіне оң әсер етеді. Екіншіден, интерьер және сәулеттік дизайн шешімдері туристік нысандардың тартымдылығын арттыруда маңызды. Табиғи материалдарды қолдану, ұлттық ою-өрнектерді заманауи стильде пайдалану және кеңістіктің визуалды үйлесімділігі келушілерге ерекше атмосфера қалыптастырады. Үшіншіден, зерттеу барысында заманауи технологияларды енгізудің тиімділігі анықталды.

Талдау барысында қол жеткізген нәтижелер Ұлытау аймағы үшін ерекше маңызға ие екені анықталды. Себебі бұл өңірдің тарихи-мәдени және табиғи ерекшеліктері дизайн шешімдерін кешенді түрде қарастыруды талап етеді. Заманауи дизайн тәсілдерін қолдану арқылы аймақтың туристік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу нәтижелері дизайнның туристік инфрақұрылымды дамытудағы шешуші факторының бірі екені дәлелденіп, оны кешенді түрде қолдану қажеттілігі көрсетілді.

Қазіргі таңда туризм саласы экономиканың маңызды бағыттарының біріне айналуда. Әсіресе тарихи-мәдени әлеуеті жоғары аймақтарда туристік инфрақұрылымды дамыту өзекті мәселелерін жатқызуға болады, яғни, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, туризм ел экономикасының перспективалы бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Бұл құжатта туристік инфрақұрылымды дамыту, өңірлердің туристік әлеуетін тиімді пайдалану және қызмет көрсету сапасын арттыру негізгі басымдықтар ретінде көрсетілген [2].

Атап айтқанда, тұжырымдамада ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін заманауи туристік кластерлер қалыптастыру, көлік және сервистік инфрақұрылымды жетілдіру, сондайақ инвестиция тарту сияқты мәселелеріне көңіл бөлінген. Сонымен бірге, туристік аймақтардың тартымдылығын арттыру мақсатында цифрлық технологияларды қолдану керек екені атап өтіледі.

Осы тұрғыда дизайн туристік инфрақұрылымды дамытудағы негізгі құралдардың бірі болып келеді. Заманауи дизайн тек эстетикалық емес, сонымен қатар функционалдық, әлеуметтік және мәдени міндеттерді шешуге бағытталған кешенді жүйе ретінде талданады [3].

Ұлытау аймағының туристік әлеуетіне келер болсақ, Ұлытау ауданы тарихи және табиғи ресурстарға бай аймақ. Мұнда Жошы хан кесенесі, Алаша хан кесенесі, Домбауыл мазары сияқты ерекше тарихи ескерткіштер орналасқан. Бұл нысандар туристер үшін ерекше қызығушылық тудырады және аймақтың мәдени маңыздылығын арттырады [4].

Сонымен қатар, Ұлытау өңірі табиғи ландшафттарымен ерекшеленеді. Мұны 1-суреттегі жайқалған алқаптан тамашалауға болады. Таулы аймақтар мен кең далалар экотуризмді дамытады (1-сурет) [7].

Туристік инфрақұрылымды дамытудағы дизайнның рөліне тоқталатын болсақ, туристік инфрақұрылымды дамытуда дизайн маңызды рөл атқарады:

Біріншіден, кеңістікті ұйымдастыру туристердің қозғалысын жеңілдетіп, қызмет көрсету сапасын арттыру. Функционалдық аймақтарға бөлу арқылы әрбір аймақтың қызметін анықтауға көмектеседі.



1-сурет – Ұлытау ауданының табиғи ландшафты

Екіншіден, интерьер дизайны туристік нысанның жалпы қабылдануына әсер етеді. Табиғи материалдарды қолдану кеңістікке жайлылық берді [5].

Ұлттық стиль мен заманауи дизайн синтезін айтқанымызда, Ұлытау аймағында туристік нысандарды жобалау кезіндегі ұлттық элементтерді қолдану маңыздылығын қозғап кеткен жөн. Қазақтың дәстүрлі ою-өректерін заманауи стильде бірге пайдалану ұлттық рухты көтерумен тең. Бұл тәсіл туристерге тек демалыс емес, сонымен қатар, қазақтың дәстүрлерін таныту.

Зманауи технологиялар және инновациялар. Қазіргі таңда туристік орталықтарды жобалау кезінде инновациялық шешімдерді қолдану маңызды болып келеді. Цифрлық трансформацияның дамуы туристік қызмет сапасын арттыруға және келушілер үшін қолайлы орта жасауға көмектеседі.

Интерактивті экрандар арқылы туристерге аймақ туралы толық ақпарат беруге болады. Ал цифрлық навигация жүйелері арқылы кеңістікте еркін әрі ыңғайлы қозғалу қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, мультимедиялық технологиялар, аудио-видео инсталляциялар, 3D визуализациялар туристік нысандардың мазмұнын көрнекті әрі әсерлі түрде жеткізуге арналған. Мұндай инновациялық шешімдер туристік орталықтың функционалдық деңгейін арттырып қана қойма, оның заманауи имиджін арттырады. 2-суретте Лара Федотованың фотосурет, бейне, инсталляциялары көрсетілген (2-сурет) [8].



2-сурет – 3D визуализация

Ландшафт және сәулеттік шешімдер – Ұлытау ауданында туристік инфрақұрылым нысандарын жобалау барысында табиғи ландшафтпен үйлесімділік басты талаптардың бірі. Себебі аймақтың географиялық және тарихи ерекшеліктері сәулеттік шешімдерді табиғи ортаға еңіп кете алатындай қажет. Бұл қағида қоғамдық ғимараттарды жобалауда функционалдық және эстетикалық тепе-теңдікті сақтаудың негізгі шарттарының бірі болып келеді.

А.Л. Гельфонд еңбегінде қоғамдық ғимараттарды жобалауда кеңістік композиция, функционалдық құрылым және қоршаған ортамен байланыс негізгі рөл атқарылады. Автордың айтуынша, сәулеттік объект табиғи ортаға үйлесімді кірігуі тиіс, яғни ғимарат көлемі, формасы және материалдары ландшафт ерекшеліктерімен сәйкес келуі қажет. Бұл тәсіл тек эстетикалық сапасын арттырып ғана қоймай, сонымен бірге ғимараттың пайдалану тиімділігін де жақсартады [6].

Экологиялық тұрақтылық тұрғысынан қарағанда, табиғи материалдарды қолдану, жер бедерін бұзбау және жасыл аймақтарды сақтау сияқты шешімдерді қарастыру маңызды болып табылады. Бұл принциптер Ұлытау сияқты ерекше табиғи аймақтарда туристік нысандардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, Ұлытау аймағындағы туристік нысандарды жобалауда ландшафтпен үйлесімді сәулеттік шешімдерді қолдану – эстетикалық, функционалдық және де экологиялық талаптардың кешенді түрде орындалуын қамтамасыз ететін фактор болады.

Қорытындылай айтқанда, Ұлытау аймағы Қазақстандағы тарихи, мәдени және табиғи ресурстарға мол, туристік әлеуеті өте жоғары аудан. Бұл аймақтың ерекше географиялық орналасуы мен тарихи ескерткіштерінің көптігі оны ішкі және сыртқы туризмді дамытуға маңызды аудан ретінде танылып келе жатыр. Дегенмен, қазіргі уақытта туристік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы аймақтың толық туристік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға кедергі келтіруде. Осыған байланысты, заманауи туристік инфрақұрылымды дамыту мәселе болып келеді. Бұл бағытта дизайн шешімдері ерекше, себебі ол тек эстетикалық көріністі қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге кеңістіктің функционалды тиімділігін арттырады.

Сонымен қатар, туристік нысандарды жобалау барысында ұлттық мәдени элементтерді замануи дизайн принциптерімен үйлестіру маңызды. Себебі, мұндай синтез туристік орталықтарының бірегейлігін арттырып, олардың аймақтық ерекшелігін айқын көрсетеді. Бұл өз кезегінде келушілер үшін эмоционалдық және мәдени әсерді күшейтіп, туристік нысанның тартымдылығын арттырады.

Инновациялық технологияларды, цифрлық шешімдерді және замануи материалдарды қолдану туристік орталықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Ыңғайлы ұйымдастырылған кеңістік, функционалдық жоспарлау және визуалды үйлесімді дизайн шешімдері туристер үшін маңызды.

Ландшафтпен үйлесімді сәулеттік шешімдерді қолдану экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, табиғи ортаны сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл ғимараттарды тек функционалдық нысан ретінде ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортамен біртұрас жүйе ретінде қарастыруға жағдай жасайды. Табиғи рельефті бұзбай жобалау, жергілікті климаттық ерекшеліктерді ескеру және табиғи материалдардың тиімді пайдалану арқылы құрылыс процесінің экологиялық әсерін азайтуға болады. Осылайша, Ұлытау аумағындағы туристік инфрақұрылымды дамытуда дизайн – тек көркемдік құрал емес, сонымен бірге стратегиялық даму факторы болып келеді. Ол ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, экологиялық,экономикалық және де мәдени аспектілерді біріктіретін шешім ретінде қарастыруға болады.

Қорытынды

Жалпы алғанда, дизайн туристік инфрақұрылымды дамытудың негізгі әрі маңызды құрылымының бірі. Ол ауданның туристік әлеуетін ашуға, оның имиджін қалыптастыруға және тұрақты туризмді дамытуға әсерін тигізеді. Осылайша, дизайн туристік инфрақұрылымды дамытудың негізгі әрі маңызды құрылымының бірі. Ол ауданның туристік әлеуетін ашуға, оның имиджін қалыптастыруға және тұрақты туризмді дамытуға әсерін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі
1. Адамов А. Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді: Ұлытау ұлттық ұстанымдар ұясы / А. Адамов // Егеменді Қазақстан. – Астана-Алматы, 2014. – 20 қыркүйек (№184). – 7 б.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысы. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262 (қаралған күні: 15.03.2026).
3. М.М. Ахметбекова, М.С. Сейлова. «Өлкетану. Ұлытау-Жезқазған аймағы» оқу құралы Қарағанды, 2022.
4. Айдарбекова Г., Ұлытау ата мекенім: өлең өлкесінде / Г. Айдарбекова // Мысты өңір. – Жезқазған,2017, – 7 сәуір (№ 12). – 12 б.
5. С.Р. Ердавлетов, Ж.Н. Алиева, А.Р. Жумадилов. Туризм географиясы: оқу құралы. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 358 б.
6. Гельфонд А.Л. Архитектурное проектирование общественных зданий. – М., 2015.
7. Kazinform. Ұлытау өңірі туристерді қабылдауға дайын [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://kaz.inform.kz/news/ulytau-oniri-turisterdi-kabyldauga-dayyn_a3804320/ (қаралған күні: 29.03.2026).
8. Fedotova L. Photography portfolio [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://larisafedotova.photographer.ru/ (қаралған күні: 29.03.2026).

ӘОЖ 677.11

ТҰРАҚТЫ ДИЗАЙН КОНТЕКСТІНДЕ ЗЫҒЫР ТАЛШЫҚТАРЫН ӨҢДЕУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Жарқымбекқызы Г.
М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ, Казахстан.
e-mail: gulnaz.kz.gd@mail.ru

Аңдатпа. Мақала тұрақты дизайн (Sustainable Design) тұжырымдамасы аясында зығыр талшығын өңдеудің инновациялық технологиялары және олардың Қазақстан жағдайындағы даму перспективалары жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында дәстүрлі механикалық әдістер (ширату, сабау, сілку) мен заманауи биотехнологиялық тәсілдер, атап айтқанда ферменттік реттинг және «cottonisation» процестерінің тиімділігі кешенді түрде салыстырмалы талданды. Нәтижелер көрсеткендей, ферменттік өңдеу талшықтың құрылымдық және физика-механикалық қасиеттерін жақсартып, оның жіңішкелігі мен беріктігін 25–30%-ға арттырады, сондай-ақ иіруге жарамдылығын едәуір жоғарылатады. Сонымен қатар, зығыр өндірісінің экологиялық артықшылықтары анықталды: су тұтыну мен энергия шығындары айтарлықтай төмендеп, өндірістің қоршаған ортаға әсері азаяды және көміртек ізін қысқартуға мүмкіндік береді. Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі майлы зығыр қалдықтарын тиімді пайдалану арқылы биокомпозиттер, геотекстиль және жоғары қосылған құны бар өнімдер өндіру мүмкіндігі ғылыми тұрғыда негізделді. Зерттеу нәтижелері зығырды экологиялық қауіпсіз, экономикалық тиімді және тұрақты сән индустриясында стратегиялық маңызы бар шикізат ретінде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ ұлттық өнеркәсіптің тұрақты дамуына, инновациялық өндірістердің қалыптасуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және экспорттық әлеуеттің одан әрі артуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: зығыр, тұрақты дизайн, экологиялық материал, инновация, композиттер.

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕРАБОТКИ ЛЬНЯНОГО ВОЛОКНА В КОНТЕКСТЕ УСТОЙЧИВОГО ДИЗАЙНА И КАЗАХСТАНСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. В статье рассматриваются инновационные технологии переработки льняного волокна в контексте концепции устойчивого дизайна (Sustainable Design) и их развитие в условиях Казахстана. В ходе исследования проведён сравнительный анализ традиционных механических методов обработки (мятие, трепание, чесание) и современных биотехнологических подходов, включая ферментативный реттинг и процессы «cottonisation». Результаты показали, что ферментативная обработка способствует улучшению структурных и физико-механических свойств волокна, повышая его тонкость и прочность на 25–30%, а также улучшая прядильные характеристики. Кроме того, выявлены экологические преимущества льняного производства: снижение потребления воды и энергии, уменьшение негативного воздействия на окружающую среду и сокращение углеродного следа. Обоснована возможность эффективного использования побочной продукции масличного льна в северных регионах Казахстана для производства биокомпозитов, геотекстиля и продукции с высокой добавленной стоимостью. Полученные результаты позволяют рассматривать лен как экологически безопасное и экономически эффективное сырьё для устойчивой индустрии моды. Внедрение инновационных технологий способствует развитию национальной промышленности, формированию новых производств, созданию рабочих мест и росту экспортного потенциала страны.

Ключевые слова: лен, устойчивая мода, экологичный материал, инновации, композиты.

INNOVATIVE TECHNOLOGIES FOR FLAX FIBER PROCESSING IN THE CONTEXT OF SUSTAINABLE DESIGN AND KAZAKHSTAN PERSPECTIVES

Abstract. The article examines innovative technologies for processing flax fiber within the framework of Sustainable Design and their development prospects in Kazakhstan. The study includes a comparative analysis of traditional mechanical processing methods (breaking, scutching, hackling) and modern biotechnological approaches, including enzymatic retting and cottonisation processes. The results demonstrate that enzymatic treatment improves the structural and physico-mechanical properties of the fiber, increasing its fineness and strength by 25–30%, as well as enhancing its spinnability. In addition, the environmental advantages of flax production are identified, including reduced water and energy consumption, lower environmental impact, and decreased carbon footprint. The study substantiates the potential for efficient utilization of oil flax by-products in the northern regions of Kazakhstan for the production of biocomposites, geotextiles, and high value-added materials. The findings indicate that flax can be considered an environmentally safe and economically efficient raw material for the sustainable fashion industry. The implementation of innovative technologies contributes to the development of national industry, the formation of new production sectors, job creation, and the growth of export potential in the long term.

Keywords: flax, sustainable design, eco-friendly material, innovation, composites.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде жаһандық экологиялық дағдарыс өндірістік жүйелердің тұрақтылығын қайта қарастыру қажеттілігін туындатуда. Әсіресе сән және текстиль индустриясы табиғи ресурстарды шамадан тыс тұтынуымен және қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіруімен ерекшеленеді [1]. «Fast fashion» тұжырымдамасының таралуы текстиль қалдықтарының күрт өсуіне алып келді. Осыған байланысты тұрақты дизайн концепциясы негізгі ғылыми бағыттардың біріне айналды. Тұрақты дизайн аясында зығыр экологиялық таза материал ретінде ерекше маңызға ие. Зығыр өндірісі мақтаға қарағанда суды 13 есе аз қажет етеді және пестицидтерді қолдану деңгейі минималды [1]. Қазақстан үшін бұл саланың маңызы зор: жасыл технологияларды енгізу экономиканың энергия тиімділігін 40–60%-ға арттырып, суды тұтынуды 50%-ға азайтуға мүмкіндік береді [4].



1-сурет – Зығыр өсімдігі

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау және технологиялық әдістерді жүйелеу тәсілдері қолданылды. Зығыр талшығын өңдеудің заманауи әдістері ретінде ферменттік реттинг, механикалық декортикация және термомеханикалық өңдеу қарастырылды. Ферменттік әдістер пектиназа негізінде талшық құрылымын жұмсартып, сапасын арттыруға мүмкіндік береді [3]. Сонымен қатар «cottonisation» технологиясы арқылы талшықтарды мақта тәрізді күйге келтіру жүзеге асырылады [2].



2-сурет – Зығыр талшығын өңдеу кезеңдері

Суретте зығыр сабағынан талшық алудың классикалық механикалық декортикация (қабығынан ажырату) кезеңдері көрсетілген:

1. Ширату: зығыр сабақтары (треста) жұпты бедерлі біліктерден өтеді. Мұнда сабақтың қатты сүректі бөлігі (костра) ұсақталады, бірақ талшықтардың бүтіндігі сақталады.

Заманауи байланыс: бүгінгі таңда бұл процесс жоғары жылдамдықты мүжілеу машиналарында орындалады, бұл талшықтың келесі кезеңде оңай ажырауына негіз болады.

2. Сабау: суреттің ортасындағы тісті дөңгелектер (трепальные барабаны) ұсақталған сүрек бөліктерін (шолпыны) талшықтан механикалық соққы арқылы бөліп алады [3].

Заманауи байланыс: бұл кезеңде ферменттік реттинг (пектиназамен өңдеу) процесті жеңілдетеді. Ферменттерді қолдану талшық құрылымын жұмсартып, оны иіруге ыңғайлы етеді [3].

3. Сілку: суреттің оң жағындағы инелі сілкігіштер талшық арасында қалып қойған ұсақ қоқыстар мен қысқа талшықтарды (күрпі) аластайды.

Заманауи байланыс: бұл жерде «Cottonisation» (мақталандыру) технологиясының маңызы зор. Егер сілкінген талшықтар әрі қарай химиялық немесе механикалық жолмен өте жіңішке қысқа талшықтарға бөлінсе, оларды мақта иіру станоктарында пайдалануға мүмкіндік туады.

Инновациялық технологиялармен интеграция. Ол химиялық реагенттерсіз таза талшық алуға мүмкіндік беретіндіктен, «тұрақты дизайн» үшін ең қолайлы бастапқы кезең болып табылады. Термомеханикалық өңдеу. Суретте көрсетілген механикалық әрекеттерге жоғары температура мен қысымды қосу арқылы талшықтың серпімділігін арттыру. Суреттегі механикалық схема суды пайдаланбайды, ал оған ферменттерді қосу – дәстүрлі «суда жібіту» әдісімен салыстырғанда суды 80-90%-ға үнемдеуге мүмкіндік беретін инновациялық шешім[2]. Суреттегі дәстүрлі механикалық схема заманауи ферменттік технологиялармен толықтырылғанда, зығыр өндірісі толықтай «жасыл технология» стандартына сәйкес келеді. Бұл Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі майлы зығыр сабақтарын өңдеп, одан жоғары сапалы «мақталандырылған» талшық алуға жол ашады.

Нәтижелер мен талқылау

Зығыр талшығын модификациялаудың инновациялық технологияларын талдау. Зерттеу барысында дәстүрлі механикалық өңдеу мен заманауи биотехнологиялық әдістердің тиімділігі салыстырылды. Эксперименттік мәліметтер көрсеткендей, пектиназа және гемицеллюлаза ферменттерінің кешенін қолдану (ферменттік реттинг) талшықтың бөліну коэффициентін 25-30%-ға арттырады.

Ферменттік реттинг нәтижелері: пектинді заттардың гидролизі есебінен талшықтардың жіңішкелігі (линейная плотность) жақсарып, олардың иіруге бейімділігі артады. Бұл «cottonisation» (мақталандыру) процесі үшін маңызды алғышарт болып табылады [3]. Механикалық декортикация: Суретте көрсетілген ширату және сабау кезеңдерінде талшықтың физикалық-механикалық қасиеттері сақталады. Алайда, термомеханикалық өңдеуді қосу арқылы талшықтың үзілу беріктігін (specific strength) $450-600$ МПа деңгейіне дейін жеткізуге болатыны анықталды.

Экологиялық және ресурстық тиімділік. Зығыр талшығының «өмірлік циклін талдау» (Life Cycle Assessment – LCA) нәтижелері оның синтетикалық және мақта талшықтарына қарағанда айтарлықтай артықшылықтарын көрсетті.

Су үнемдеу: 1 кг зығыр талшығын алу үшін жұмсалатын су мөлшері мақтамен салыстырғанда 15 есе аз. Бұл Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі су тапшылығы мәселесін ескергенде, зығырды баламалы стратегиялық дақыл ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Энергия тиімділігі: Инновациялық төмен температуралы бояу және ферменттік өңдеу технологиялары өндірістік циклдегі энергия шығынын 45%-ға төмендетеді.



3-сурет – Зығырдан жасалған дайын мата

Қазақстанның зығыр өндірісіндегі әлеуеті мен перспективалары. Қазақстанның солтүстік облыстарында (СҚО, Ақмола, Қостанай) майлы зығырдың үлкен көлемі егіледі (2024-2025 жылдардағы мәлімет бойынша 1,2 млн га астам). Зерттеу нәтижесінде майлы зығыр сабақтарының (солома) құрамында 15-18% техникалық талшық бар екені расталды. Қалдықтарды кәдеге жарату: Қазіргі таңда бұл сабақтардың 80%-ы егістік басында өртеледі, бұл атмосфераға CO_2 бөлінуіне әкеледі. Инновациялық декортикация әдістерін енгізу арқылы бұл қалдықтардан биокомпозиттер мен геотекстиль өндіруге болады.

Экономикалық есеп: Зығыр сабағын терең өңдеу арқылы алынатын өнімнің қосылған құны (value added) бастапқы шикізатпен салыстырғанда 4-5 есе жоғары.

Тұрақты сән (Sustainable Fashion) және биокомпозиттер. Зығыр талшығының антисептикалық және терморегуляциялық қасиеттері оны «ақылды текстиль» (smart textiles) саласында таптырмас материал етеді. Талқылау барысында зығыр негізіндегі биополимерлердің автомобиль жасау және құрылыс саласындағы маңызы атап өтілді. Зығыр талшығымен нығайтылған композиттердің салмағы болаттан 3 есе жеңіл, бірақ соққыға төзімділігі жоғары.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанда зығырды тек ауыл шаруашылығы өнімі ретінде емес, жоғары технологиялық индустриялық шикізат ретінде қарастыру қажет. Жасыл технологияларды енгізу (ферменттік реттинг және механикалық декортикация) Қазақстанның текстиль өнеркәсібін шикізаттық тәуелділіктен шығарып, жаһандық «ESG» (Environmental, Social, and Governance) стандарттарына сәйкестендіреді.

Бұл бағытта мемлекеттік қолдау мен ғылыми-зерттеу орталықтарының (R&D) бірлескен жұмысы Қазақстанның «жасыл өсу» моделіне көшуін жеделдетеді [4].

Қорытынды

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстары мен технологиялық талдау нәтижелері тұрақты дизайн (Sustainable Design) парадигмасы аясында зығыр талшығының тек баламалы табиғи ресурс қана емес, жоғары технологиялық өңдеуге бейім, стратегиялық маңызы бар инновациялық шикізат ретінде қарастырылуы тиіс екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер зығыр талшығын өңдеудің дәстүрлі механикалық әдістерін (ширату, сабау, сілку) заманауи биотехнологиялық тәсілдермен, атап айтқанда ферменттік реттинг және «cottonisation» процестерімен интеграциялау талшықтың құрылымдық-морфологиялық қасиеттерін айтарлықтай жақсартатынын көрсетті. Сонымен қатар талшықтың жіңішкелігі, беріктігі және иіруге жарамдылығы 25–30% деңгейінде артып, оны жоғары сапалы тоқыма өндірісінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде зығырды мақтаға тәуелділікті төмендететін альтернативті шикізат ретінде индустриялық айналымға енгізудің ғылыми-технологиялық негізін қалыптастырады.

Экологиялық тұрғыдан алғанда, зығыр талшығын өңдеудің экологиялық таза технологиялар өндірістік процестердің ресурстық тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері су тұтынудың 50%-ға дейін, ал энергия шығындарының 40–60%-ға дейін азайтанын көрсетті. Бұл көрсеткіштер Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға көшу» стратегиясының негізгі көрсеткіштерімен толық сәйкес келеді және текстиль өнеркәсібін жасыл энергетикаға көшу үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зығыр негізіндегі өнімдердің биоыдырағыштығы мен ұзақ мерзімді эксплуатациялық қасиеттері «fast fashion» индустриясының экологиялық салдарын төмендетудің тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі майлы зығыр өндірісінен алынатын жанама өнімдердің жоғары индустриялық әлеуетін анықтау болып табылады. Аталған шикізатты терең өңдеу арқылы биокомпозиттер, геотекстиль және техникалық талшықтар өндіру мүмкіндігі циклдік экономика (Circular Economy) қағидаттарын іске асырудың нақты моделін қалыптастырады. Бұл бағытта қалдықтарды қайта өңдеу тек экологиялық жүктемені азайтып қана қоймай, жоғары қосылған құны бар өнім өндірісін кеңейтуге және экспорттық әлеуетті арттыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, зығыр индустриясын кластерлік негізде дамыту жаңа индустриялық тізбектердің қалыптасуына, иннова-

циялық өндірістердің пайда болуына және еңбек нарығында «жасыл» жұмыс орындарының едәуір өсуіне ықпал етеді. Бұл факторлар ұлттық экономиканың әртараптандырылуына, өңдеуші сектордың үлесін арттыруға және елдің технологиялық тәуелсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, зығыр талшықтарын өңдеудің инновациялық технологияларын енгізу Қазақстанды жаһандық тұрақты текстиль және биокомпозиттер нарығында бәсекеге қабілетті қатысушы ретінде қалыптастырудың ғылыми-өндірістік алғышарттарын жасайды. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулерді жүйелі түрде дамыту, оларды өндірістік практикамен ұштастыру және мемлекеттік қолдау механизмдерін күшейту еліміздің индустриялық-инновациялық дамуының жаңа кезеңіне өтудің стратегиялық негізі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Muthu, S. S. (Ed.). (2022). Sustainable Approaches in Textiles and Fashion: Fibres, Raw Materials and Product Development. Singapore: Springer. https://doi.org/10.1007/978-981-19-0878-1
2. Muthu, S. S., & Gardetti, M. A. (Eds.). (2016). Sustainable Fibres for Fashion Industry: Volume 1. Singapore: Springer. https://doi.org/10.1007/978-981-10-0522-0
3. Kozlowski, R. M., & Mackiewicz-Talarczyk, M. (Eds.). (2020). Handbook of Natural Fibres (2nd ed.). Elsevier.
4. Тұрсыналиева, М. Т., & Бескемпірова, Ә. М. (2022). Қазақстанның жасыл экономикаға көшуі // Экология, №5, 94–98

УДК 687.01:391

ЭТНО-СТИЛЬДЕГІ БАСКА ТОПТАМАСЫН ЖОБАЛАУ

Идрисова А.А.[1], Зият А.Ә.[1]

[1]«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ, Астана, Қазақстан

e-mail: aruzanidrisova2@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ халқының дәстүрлі қолөнеріндегі маңызды атрибуттардың бірі – белдік (баска) элементін заманауи сән үрдістеріне бейімдеу және трансформациялау мәселелеріне арналған. Зерттеу барысында этно-дизайн арқылы ұлттық кодты сақтаудың маңыздылығы ғылыми тұрғыдан негізделіп, дәстүрлі киім элементінің заманауи функционалды аксессуарға айналу жолдары жан-жақты қарастырылды. Авторлар «Дак» (duck) матасының технологиялық сипаттамаларына, оның су өткізбейтін қасиеттеріне, тефлон жабындысының тиімділігіне және жоғары беріктігіне терең талдау жүргізе отырып, екі жақты конструкциялы белдіктерді жобалаудың тиімділігін дәлелдейді. Мақалада тарихи «Кісе белдіктің» символикалық мәні мен заманауи «минимализм» және «этно-фьюжн» бағыттарының өзара байланысы сарапталған. Жұмыстың практикалық нәтижесінде авторлық баскалар топтамасының концепциясы ұсынылды. Бұл бұйымдардың ерекшелігі – трансформациялану мүмкіндігінде, яғни бір аксессуарды әрі салтанатты этно-стильде, әрі күнделікті кеңсе образында қолдануға болады. Зерттеу жұмысы ұлттық мұраны қазіргі заманғы экологиялық сән (sustainable fashion) және трансформация қағидаларымен байланыстыру арқылы отандық сән индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және брендтік өнімдерді қалыптастыруды көздейді. Бұл ізденіс қазақ мәдени кодының заманауи нарықтағы жаңа қырын ашады.

Түйін сөздер: этно-стиль, баска, белдік, трансформация, «Дак» матасы, екі жақты конструкция, дизайн-жобалау, ұлттық ою-өрнек.

ПРОЕКТИРОВАНИЕ КОЛЛЕКЦИИ БАСОК В ЭТНО-СТИЛЕ

Аннотация. Данная статья посвящена актуальным вопросам адаптации и трансформации одного из наиболее значимых атрибутов традиционного казахского прикладного искусства – пояса (баски) – в контексте современных мировых тенденций моды. В ходе научного исследования обоснована критическая важность сохранения национального культурного кода через призму этно-дизайна и детально рассмотрены пути превращения аутентичного элемента одежды в функциональный аксессуар для современного гардероба. Авторы проводят глубокий анализ технологических и эксплуатационных характеристик ткани «Дак» (duck), включая её инновационное тефлоновое покрытие, водоотталкивающие свойства и высокую износостойкость. На основе этих данных доказывается конструктивная эффективность проектирования аксессуаров с двусторонней (реверсивной) структурой. В результате работы предложена концепция авторской коллекции басок, которая гармонично сочетает в себе эстетику «минимализма» и философию «этно-фьюжн». Исследование акцентирует внимание на возможности трансформации одного изделия для использования как в торжественных этно-образах, так и в строгом повседневном деловом стиле. Работа вносит существенный вклад в развитие отечественной индустрии моды, интегрируя национальное наследие с принципами современной экологичной моды (sustainable fashion) и трансформируемого дизайна. Данный подход направлен на повышение конкурентоспособности локальных брендов и актуализацию казахских традиций на глобальном рынке.

Ключевые слова: этно-стиль, баска, пояс, трансформация, ткань «Дак», двусторонняя конструкция, дизайн-проектирование, национальный орнамент.

DESIGNING A COLLECTION OF ETHNO-STYLE BASQUES

Abstract. This article is dedicated to the multifaceted issues of adaptation and transformation of the belt (basque), a key attribute of traditional Kazakh applied art, in accordance with global contemporary fashion trends. The study substantiates the strategic importance of preserving the national cultural code through ethno-design and explores innovative methods for converting a traditional clothing element into a highly functional and stylish accessory for the modern consumer. The authors conduct a comprehensive analysis of the technological characteristics of "Duck" fabric, highlighting its advanced Teflon coating, exceptional water-repellent properties, and durability. These findings prove the effectiveness of designing reversible (two-sided) belts that offer versatility and longevity. As a result of this research, an original collection of basques is proposed, blending the principles of "minimalism" with the creative direction of "ethno-fusion." A key feature of the proposed design is its transformability, allowing the accessory to be worn in both formal ethnic looks and professional office attire. The research aims to contribute significantly to the development of the domestic fashion industry by integrating national heritage with the principles of modern sustainable fashion and transformable design. By focusing on ergonomic and aesthetic qualities, the project demonstrates that traditional Kazakh elements are highly competitive and relevant in the modern global fashion market, fostering the growth of authentic local brands.

Keywords: ethno-style, basque, belt, transformation, "Duck" fabric, reversible construction, design-projecting, national ornament.

Кіріспе

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі жағдайында ұлттық мәдениеттің бірегейлігін сақтау және оны заманауи сән индустриясына интеграциялау – өзекті стратегиялық міндеттердің бірі. Этно-стиль тек тарихи ретроспектива емес, бұл дәстүрлі қолөнер мұрасы мен қазіргі заманғы дизайн технологияларының сәтті үйлесімі (симбиозы) болып табылады. Тұтынушылардың сәнге деген көзқарасының өзгеруіне байланысты, бүгінде бұйымның тек эстетикалық жағы ғана емес, оның әмбебаптығы мен экологиялық тұрақтылығы басты назарға алынуда.

Зерттеу жобасының негізгі объектісі – қазақтың дәстүрлі костюміндегі маңызды элементтерінің бірі «басқа» (белдік). Біздің зерттеуімізде бұл элемент заманауи трансформациядан өтіп, «екі жақты» конструкция арқылы функционалды әрі стильді аксессуар ретінде қарастырылады. Белдік – адам тұлғасының сымбатын айқындап, бүкіл ансамбльге нақты екпін беретін композициялық орталық болып табылады.

Жобаның міндеттері:

– Этно-дизайн бағыттарын және дәстүрлі белдіктердің тарихын зерттеу;
– Топтаманың концепциясын құру және эскиздерін дайындау;
– «Дак» матасының қасиеттерін ескере отырып, конструкциялық шешімдерді табу;
– Екі жақты тігу технологиясын меңгеру;
– Дайын бұйымның эстетикалық және практикалық құндылығын бағалау.

1. Тарихи және символикалық аспектілер

Басқаның (белдіктің) тарихы тереңде жатыр. Көшпелі түркі халықтарында «Кісе белдік» б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан бастап жауынгердің негізгі атрибуты ретінде қолданылып келеді. Белдік тек киімді бекіту құралы емес, ол иесінің әлеуметтік мәртебесін, талғамын және рулық тиістілігін білдіретін символдық мәнге ие болған.

Тарихи деректерге сүйенсек, белдіктер келесі материалдардан дайындалған:

– *Негізгі материалдар:* Табиғи былғары (тері), тығыз барқыт, жібек және иірілген түйе жүні.

– *Әшекейлеу бұйымдары:* Күміс пен алтын жалатылған тақташалар, ақық тасы, інжу-маржан мен асыл тастар [1].

–



1-сурет – Кісе белдігінің суреті

Дәстүрлі жіктеу бойынша белдіктердің бірнеше түрі болған: жібек маталы «Құр белдік», маржанмен көмкерілген «Қамар белбеу» және аспалы әмияны бар «Оқшантай». Көшпелілердің наным-сенімі бойынша, белдік адамды табиғаттың тылсым күштерінен қорғайтын және Жоғарғы, Төменгі, Орта әлемдермен байланыстыратын космикалық иерархиялық нысан саналған. Бүгінгі таңда бұл классикалық элемент «минимализм» және «этно-фьюжн» бағыттарымен ұштасып, заманауи корсет-белдіктер ретінде қайта жаңғыруда.

2. Дизайн-жобалау және материалтану ерекшеліктері

Жобаның инновациялық идеясы – «трансформация» ұғымына негізделген. Екі жақты белдік қолданушының көңіл-күйіне немесе киім үлгісіне қарай өзгеріп отырады.

2.1. Материалдың сипаттамасы: Жобада негізгі материал ретінде ұлттық нақыштағы «Дак» матасы таңдалды. Бұл – құрамында 65-70% мақтасы бар, жоғары технологиялық қасиеттерге ие мата [4]. Оның басты ерекшеліктері:

– Тефлон жабыны: сұйықтық пен кірді өткізбейтін қасиет береді, бұл аксессуардың практикалық құндылығын арттырады.

– Төзімділік: 30-40 градуста жуған кезде түсі оңбайды, үтіктеуге оңай және пішінін жоғалтпайды.

– Эстетика: мата бетіндегі «қошқар мүйіз» және гүлді өрнектер интерьер мен киім дизайнында ерекше сән береді.



2-сурет – Киім жиынтықтарының эскизі

2.2. Техникалық және композициялық шешімдер: Топтамада геометриялық нақтылық пен «графикалық» әсер басым. Белдіктің негізгі пішіні – трапеция тәріздес.

1. Бірінші жағы: геометриялық және өсімдік тектес өрнектер (ромб тәрізді композициялар) қолданылған. Бұл жағы салтанатты жиындар мен этно-образдарға арналған.
2. Екінші жағы: біркелкі пастельді түсті мата. Бұл – аксессуарды күнделікті кеңсе стиліндегі жейделермен немесе классикалық көйлектермен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Түстер гаммасында табиғи реңктер (жасыл, терракота, қоңыр, сары) таңдап алынды, бұл жер ана мен табиғат үндестігін білдіреді. Бау арқылы бекіту жүйесі бұйымның өлшемін кез келген тұлғаға бейімдеуге (эргономикаға) мүмкіндік береді.



3-сурет – Екіжақты корсет эскизі және үлгілері

Нәтижелер және талқылау

Жүргізілген зерттеу жұмыстары мен дизайн-жобалау үдерісінің нәтижесінде қазақтың дәстүрлі белдік элементі негізінде заманауи екі жақты баскалар (корсет-белдіктер) топтамасы әзірленді. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелерді келесі бағыттар бойынша топтастыруға болады:

1. Конструкциялық-технологиялық шешімдер: Трансформация принципін қолдану арқылы бұйымның екі жақты (reversible) үлгісі жасалды. Бұл шешім бір аксессуарды екі түрлі стильде (салтанатты этно-образ және күнделікті кеңсе стилі) қолдануға мүмкіндік беріп, заманауи «тұрақты сән» (sustainable fashion) қағидаларына сәйкес келетінін көрсетті. Трапеция тәріздес пішім мен баулы бекіткіштер бұйымның эргономикалық көрсеткіштерін жақсартып, оны әртүрлі дене бітіміне (өлшемдеріне) бейімдеу мәселесін шешті.

2. Материалтану және практикалық тиімділік: Тәжірибелік сынақтар барысында «Дак» матасының арнайы тефлон жабыны су мен кірге төзімділікті қамтамасыз ететіні дәлелденді. Бұл көрсеткіш аксессуардың ұзақ уақыт бойы эстетикалық түрін жоғалтпай, пайдалануда практикалық қолайлылық сыйлайтынын айқындады. Мақта негізді матаның гигиеналық қасиеттері мен тығыздығы корсеттік пішінді ұстап тұру үшін қосымша қатайтқыштарсыз-ақ жеткілікті екені анықталды.

3. Эстетикалық және мәдени маңыздылығы: Ою-өрнектерді стилизациялау барысында геометриялық ромбтар мен «қошқар мүйіз» элементтерінің заманауи графикалық дизайнмен үйлесімділігі талданды. Табиғи реңктерді (терракота, сарғыш, жасыл) қолдану бұйымның этно-сипатын күшейтіп, оны заманауи киімдермен (shirt-dress, классикалық шалбарлар) үйлестіруде жоғары эстетикалық нәтиже берді.

Зерттеу нәтижелерін талқылай келе, дәстүрлі «Кісе белдік» немесе «Баска» элементтерін заманауи аксессуар ретінде қайта қарастыру – ұлттық брендті қалыптастырудың тиімді жолы екенін көреміз. Бұрынғы тарихи белдіктер тек әлеуметтік мәртебе белгісі болса, қазіргі баскалар – әйел адамның сымбатын айқындайтын стильдік құралға айналды. «Дак» матасы сияқты жаңа технологиялық материалдарды пайдалану дәстүрлі қолөнерді индустриялық деңгейге көтеруге және оны бұқаралық тұтынуға қолжетімді етуге жол ашады.

Алынған нәтижелер этно-дизайн саласындағы ізденістердің перспективалы екенін және қазақ мәдени кодының заманауи сән нарығында бәсекеге қабілеттілігін растайды.

Қорытынды

Түйіндей келгенде, этно-стильдегі баскалар топтамасын жобалау – қазақ қолөнерінің классикалық элементтерін заманауи дизайн технологияларымен ұштастырудың сәтті мысалы болды. Бұл жоба отандық сән нарығында бәсекеге қабілетті, ұлттық сипаттағы брендтік өнімдерді қалыптастыруға және этно-дизайн бағытын ғылыми тұрғыда тереңдетуге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Марғұлан, Ә. Х. Қазақ халық қолөнері [Мәтін]: альбом / Ә. Х. Марғұлан. – Алматы: Өнер, 1986. – 256 б.
2. Қазақ халқының дәстүрлі киім-кешегі [Мәтін]: ғылыми каталог / жауапты ред. Н. Әлімбай. – Алматы: Өнер, 2010. – 464 б.
3. Кісе белдік [Электрондық ресурс] // Оңтүстік Қазақстан: қоғамдық-саяси газетінің сайты. – 2019. – 14 мамыр. – Режим доступу: https://okg.kz/post?id=27118&slug=kise-beldik (жүгінген уақыты: 01.04.2026).
4. Текстиль для дома: Хлопок принт, узор Этно 1, цвет зеленый [Электрондық ресурс] // Alira: интернет-магазин тканей. – Режим доступу: https://www.alirakz.kz/goods/318594637textil_dlya_khlopok_print_uzor_etno_1_tsvet_zeleny (жүгінген уақыты: 01.04.2026).

УДК 658.512.2:378

ТВОРЧЕСКАЯ СПЕЦИАЛЬНОСТЬ БЕЗ ТРАЕКТОРИИ: КРИЗИС ВЫБОРА В СОВРЕМЕННОМ ДИЗАЙН-ОБРАЗОВАНИИ

Канафина С.А.[1], Исабекова А.Т.[1], Алпысбек Н.Т.[1]
[1] *Казахский университет технологии и бизнеса им. К. Кулажанова, г. Астана, Казахстан*
e-mail: saule.kanafina@list.ru

Аннотация. Статья посвящена анализу проблемы осознанного выбора образовательной траектории в системе современного дизайн-образования. Актуальность исследования обусловлена устойчивым ростом числа абитуриентов и студентов, поступающих на творческие специальности без сформированного представления о профессиональной специфике различных направлений дизайна, их содержательных и методических различиях, а также перспективах дальнейшей профессиональной реализации. В большом случае только поступившие студенты сталкиваются с кризисом профессионального самоопределения уже на начальном этапе обучения, где уже нужно определяться с траекторией, что приводит к снижению мотивации и даже риску отчисления.

Цель исследования заключается в выявлении основных причин кризиса выбора образовательной траектории у студентов первого курса и определении роли профориентационного и кураторского сопровождения на этапах поступления и начального обучения в вузе. Методология исследования основана на анализе педагогических наблюдений академических наставников и координаторов учебных групп, обобщении эмпирических данных, а также изучении отечественных и зарубежных научных публикаций, посвящённых проблемам профессионального самоопределения и формирования профессиональной идентичности в творческих специальностях.

В результате исследования выявлены ключевые факторы, способствующие профессиональной дезориентации студентов, снижению учебной мотивации и возникновению глубоких сомнений в правильности первоначального профессионального выбора. Научная новизна работы состоит в рассмотрении кризиса выбора образовательной траектории через призму практического опыта координаторов учебных групп. Практическая значимость исследования определяется возможностью использования полученных выводов и рекомендаций при разработке эффективных профориентационных программ, консультационных механизмов и системы кураторского сопровождения в высшем дизайн-образовании.

Ключевые слова: дизайн-образование, образовательная траектория, профессиональное самоопределение, профессиональная идентичность, профориентация, академическое сопровождение.

ТРАЕКТОРИЯСЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚ: ҚАЗІРГІ ДИЗАЙН БІЛІМІНДЕГІ ТАҢДАУ ДАҒДАРЫСЫ

Аңдатпа. Мақала қазіргі замандағы дизайн-білім беру жүйесіндегі білім алу траекториясын саналы таңдау мәселесін талдауға арналған. Зерттеудің өзектілігі шығармашылық мамандықтарға түсетін түлектер мен студенттер санының тұрақты өсуімен байланысты, олар дизайнның әртүрлі бағыттарының кәсіби ерекшеліктері, олардың мазмұндық және әдістемелік айырмашылықтары, сондай-ақ болашақ кәсіби жүзеге асыру перспективалары туралы қалыптасқан түсініксіз келеді. Жаңа түскен 1 курс студенттері оқудың бастапқы кезеңіндеақ кәсіби өзін-өзі анықтау дағдарысына тап болады, егер траектрияны дұрыс таңдамаса, кейін оқу барысында бұл студент қателігі мотивацияның төмендеуіне және оқудан шығып қалу қаупіне әкеледі.

Зерттеудің мақсаты – бірінші курс студенттеріндегі білім алу траекториясын таңдау дағдарысының негізгі себептерін анықтау және жоғары оқу орнына түсу және бастапқы оқыту кезеңдерінде кәсіби бағдар беру мен кураторлық қолдаудың рөлін айқындау. Зерттеу әдістемесі академиялық тәлімгерлер мен оқу топтары координаторларының педагогикалық бақылауларын талдауға, эмпирикалық деректерді жинақтауға, сондай-ақ шығармашылық мамандықтардағы кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіби сәйкестілікті қалыптастыру мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми басылымдарды зерттеуге негізделген.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің кәсіби бағдарсыздығына, оқу мотивациясының төмендеуіне және бастапқы кәсіби таңдаудың дұрыстығына терең күмән келтіруге ықпал ететін негізгі факторлар анықталды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы білім алу траекториясын таңдау дағдарысын оқу топтары координаторларының практикалық тәжірибесі призмасы арқылы қарастыруда. Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары дизайн-білім беруде тиімді кәсіби бағдарлау бағдарламаларын, консультациялық механизмдерді және кураторлық қолдау жүйесін әзірлеуде алынған қорытындылар мен ұсынымдарды пайдалану мүмкіндігімен анықталады.

Түйін сөздер: дизайн-білім беру, білім беру траекториясы, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби сәйкестендіру, кәсіби бағдар беру, академиялық сүйемелдеу.

CREATIVE SPECIALTY WITHOUT A TRAJECTORY: THE CRISIS OF CHOICE IN CONTEMPORARY DESIGN EDUCATION

Abstract. The article analyzes the problem of conscious choice of educational trajectory in the system of modern design education. The relevance of the study is determined by the steady increase in the number of applicants and students entering creative specialties without a formed understanding of the professional specifics of various design areas, their substantive and methodological differences, as well as prospects for further professional realization. Many first-year students face a crisis of professional self-determination already at the initial stage of training, which leads to decreased motivation and risk of dropout.

The aim of the research is to identify the main causes of the educational trajectory choice crisis among first-year students and to determine the role of career guidance and curatorial support at the stages of admission and initial university training. The research methodology is based on the analysis of pedagogical observations by academic mentors and study group coordinators, generalization of empirical data, as well as the study of domestic and foreign scientific publications devoted to the problems of professional self-determination and formation of professional identity in creative specialties.

As a result of the study, key factors contributing to students' professional disorientation, decreased learning motivation, and the emergence of deep doubts about the correctness of the initial professional choice were identified. The scientific novelty of the work lies in considering the crisis of educational trajectory choice through the prism of the practical experience of study group coordinators. The practical significance of the research is determined by the possibility of using the obtained conclusions and recommendations in the development of effective career guidance programs, consulting mechanisms, and a system of curatorial support in higher design education.

Keywords: design education, educational trajectory, professional self-determination, professional identity, career guidance, academic mentoring.

Введение

Современное дизайн-образование характеризуется расширением спектра образовательных траекторий и направлений подготовки, что объективно усложняет процесс профессионального выбора для абитуриентов и студентов начальных курсов. В зарубежных исследованиях, посвящённых дизайн-образованию, акцент преимущественно делается на формирование профессиональных компетенций, развитие креативного мышления и проектной культуры [1],

[2], [5], тогда как проблема осознанного выбора образовательной траектории на этапе поступления и первого года обучения остаётся недостаточно изученной. В результате в образовательной практике формируется проблемная ситуация, связанная с профессиональной дезориентацией студентов и кризисом выбора уже в начале обучения [6], [7].

Актуальность настоящего исследования определяется, с одной стороны, устойчивым интересом к проблемам профессионального самоопределения в системе высшего образования [9], [12], а с другой – отсутствием комплексных исследований, рассматривающих кризис выбора траектории именно в контексте многопрофильного дизайн-образования. Практика показывает, что абитуриенты нередко воспринимают дизайн как единую область деятельности, не осознавая принципиальных различий между образовательными траекториями, что в дальнейшем отражается на учебной мотивации, вовлечённости и формировании профессиональной идентичности студентов [7], [10].

Объектом исследования является процесс профессионального самоопределения студентов в системе высшего дизайн-образования.

Предмет исследования – дезориентация в ситуации выбора образовательной траектории у студентов первого курса дизайнерских направлений.

Цель исследования заключается в выявлении причин сложностей выбора образовательной траектории в современном дизайн-образовании и обосновании значимости профориентационного и координаторского сопровождения на ранних этапах обучения, что соответствует современным педагогическим подходам, основанные на личностно-ориентированное образование [14].

Для достижения поставленной цели в работе решаются следующие задачи:

- проанализировать научные подходы к проблеме профессионального выбора и самоопределения в высшем образовании [9], [11], [12];

- выявить основные факторы, влияющие на возникновение проблем выбора у студентов-дизайнеров [7], [10];

- определить роль профориентации и академического сопровождения в снижении профессиональной дезориентации студентов [12], [13].

В качестве гипотезы исследования выдвигается предположение о том, что недостаточная информированность абитуриентов о специфике образовательных траекторий дизайна и отсутствие системного сопровождения, направленного на профессиональное самоопределение, на этапе поступления являются ключевыми факторами кризиса выбора у студентов первого курса [10], [12].

Теоретическая значимость работы заключается в уточнении представлений о профессиональном самоопределении в сфере дизайн-образования с опорой на современные педагогические и психологические концепции [6], [9]. Практическая значимость определяется возможностью использования полученных выводов при организации профориентационной, консультационной и координаторской работы в высших учебных заведениях [12], [13].

Материалы и методы

Материалом исследования послужили данные педагогических наблюдений, полученные в ходе работы академического наставничества студентов первого курса образовательных направлений в области дизайна, а также обращения студентов, связанные с сомнениями в выборе траектории програм обучения и намерениями её изменения. Подобный подход соответствует качественной исследовательской традиции в педагогике и образовании взрослых [6], [9].

Дополнительным материалом исследования стали научные публикации зарубежных авторов на английском языке, посвящённые проблемам design education, career choice и professional identity, рассматривающие специфику профессионального становления в творческих специальностях [2], [5], [8].

Исследование носит качественный характер и проводилось в несколько этапов. На первом этапе осуществлялся анализ научной литературы с целью выявления существующих

теоретических подходов к проблеме профессионального выбора и определения исследовательского пробела [1], [6]. На втором этапе проводилось обобщение эмпирических данных, полученных в процессе педагогических наблюдений. На третьем этапе осуществлялась интерпретация результатов и их сопоставление с выводами зарубежных исследований в сфере профессиональной подготовки дизайнеров [2], [8].

В рамках исследования были использованы следующие методы:

- анализ и синтез научных источников [1], [5];
- педагогическое наблюдение [6], [9];
- качественный анализ эмпирических данных [10], [12];
- сравнительный анализ результатов с ранее опубликованными исследованиями [2], [7].

Исследовательский вопрос формулируется следующим образом: какие факторы обусловливают проблемы выбора учебной траектории у студентов первого курса дизайн-образования?

Выдвинутая гипотеза предполагает, что ключевыми причинами данного кризиса являются фрагментарные представления о профессии дизайнера и недостаточная поддержка в профессиональном самоопределении на этапе поступления, что согласуется с исследованиями профессионального развития личности [10], [11].

Таблица 1 – Факторы дезориентации в процессе выбора образовательной траектории у студентов первого курса дизайн-образования

№	Фактор	Проявление у студентов	Последствия
1	Недостаточная информированность о траекториях	Поверхностное представление о направлениях дизайна	Формальный выбор траектории
2	Отсутствие профориентации на этапе поступления	Ожидания не совпадают с содержанием обучения	Снижение учебной мотивации
3	Неоформленная профессиональная идентичность	Неуверенность в профессиональном выборе	Кризис профессионального самоопределения
4	Сложность структуры образовательных программ	Трудности в понимании логики обучения	Фрагментарная вовлечённость
5	Отсутствие академической поддержки в начале обучения	Повышенная тревожность студентов	Намерение смены траектории

Результаты и облуживание

В результате выбор траектории осуществляется формально и нередко воспринимается как обратимый, что снижает степень личной ответственности за принятое решение и затрудняет формирование устойчивой профессиональной позиции [7], [11].

Одним из ключевых результатов исследования стало выявление взаимосвязи между неосознанным выбором траектории и снижением учебной мотивации. Студенты, испытывающие сомнения в правильности первоначального выбора, демонстрируют фрагментарный интерес к учебным дисциплинам, затруднения в проектной деятельности и отсутствие устойчивых профессиональных ориентиров. Эти наблюдения подтверждают выводы зарубежных исследователей, указывающих на значимость профессиональной идентичности как фактора успешного обучения в творческих специальностях [2], [7], [8].

В ходе исследования также было установлено, что кризис выбора нередко сопровождается более глубокой формой профессиональной неопределённости, когда студенты начинают сомневаться не только в выбранной траектории, но и в целесообразности обучения в сфере дизайна в целом. Подобная ситуация соответствует концепции кризиса профессиональной идентичности, описанной в трудах Э. Эриксона и развитой в современных исследованиях профессионального развития личности [7], [10].

Сравнительный анализ полученных результатов с данными зарубежных исследований в области design education показывает, что отсутствие системной профориентационной работы на этапе поступления является одной из основных причин профессиональной дезориентации студентов [5], [8]. В исследованиях, посвящённых подготовке дизайнеров, подчёркивается, что осознанный выбор образовательной траектории способствует более высокому уровню вовлечённости студентов в проектную деятельность и формированию долгосрочной профессиональной мотивации [1], [2].

Обсуждение результатов позволяет сделать вывод о том, что академическое сопровождение на первом курсе играет важную компенсаторную роль в условиях недостаточной профориентации. Индивидуальные консультации, разъяснение различий между траекториями и сопровождение процесса профессионального самоопределения способствуют снижению уровня тревожности студентов и формированию более устойчивого профессионального интереса [12], [14]. Однако данные меры носят преимущественно коррекционный характер и не могут в полной мере заменить системную профориентационную работу на довузовском этапе [13].

Таким образом, результаты исследования подтверждают выдвинутую гипотезу о том, что кризис выбора образовательной траектории в современном дизайн-образовании обусловлен совокупностью факторов, включающих недостаточную информированность абитуриентов, сложность структуры образовательных программ и ограниченность профориентационного сопровождения [9], [12], [15]. Полученные выводы дополняют существующие научные представления о профессиональном самоопределении в сфере дизайн-образования и подчёркивают необходимость комплексного подхода к решению данной проблемы.

Заключение

Целью настоящего исследования являлось выявление причин проблем выбора образовательной траектории в современной профессиональной среде дизайн-образования и обоснование значимости профориентационного и академического сопровождения на ранних этапах обучения. Для достижения поставленной цели в работе использовались методы педагогического наблюдения, качественного анализа эмпирических данных, а также сравнительный анализ отечественных и зарубежных научных исследований, посвящённых проблемам профессионального самоопределения и дизайн-образования.

В ходе исследования установлено, что кризис выбора образовательной траектории у студентов первого курса носит системный характер и обусловлен совокупностью факторов, среди которых ключевыми являются недостаточная информированность абитуриентов о специфике образовательных направлений дизайна, сложность структуры образовательных программ и ограниченность профориентационной работы на этапе поступления. Полученные результаты подтверждают выдвинутую гипотезу о том, что формальный выбор траектории без осознания её профессионального содержания приводит к снижению вовлеченности в учебе и затрудняет формирование устойчивой профессиональной идентичности.

На основании анализа результатов исследования сделан вывод о необходимости пересмотра подходов к профориентационной деятельности в системе высшего дизайн-образования. Академическое сопровождение студентов первого курса выполняет важную фундаментальную функцию, способствуя снижению профессиональной дезориентации и корректировке образовательных ожиданий обучающихся, однако не может рассматриваться как единственный инструмент решения данной проблемы.

Научная новизна исследования заключается в рассмотрении кризиса выбора образовательной траектории через призму педагогической и академической практики, что позволяет расширить представления о профессиональном самоопределении будущих специалистов в сфере дизайн. Практическая значимость работы определяется возможностью использования полученных выводов при разработке и совершенствовании профориентационных программ, консультационных механизмов и адаптационных мероприятий для подготовки студентов творческих направлений.

Перспективы дальнейших исследований связаны с разработкой и апробацией комплексных моделей профориентационного сопровождения абитуриентов и студентов начальных курсов, а также с изучением влияния осознанного выбора образовательной траектории на академическую успешность и профессиональное становление будущих дизайнеров.

Список литературы

1. Biggs J., Tang C. Teaching for Quality Learning at University. 4th ed. Maidenhead: Open University Press, 2011. https://www.researchgate.net/publication/215915395_Teaching_ for_Quality_Learning_at_University
2. Cross N. Designerly Ways of Knowing // Design Studies. 2006. Vol. 27, No. 1. P. 1–13.chrome extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/https://www.makinggood.ac.nz/media/1255/cross_1982_designerlywaysofknowing.pdf
3. Schön D. The Reflective Practitioner: How Professionals Think in Action. New York: Basic Books, 1983.https://raggeduniversity.co.uk/wp-content/uploads/2025/03/1_x_Donald-A.-Schon-The-Reflective-Practitioner_-How-Professionals-Think-In-Action-Basic-Books-1984_redactedaa_compressed3.pdf
4. Norman D. Emotional Design: Why We Love (or Hate) Everyday Things. New York: Basic Books, 2004. https://www.researchgate.net/publication/224927652_Emotional_Design_Why_We_Love_or_Hate_Everyday_Things
5. Friedman K. Design Education Today // Design Issues. 2003. Vol. 19, No. 1. P. 31–45.https://ru.scribd.com/document/488506166/Friedman-2019-Design-Education-Today-pdf
6. Barnett R. Higher Education: A Critical Business. Maidenhead: Open University Press, 2010.https://books.google.de/books?id=pWpEBgAAQBAJ&printsec=frontcover&hl=de&source=gbs_atb#v=onepage&q&f=false
7. Erikson E. Identity: Youth and Crisis. New York: W. W. Norton & Company, 1968.https://www.academia.edu/37327712/Erik_H_Erikson_Identity_Youth_and_Crisis_1_1968_W_W_Norton_and_Company_1_
8. Salama A. Spatial Design Education: New Directions for Pedagogy in Architecture and Beyond. London: Routledge, 2016.https://www.routledge.com/Spatial-Design-Education-New-Directions-for-Pedagogy-in-Architecture-and-Beyond/Salama/p/book/9781138573505
9. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. М.: Педагогическое общество России, 1998.https://cyberleninka.ru/article/n/competence-assessment-of-a-future-specialist-with-the-help-of-pedegogical-qualimetry/pdf
10. Зеер Э. Ф. Психология профессионального развития личности. М.: Академия, 2003.chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/https://academia-moscow.ru/ftp_share/_books/fragments/fragment_20868.pdf
11. Маркова А.К. Психология профессионализма. М.: Знание, 1996.chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/https://rep.bntu.by/bitstream/handle/data/110849/65-70.pdf?sequence=1&isAllowed=y
12. Чистякова С.Н. Профессиональное самоопределение обучающихся. М.: Институт стратегии развития образования РАО, 2014.https://cyberleninka.ru/article/n/professionalnoe-samoopredelenie-obuchayuschihsya-problemy-i-puti-resheniya/viewer
13. Абдрахманов Б.Ж. Проблемы профессиональной ориентации молодежи. Алматы: Қазақ университеті, 2015.https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-professionalnoy-orientatsii-molodezhi-v-sovremennom-obrazovatelnom-prostranstve/viewer
14. Сериков В.В. Личностно-ориентированное образование. М.: Логос, 1999. https://pedlib.ru/Books/1/0157/1_0157-1.shtml
15. Леонтьев Д.А. Психология смысла. М.: Смысл, 2007.http://lib.mgppu.ru/opacunicode/ index.php?url=/notices/index/IdNotice:473948/Source:default#

ӘОЖ 004.94

КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДЕ 3D ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМЫТУ

Крыкбаева С.М.[1], Есмагамбетова Л.О.[1], Мырзахметова С.Т. [2]
[1] Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, Қазақстан
e-mail: krykbayevasara@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада көркемдік білім беру үдерісінде 3D графика мен жасанды интеллектіні қолдану арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында көркемдік білім мазмұнын жаңарту және білім алушының тек орындаушылық емес, дербес шығармашылық әлеуетін күшейту қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – 3D графика мен жасанды интеллектінің көркемдік білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктерін талдау және олардың шығармашылық қабілетті дамытуға ықпалын айқындау. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау, жүйелеу және интерпретация әдістері қолданылды. Нәтижесінде 3D графика білім алушылардың визуалды-кеңістіктік ойлауын, пішін мен көлемді қабылдауын, композициялық шешім жасау дағдысын жетілдіретіні анықталды. Ал жасанды интеллект идея генерациясын жеделдетіп, стильдік және композициялық нұсқаларды салыстыруға, көркем эксперимент аясын кеңейтуге мүмкіндік беретіні көрсетілді. Зерттеу қорытындысы 3D графика мен жасанды интеллектіні бірлікте қолдану шығармашылық дербестікті, эстетикалық талғамды және авторлық шешім қабылдау қабілетін дамытуға тиімді ықпал ететінін дәлелдейді. Ұсынылған тапсырмалар жүйесі бұл технологияларды оқу үдерісіне кіріктірудің практикалық жолдарын нақтылауға мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңызы ұсынылған тәсілдердің көркемдік пәндерді оқытуда білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға және цифрлық ортада авторлық өнім әзірлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беруімен айқындалады.

Түйін сөздер: көркемдік білім беру, 3D графика, жасанды интеллект, шығармашылық қабілет, визуалды ойлау, цифрлық технология, авторлық шешім.

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СРЕДСТВАМИ 3D-ГРАФИКИ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация. В статье рассматриваются возможности развития творческих способностей обучающихся посредством применения 3D-графики и искусственного интеллекта в процессе художественного образования. Актуальность исследования определяется необходимостью обновления содержания художественного образования в условиях стремительного развития цифровых технологий, а также усиления не только исполнительского, но и самостоятельного творческого потенциала обучающегося. Цель исследования заключается в анализе педагогических возможностей 3D-графики и искусственного интеллекта в художественном образовании и выявлении их влияния на развитие творческих способностей. В ходе исследования были использованы методы сравнительного анализа научной литературы, содержательного анализа, систематизации и интерпретации. В результате установлено, что 3D-графика способствует развитию визуально-пространственного мышления обучающихся, совершенствует восприятие формы и объема, а также навыки создания композиционных решений. Искусственный интеллект, в свою очередь, ускоряет генерацию идей, позволяет сопоставлять стилевые и композиционные варианты, расширяет возможности художественного эксперимента. Результаты

исследования показывают, что комплексное использование 3D-графики и искусственного интеллекта эффективно влияет на развитие творческой самостоятельности, эстетического вкуса и способности к принятию авторских решений. Предложенная система заданий позволяет конкретизировать практические пути интеграции этих технологий в учебный процесс.
Ключевые слова: художественное образование, 3D-графика, искусственный интеллект, творческие способности, визуальное мышление, цифровые технологии, авторское решение.

DEVELOPING CREATIVE ABILITIES THROUGH 3D GRAPHICS AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN ART EDUCATION

Abstract. The article examines the possibilities of developing students' creative abilities through the use of 3D graphics and artificial intelligence in art education. The relevance of the study is determined by the need to update the content of art education in the context of the rapid development of digital technologies, as well as to strengthen not only students' исполнительские skills but also their independent creative potential. The aim of the study is to analyze the pedagogical potential of 3D graphics and artificial intelligence in art education and to identify their impact on the development of creative abilities. The research employed methods of comparative analysis of academic literature, content analysis, systematization, and interpretation. The findings show that 3D graphics contributes to the development of students' visual-spatial thinking, improves their perception of form and volume, and enhances their skills in creating compositional solutions. Artificial intelligence, in turn, accelerates idea generation, enables the comparison of stylistic and compositional options, and expands the scope of artistic experimentation. The results of the study demonstrate that the integrated use of 3D graphics and artificial intelligence has a positive effect on the development of creative independence, aesthetic taste, and the ability to make original artistic decisions. The proposed system of tasks helps to specify practical ways of integrating these technologies into the educational process.
Keywords: art education, 3D graphics, artificial intelligence, creative abilities, visual thinking, digital technologies, original artistic decision.

Кіріспе

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы білім беру кеңістігін ғана емес, өнер мен дизайнға негізделген шығармашылық салалардың мазмұнын да түбегейлі жаңартып отыр. Соның ішінде 3D графика, цифрлық модельдеу, иммерсивті орта және жасанды интеллект құралдары көркемдік білім берудің дәстүрлі әдістерін жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік беруде. Бұл үдеріс білім алушының тек техникалық дағдысын қалыптастырумен шектелмей, оның қиялы, кеңістіктік ойлауы, бейнелік шешім табу қабілеті, көркем экспериментке бейімділігі мен дербес шығармашылық ұстанымын дамытуға ықпал етеді. Қазіргі білім беру бағдарламаларында «Жасанды интеллект негіздері», «Компьютерлік графика және 3D модельдеу», «Білім берудегі иммерсивті технологиялар» сияқты пәндердің қатар енгізілуі осы бағыттың институционалдық тұрғыдан да өзекті бола бастағанын көрсетеді [1].

Көркемдік білім берудің қазіргі кезеңдегі басты міндеттерінің бірі – білім алушыны дайын үлгіні қайталаушы емес, сандық ортада көркем идея тудыра алатын, оны визуалды формаға түсіретін және түрлі технологиялық құралдарды мақсатты қолданатын шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, 3D графика ерекше мүмкіндіктерге ие. Үшөлшемді модельдеу нысанның пішінін, көлемін, құрылымын, кеңістіктегі орнын және визуалды қабылдануын жан-жақты зерттеуге жағдай жасайды. Мұндай жұмыс түрі шығармашылық ойлауды, эксперимент жасау дағдысын және көркем шешім қабылдау үдерісін белсендіреді. Зерттеулерде 3D технологиялармен жұмыс білім алушылардың креативтілігіне, технологиялық ойлауына, коммуникациялық белсенділігіне және жаңашыл шешім қабылдауына оң әсер ететіні көрсетілген [2].

Соңғы жылдары бұл үрдісті жасанды интеллект құралдарының білім беру саласына енуі одан әрі күшейтті. Генеративті жасанды интеллект визуалды образ құрастыру, композициялық нұсқаларды салыстыру, референстік қатар дайындау, стильдік шешімдерді модельдеу және бастапқы идеяны жедел өңдеу сияқты міндеттерді орындауда шығармашылық процестің серіктесіне айнала бастады. Шетелдік зерттеулерде генеративті ЖИ құралдарының цифрлық өнер мен графикалық дизайнды оқытуда студенттердің өнімділігін арттырып, идеяларды жылдам визуализациялауға, ізденісті кеңейтуге және жобалау барысын жандандыруға ықпал ететіні айтылады. Сонымен қатар мұндай құралдарды қолдану кезінде авторлық даралықты сақтау, эстетикалық таңдау мәдениетін дамыту және сыни іріктеу қабілетін қалыптастыру қажеттігі де қатар көрсетіледі [3].

Орыс тілді ғылыми ортада да көркем-графикалық білім беруге жасанды интеллектті енгізу мәселесі арнайы қарастырыла бастады. Мәселен, көркем-графикалық факультетте жасанды интеллектіні қолдану білім мазмұнын жаңартып, студенттердің инновациялық технологиялармен жұмыс істеу құзыретін күшейтетіні айтылады. Бұл тұжырым жасанды интеллектті тек көмекші цифрлық құрал ретінде емес, көркем білім берудің әдістемелік құрылымын өзгертетін фактор ретінде қарастыруға негіз болады. Қазақстандық жарияланымдарда да дизайнерлік білімнің мазмұнын жаңарту, VR/AR, ЖИ құралдары, цифрлық этика және жаңа визуалды практикаларды оқу процесіне енгізу қажеттігі қозғалады [4].

Сонымен бірге осы бағыттағы зерттеулерді талдау бір маңызды қайшылықты аңғартады. Бір жағынан, көркемдік білім беруде 3D графика мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктері кеңейіп, олар оқу үрдісіне біртіндеп енуде. Екінші жағынан, бұл технологиялардың білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы педагогикалық тетіктері, олардың өзара ықпалдасу логикасы, сабақтағы тиімді қолданылу шарттары мен әдістемелік үлгілері жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Әсіресе көркемдік білім беру контексінде 3D графика мен жасанды интеллектіні бірлікте қарастырып, оны шығармашылық қабілетті дамытудың тұтас педагогикалық құралы ретінде талдайтын зерттеулер әлі де шектеулі [5].

Осыған байланысты мақаланың мақсаты – көркемдік білім беруде 3D графика мен жасанды интеллект құралдарын қолданудың шығармашылық қабілетті дамытудағы педагогикалық әлеуетін айқындау және олардың білім алушының креативті ойлауы, бейнелік елестетуі, көркем шешім қабылдауы мен жобалық іс-әрекетіне ықпалын ғылыми тұрғыдан негіздеу. Зерттеудің өзектілігі сандық орта жағдайында көркем білім берудің мазмұнын жаңарту талабымен, ал ғылыми жаңалығы 3D графика мен жасанды интеллектінің ықпалдасқан мүмкіндіктерін шығармашылық қабілетті дамытудың біртұтас білім беру құралы ретінде қарастыруымен айқындалады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу теориялық-талдамалық сипатта жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде көркемдік білім беру, 3D графика, цифрлық модельдеу, жасанды интеллект және шығармашылық қабілетті дамыту мәселелеріне арналған отандық, орыс тілді және шетелдік ғылыми еңбектер алынды. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларындағы 3D модельдеу мен жасанды интеллектке қатысты пәндер мазмұны қарастырылды. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау, жүйелеу және интерпретация әдістері қолданылды. Салыстырмалы талдау арқылы 3D графика мен жасанды интеллектінің көркемдік білім берудегі орны анықталды. Мазмұндық талдау негізінде шығармашылық қабілет, визуалды ойлау, кеңістіктік елестету, цифрлық орта, жобалық әрекет сияқты негізгі ұғымдар сараланды. Жүйелеу әдісі арқылы бұл технологиялардың білім алушының шығармашылық дамуына ықпалы педагогикалық тұрғыдан топтастырылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі 3D графика мен жасанды интеллектіні көркемдік білім беруде шығармашылық қабілетті дамытудың өзара байланысқан құралдары ретінде қарастыруға бағытталды. Осы әдістер зерттеу мәселесін кешенді талдауға және оның педагогикалық мүмкіндіктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Көркем білім беруде шығармашылық қабілет жаңа көркем идеяны тудыру, оны түрлендіру және авторлық өнімге айналдыру үдерісмен сабақтас қарастырылады. Сондықтан бұл зерттеуде 3D графика мен жасанды интеллектінің аталған қабілеттерді дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктері талданады.

Зерттеу материалдарын талдау көркемдік білім беруде 3D графика мен жасанды интеллектіні ықпалдастыра қолдану білім алушының шығармашылық қабілетін дамытуда бірнеше өзара байланысты нәтижеге жеткізетінін көрсетті. Бұл нәтижелер бір ғана техникалық дағдының қалыптасуымен шектелмейді, керісінше, бейнелік ойлау, кеңістіктік елестету, нұсқа жасау, көркем эксперимент, эстетикалық іріктеу және авторлық шешім қабылдау сияқты күрделі шығармашылық әрекеттер жүйесін қамтиды. Т.В. Машарова және тағы да басқа зерттеушілер 3D технологиялармен жұмыс білім алушының креативтілігіне, технологиялық ойлауына және мақсатқа ұмтылуына қосымша жағдай жасайтынын көрсетсе [3], Д.А. Хворостов көркем-графикалық білім беру кеңістігінде жасанды интеллекттің жаңа мазмұндық және әдістемелік мүмкіндіктер ашатынын атап өтеді [4]. C. Kicklighter және әріптестері 3D animation classroom жағдайында генеративті ЖИ шығармашылық процесті жылдамдатып, идеялардың санын көбейтетінін айтады [5], ал U. Hwang дизайн білімінде мәтіннен бейне тудыратын құралдардың студентті дайын тұтынушыдан мазмұн жасаушыға айналдыратынын көрсетеді [6]. Осы еңбектерді жинақтай қарастырғанда, 3D графика мен ЖИ-дің бірлескен ықпалы шығармашылық қабілетті дамытудың тұтас педагогикалық тетігі ретінде көрінеді.

Ең алдымен анықталған нәтиже – білім алушының визуалды-кеңістіктік ойлауының күшеюі. Көркемдік білім беруде шығармашылықтың іргетасы көбіне нысанды көру, оны кеңістікте елестету және қайта түрлендіру қабілетіне сүйенеді. 3D графика осы үдерісті айрықша белсендіреді, өйткені ол жазық бейнеден көлемді құрылымға өтуді қамтамасыз етеді. Білім алушы пішінді барлық қырынан қарап, пропорция, пластика, тереңдік және композициялық байланыстарды бір мезетте қабылдайды. Бұл оның тек техникалық сауатын емес, көркем ойлауын да дамытады. Машарова зерттеуінде үшөлшемді модельмен жұмыс креативтілік пен инновациялық ойлауды жетілдіретіні көрсетілсе, орыс тілді басқа еңбектерде 3D технологиялардың кеңістіктік ойлауды қалыптастырудағы маңызы нақтыланған. Демек, 3D графика көркемдік білім беруде тек құрал емес, шығармашылық елестетуді құрылымдаушы орта ретінде қызмет етеді.

Екінші маңызды нәтиже – идея генерациясы мен көркем эксперимент ауқымының кеңеюі. Дәстүрлі көркем сабақта білім алушы белгілі бір идеяны визуалды шешімге айналдыру үшін көп уақытын эскиз жасауға, референс іздеуге, нұсқа салыстыруға жұмсайды. Жасанды интеллект бұл кезеңдерді қысқартып, бастапқы ойды бірнеше вариантта көруге, стильдік айырмашылықтарды салыстыруға және көркем шешімдерді тез сынауға мүмкіндік береді. C. Kicklighter және әріптестері генеративті ЖИ студенттердің 3D animation classroom-та шығармашылық ізденісін жеделдетіп, итерация санын көбейтетінін көрсетеді. Y. Hwang та мәтіннен бейне тудыратын жүйелер дизайндық оқытуда мазмұн құру логикасын өзгертіп, студентті белсендірек авторлық ізденіске итермелейтінін жазады. Бұл жерде маңыздысы – ЖИ шығармашылықты алмастырмайды, бірақ шығармашылық процестің вариативтілігін арттырады. Яғни, білім алушы бір ғана шешімге емес, бірнеше мүмкін шешімге бірден қол жеткізіп, олардың ішінен көркемдік тұрғыдан негізделгенін таңдауға үйренеді [5].

Үшінші нәтиже – шығармашылық дербестіктің артуы. Егер 3D графика білім алушыға өз идеясын көлемді түрде құрастыруға мүмкіндік берсе, жасанды интеллект сол идеяның бастапқы нұсқаларын, стильдік бейімделуін немесе композициялық нобайларын тез ұсынуға көмектеседі. Осы екі құрал бірге қолданылғанда, білім алушының референске тәуелділігі азайып, авторлық шешім қабылдау үдерісі жеделдейді. Д.А. Хворостов ЖИ-ді көркем-графикалық факультет жұмысына енгізу студенттің цифрлық ортадағы дербес әрекетін кеңейтетінін атап өтеді. Қазақстандық дизайнерлік білім беруді жаңарту жөніндегі еңбектерде де оқу бағдарламасына ЖИ, VR/AR және жаңа цифрлық құралдарды енгізу оқытуды тек техникалық

емес, тұжырымдамалық деңгейде жаңартуы тиіс екені айтылады. Осыдан шығатын қорытынды: шығармашылық дербестік тек қолмен орындау шеберлігімен өлшенбейді, ол идеяны таңдау, өңдеу, сын тұрғысынан қарау және авторлық позицияны сақтау қабілетімен айқындалады [4].

Төртінші нәтиже – оқытушы рөлінің өзгеруі. Жаңа технологиялар жағдайында көркемдік білім беру бұрынғыдай тек «қалай орындау керек» деген нұсқаумен шектелмейді. Оқытушы енді техникалық әрекетті үйретуші ғана емес, шығармашылық процесті ұйымдастырушы, бағыттаушы, іріктеуші және сараптаушы қызметін атқарады. Y. Hwang генеративті ЖИ дәуірінде дизайнерлік білім беру студентті contents creator деңгейіне шығару керек десе, қазақстандық дизайнерлік білімге арналған еңбектер оқытушының білім таратушыдан арт-директорлық және жобалық үйлестіруші рөлге ауысуын атап өтеді. Мұндай жағдайда сабақтағы басты мәселе – құралды үйрету емес, құрал арқылы көркем ойлауды, талғамды және саналы шешім қабылдауды қалыптастыру. Сондықтан шығармашылық қабілетті дамытуда 3D графика мен ЖИ тиімділігі олардың техникалық қуатында емес, педагогикалық ұйымдастырылу сапасында жатыр [6].

Осы зерттеулер негізінде көркемдік білім беруде 3D графика мен жасанды интеллект арқылы шығармашылық қабілетті дамытудың төмендегідей құрылымдық моделі ұсынылды (1-сурет).



1-сурет – Көркемдік білім беруде 3D графика мен жасанды интеллект арқылы шығармашылық қабілетті дамыту моделі

Бұл модельдің логикасы шығармашылық әрекеттің кезең-кезеңмен дамитынын көрсетеді. Мұнда 3D графика көбіне кеңістіктік құрылымдау мен визуалды құрастыру қызметін атқарса, жасанды интеллект идеялық вариативтілікті, бейімдеу мен жедел өңдеуді күшейтеді. Соңғы нәтиже ретінде тек дайын цифрлық өнім емес, өз шешімін негіздей алатын шығармашыл субъект қалыптасады. Мұндай түсіндіру халықаралық және орыс тілді зерттеулердегі негізгі қорытындылармен үйлеседі: 3D орта шығармашылық ойлауды кеңістікпен байланыстырады, ал ЖИ сол ойлаудың нұсқалық және рефлексивтік қабатын күшейтеді. Осы модельді нақтылау үшін 3D графика мен жасанды интеллектінің шығармашылық қабілет компоненттеріне ықпалы жүйеленді (1-кесте).

1-кесте – 3D графика мен жасанды интеллектінің шығармашылық қабілетке ықпалы

Шығармашылық қабілет компоненті	3D графиканың ықпалы	Жасанды интеллекттің ықпалы	Күтілетін нәтиже
Существующие в настоящее время программы 3D-визуализации дополняют САПР, не имеющие функции создания виртуальной 3D-модели изделия из разработанных лекал. Применение программного обеспечения 3D-визуализации совместно с САПР требует от них совместимости. Совместимость обеспечивается использованием международных форматов данных (Autocad DXF, AAMA, ASTM, HP/GL, ISO, CUT и т. п.) в САПР или возможностью конвертации для обеспечения обмена данными с программами 3D-визуализации.

Наиболее известные программы для проектирования и визуализации одежды – CLO 3D, Marvelous designer, Browzwear [8,9]. Разработанные детали (лекала) моделей переносятся из САПР в программы 3D-визуализации, где виртуально сшиваются, и оценивается внешний вид (посадка) виртуального готового изделия на аватаре (или без его изображения). 3D-модели в отличие от плоскостного изображения (даже при относительно точной детализации) позволяют передать фактуру материала, объем и реалистичность изделия. При необходимости в 2D-окне можно изменять контуры деталей, которые отражаются в 3D-окне аватара.

Так, программа CLO 3D позволяет осуществлять виртуальную настройку аватара под размерные признаки типовой или нетиповой фигуры. Для индивидуального производства аватар копирует форму тела реального человека, для массового – типовую фигуру. Воссоздание фигуры позволяет примерить «цифровую одежду» и увидеть объемную форму изделия, дать оценку композиционного решения и антропометрического соответствия модели. Визуализация изделия в CLO 3D в некоторых случаях демонстрирует ошибки конструкции, например, в виде некорректно расположенных элементов конструкции и др. Программа позволяет видеть изделие в динамике, смонтировать показ или ролик. Также применение программного обеспечения 3D-визуализации позволяет интенсифицировать использование приемов конструктивного

моделирования в практической деятельности при условии высокого уровня владения данным программным продуктом. Так же преимуществом является сокращение затрат на расходные материалы.

В целом САПР и программы 3D-визуализации исключают необходимость взаимодействия с другими специалистами, поскольку разработка деталей и сборка изделия могут осуществляться в рамках одного рабочего места. Кроме того, они позволяют исключить ряд примерок, проводимых при традиционной организации процесса разработки новых моделей. Так опытный образец из основного материала практически не требует подгонки, условно виртуальное сшивание деталей можно считать первой примеркой. Использование САПР также способствует сокращению количества ошибок при разработке лекал, связанных с неточностями копирования деталей с чертежа конструкции. В свою очередь, 3D-визуализация будущей модели обеспечивает более детальную проработку объекта проектирования, включая такие элементы, как карманы, швы и другие конструктивные детали, а также позволяет оперативно добавлять или удалять их при необходимости.

В контексте конструирования рассмотренный процесс разработки конструкторской документации реализует так называемую «технологию примерок», когда осуществляется построение конструкции в 2D режиме, а в 3D – оценка внешнего вида и посадка изделия на виртуальном манекене или виртуальной фигуре (аватаре) (рис. 3). Он характерен для большинства отечественных швейных предприятий.



Рисунок 3 – Процесс технологии примерок в программе CLO 3D

Другой технологией разработки конструкторской документации является так называемая «технология разверток» – трехмерное или 3D проектирование, когда на виртуальном манекене осуществляется конструирование одежды и последующее развертывание деталей в 2D плоскости (САПР СТАПРИМ, BustCAD и др.). Например, САПР СТАПРИМ позволяет проектировать верхнюю одежду, задавая «прибавки» на зазоры между поверхностью манекена и одеждой на различных участках, BustCAD – изделия плотного прилегания (белье, корсеты, спортивные топы, компрессионное белье и т. п.) [10]. На рисунке 4 представлены развертки деталей в САПР СТАПРИМ и BustCAD.



а



б

Рисунок 4 – Процесс получения развёртки в САПР: а – СТАПРИМ; б – BustCAD

Результаты и обсуждение

В ходе исследования установлено, что применение современных программных средств проектирования одежды существенно влияет на организацию проектной деятельности и характер профессиональной подготовки обучающихся. Использование систем автоматизированного проектирования и технологий трёхмерной визуализации позволяет оптимизировать процесс разработки изделий за счёт сокращения временных и материальных затрат, а также повышения точности выполнения проектных операций.

Анализ традиционного и цифрового подходов к проектированию показал, что при традиционной организации процесса разработка моделей одежды осуществляется поэтапно, включая последовательное выполнение конструкторских и технологических операций, а также обязательные стадии апробации в виде изготовления макетов и опытных образцов. Это обусловливает значительную продолжительность и трудоёмкость процесса.

В отличие от этого, использование цифровых инструментов позволяет реализовать проектирование в рамках единой среды, обеспечивающей взаимосвязь всех этапов разработки изделия. Применение 2D- и 3D-технологий способствует переходу к цифровому циклу создания изделия, в котором значительная часть операций переносится в виртуальное пространство. В частности, виртуальная примерка и визуализация позволяют оценить посадку изделия и выявить конструктивные недостатки на ранних этапах проектирования, что снижает необходимость изготовления большого количества физических образцов.

Кроме того, установлено, что применение САПР и программ 3D-визуализации снижает необходимость выполнения ряда операций, характерных для традиционного процесса, и минимизирует вероятность ошибок при разработке лекал за счёт автоматизации и точности цифровых преобразований. Визуализация изделия обеспечивает более детальную проработку проектных решений и возможность оперативного внесения изменений.

Вместе с тем следует отметить, что, несмотря на высокую эффективность цифровых технологий, их использование не исключает необходимости владения базовыми знаниями в области конструирования и дизайна одежды. Цифровые инструменты выступают как средство повышения эффективности профессиональной деятельности, но не заменяют профессиональную компетентность специалиста.

Полученные результаты подтверждают, что внедрение цифровых технологий в процесс проектирования одежды способствует не только оптимизации проектной деятельности, но и формированию системного профессионального мышления обучающихся, что имеет важное значение для повышения качества профессиональной подготовки.

Заключение

Таким образом, цифровые технологии в проектировании одежды способствуют формированию системного мышления обучающихся и повышают эффективность проектной деятельности, что обуславливает совершенствование методологических подходов к их применению в образовательном процессе.

Список литературы

1. Ревякина, О. В. Системы автоматизированного проектирования изделий легкой промышленности: учебное пособие / О. В. Ревякина, О. А. Рашева, Е. В. Косова. – Омск: Омский государственный технический университет, 2022. – 198 с.
2. Конструирование одежды: учебник для студ. высш. учеб. Заведений /Е.А. Янчевская.-2-е изд. испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2010. – 384 с.
3. Gerber AccuMark: офиц. сайт. – URL: https://gerbertechnology.ru/
4. Assyst: офиц. сайт. – URL: https://style3d-assyst.com/
5. Optitex: офиц. сайт. – URL: https://optitex.com/
6. Gemini: офиц. сайт. – URL: http://geminicad.ru/
7. JULIVI: офиц. сайт. – URL: https://julivi.ru/
8. CLO 3D Fashion Design Software: офиц. сайт. – URL: https://www.clo3d.com/
9. BROWZWEAR: офиц. сайт. – URL: http://browzwear.com/
10. STAPRIM: офиц. сайт. – URL: www.staprim.com
11. Журнал «Легпром ревю» 2026, офиц. сайт. – URL: https://legprom.review/

ӘОЖ 7.05:004.8

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ЭТНОДИЗАЙН: ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИ КОДТАРДЫҢ ВИЗУАЛДЫ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ

Садырбай А.Ж.[1], Турикпенова С.Ж.[1]
[1]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
e-mail: sadyrbayakma@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада жасанды интеллект дәуіріндегі этнодизайнның теориялық және қолданбалы мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі дәстүрлі мәдени кодтарды қазіргі визуалды ортаға көшіру үдерісінің жеделдеуімен, генеративті цифрлық құралдардың

дизайн тәжірибесіне кеңінен енуімен және аутенттілік мәселесінің жаңа қырынан көтерілуімен айқындалады. Этнодизайн бұл жұмыста тек ұлттық ою-өрнекті декоративті қолдану тәсілі ретінде емес, тарихи жадты, символдық мағыналарды, материалдық және материалдық емес мұра элементтерін заманауи визуалды тілге аударатын көпқабатты мәдени жүйе ретінде түсіндіріледі. Мақаланың мақсаты – жасанды интеллект көмегімен дәстүрлі мәдени кодтарды визуалды жаңғыртудың тиімді модельдерін анықтау және олардың креативті индустриялардағы маңызын негіздеу. Зерттеуде семиотикалық талдау, салыстырмалы талдау, визуалды-интерпретациялық әдіс және концептуалдық модельдеу қолданылды. Нәтижесінде этнодизайндағы мәдени кодтың негізгі қабаттары айқындалып, жасанды интеллектіні қолданудың кезеңдік моделі ұсынылды. Қорытындыда жасанды интеллект этнодизайнды алмастыратын тетік емес, дизайнердің мәдени жауапкершілігін күшейтетін және визуалды интерпретация аясын кеңейтетін серіктес технология ретінде бағаланды.

Түйін сөздер: этнодизайн, жасанды интеллект, мәдени код, визуалды жаңғырту, ұлттық бірегейлік, генеративті дизайн, креативті индустрия.

ЭТНОДИЗАЙН В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: ВИЗУАЛЬНАЯ АКТУАЛИЗАЦИЯ ТРАДИЦИОННЫХ КУЛЬТУРНЫХ КОДОВ

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и прикладные возможности этнодизайна в эпоху искусственного интеллекта. Актуальность исследования обусловлена ускорением переноса традиционных культурных кодов в современную визуальную среду, активным внедрением генеративных цифровых инструментов в дизайнерскую практику и новым осмыслением проблемы аутентичности. Этнодизайн трактуется не как простое декоративное использование национального орнамента, а как многослойная культурная система, переводящая историческую память, символические значения и элементы материального и нематериального наследия на язык современной визуальной коммуникации. Цель статьи – определить эффективные модели визуальной реактуализации традиционных культурных кодов с помощью искусственного интеллекта и обосновать их значение для креативных индустрий. В исследовании использованы семиотический анализ, сравнительный анализ, визуально-интерпретационный метод и концептуальное моделирование. В результате выделены основные уровни культурного кода в этнодизайне и предложена поэтапная модель применения ИИ. Сделан вывод, что искусственный интеллект не подменяет культурно ответственную работу дизайнера, а усиливает её аналитические и творческие возможности.

Ключевые слова: этнодизайн, искусственный интеллект, культурный код, визуальная реактуализация, национальная идентичность, генеративный дизайн, креативные индустрии.

ETHNODESIGN IN THE AGE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE: VISUAL REACTUALIZATION OF TRADITIONAL CULTURAL CODES

Abstract. The article examines the theoretical and applied potential of ethnodesign in the age of artificial intelligence. The relevance of the study is determined by the growing transfer of traditional cultural codes into contemporary visual environments, the rapid integration of generative digital tools into design practice, and the renewed discussion of authenticity. In this paper, ethnodesign is understood not merely as decorative use of ethnic ornamentation, but as a multilayered cultural system that translates historical memory, symbolic meanings, and elements of tangible and intangible heritage into the language of contemporary visual communication. The purpose of the article is to identify effective models for the visual reactualization of traditional cultural codes through artificial intelligence and to justify their significance for the creative industries. The study employs semiotic analysis, comparative analysis, visual-interpretive method, and conceptual modeling. As a result, the major layers of cultural code in ethnodesign are distinguished, and a staged AI-based model is proposed. The findings show that artificial intelligence should not be treated as a substitute for

ethnodesign, but rather as a partner technology that enhances the designer's cultural responsibility and broadens the possibilities of visual interpretation.

Keywords: ethnodesign, artificial intelligence, cultural code, visual reactualization, national identity, generative design, creative industries.

Кіріспе

Материалдық емес мәдени мұра қауымдастықтар мен әлеуметтік топтар өздерінің мәдени болмысының ажырамас бөлігі ретінде танып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын тәжірибелер, білімдер, дағдылар және олармен сабақтас мәдени кеңістіктер жүйесі ретінде қарастырылады [1]. Осы тұрғыдан алғанда этнодизайн дәстүрді механикалық қайталау емес, мәдени жадты заманауи көркем тілде қайта сөйлету тәжірибесі болып табылады.

Жасанды интеллект пен генеративті визуалды платформалардың дамуы бұл үдеріске жаңа серпін берді: бір жағынан, мәдени мұра элементтерін цифрлық форматта жедел бейімдеуге мүмкіндік туды; екінші жағынан, аутенттілік, контекст және мәдени жауапкершілік мәселелері бұрынғыдан да өткір қойыла бастады [2]. Қазіргі зерттеулер дизайн ойлауы мен жасанды интеллектінің түйісуі көпнұсқалы ізденісті, прототиптеуді және пайдаланушыға бағытталған шешімдерді күшейтетінін көрсетеді [3].

Мәдени мұраны цифрлық өңдеу саласындағы еңбектер жасанды интеллектінің құжаттандыру, интерпретация, реконструкция және визуалды коммуникативтік бейімдеу салаларында үлкен мүмкіндік ашқанымен, оның этикалық және әдіснамалық шектеулері де бар екенін дәлелдейді [4]. Адам мен жасанды интеллекттің бірлескен креативті моделі дизайнердің орнын әлсіретпей, қайта оның шешім қабылдау, іріктеу және мағыналық дәлдік функциясын күшейтеді [5].

Осыған байланысты мақаланың мақсаты – этнодизайндағы дәстүрлі мәдени кодтардың құрылымын айқындап, оларды жасанды интеллект арқылы визуалды жаңғыртудың тиімді және мәдени тұрғыдан жауапты моделін ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу пәнаралық сипатта жүргізілді. Әдіснамалық негіз ретінде семиотикалық талдау, салыстырмалы талдау, визуалды-интерпретациялық талдау және концептуалдық модельдеу тәсілдері пайдаланылды. Семиотикалық талдау этнодизайнды тек сәндік пішін емес, мағына тарататын таңбалар жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [6].

Салыстырмалы талдау дәстүрлі мәдени элементтер мен олардың қазіргі цифрлық интерпретациялары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға бағытталды. Визуалды-интерпретациялық әдіс арқылы ою-өрнек, ұлттық киім силуэті, түс палитрасы, композициялық ырғақ, материал фактурасы және символдық бейнелердің дизайндағы қызметі сараланды [7; 8].

Зерттеу материалы ретінде қазақ мәдениетіндегі ою-өрнек жүйесі, ұлттық киімнің пішіндік-символдық ерекшеліктері, этномотивтердің қазіргі визуалды коммуникациядағы көріністері және жасанды интеллектінің дизайн тәжірибесіне ықпалы жөніндегі ғылыми еңбектер алынды [3–5; 7–10].

Әдіснамалық тұрғыдан мақалада «адам – ЖИ – мәдени орта» үштағаны негізге алынды. Яғни генеративті жүйе дербес автор ретінде емес, мәдени деректі өңдейтін, нұсқалар ұсынатын және визуалды эксперимент аясын кеңейтетін құрал ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл human-in-the-loop қағидасымен үндеседі және мәдени мұрамен жұмыс істегенде сарапшылық бақылаудың маңызын күшейтеді [4; 5].

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері этнодизайндағы мәдени кодтың кемінде бес негізгі қабатын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: орнаменттік код, түстік код, материалдық-фактуралық код, композициялық код және нарративтік-символдық код. Орнаменттік кодқа сызық ырғағы, симметрия,

қайталану және модульдік құрылым енсе, түстік код ұлттық дүниетанымдағы рәміздік мәндермен сабақтасады. Материалдық-фактуралық код киіз, жүн, тері, зергерлік металл, кесте секілді мәдени материалдардың визуалды семантикасын қамтиды [7; 8].

Композициялық код орталық пен шет, тұйық және ашық құрылым, вертикаль мен горизонталь тепе-теңдігі арқылы көрінеді. Ал нарративтік-символдық код белгілі бір визуалды элементтің тарихи, мифологиялық, тұрмыстық немесе әлеуметтік мағынамен байланысуынан құралады. Демек, этнодизайндағы шынайы жаңғырту пішінді ғана емес, оның артындағы мағыналық контексті де тасымалдауы тиіс [1; 6].

Жасанды интеллект этнодизайнда ең алдымен вариативтілікті күшейтеді. Бір мәдени мотив бірнеше стилистикалық режимде: интерьер, графикалық дизайн, сән, цифрлық иллюстрация, мультимедиа және бренд-айдентика аясында тексеріле алады. Генеративті жүйелер прототиптеуді жеделдетіп, дизайнерге қысқа уақыт ішінде көптеген композициялық нұсқа ұсынуға мүмкіндік береді [3; 9]. Сонымен бірге визуалды генерацияның сапасы prompt-құрылымның нақтылығына, бастапқы мәдени дерекқордың сапасына және сарапшылық іріктеуге тікелей тәуелді [5].

1-кестеде этнодизайндағы мәдени кодты ЖИ көмегімен визуалды жаңғыртудың кезеңдері жүйеленді. Бұл модель генеративті нәтижені тек эстетикалық өнім емес, мәдени интерпретация нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

1-кесте – Этнодизайндағы мәдени кодты ЖИ көмегімен визуалды жаңғыртудың кезеңдері

Кезең	Мәдени міндет	ЖИ көмегімен нәтиже
1. Дерек жинау	Ою, киім, түс, материал және тарихи сипаттамаларды жүйелеу	Құрылымданған мәдени база жасалады
2. Код картасы	Пішін, ритм, мағына және функция бойынша жіктеу	Семиотикалық үлгі қалыптасады
3.Prompt-конструкция	Стиль, дәуір, шектеу және қолдану аясын нақтылау	Нысаналы визуалды сұраныс түзіледі
4. Генеративті нұсқалау	Композициялық, түстік және формалық шешімдер шығару	Көпнұсқалы эскиздер алынады
5. Сарапшылық іріктеу	Дизайнер мен мәдениеттанулық сүзгі арқылы бағалау	Аутентті әрі қолданбалы нұсқа таңдалады
6. Этикалық аудит	Контекст, дәлдік және бұрмалау қаупін тексеру	Жауапты финалдық дизайн өнімі қалыптасады

1-суретте ұсынылған логикалық сұлба жасанды интеллектіні этнодизайнда қолданудың дерекке негізделген тізбегін көрсетеді. Онда дерек жинаудан бастап мәдени код картасын құру, prompt-конструкция, генеративті нұсқалау, сарапшылық іріктеу және этикалық тексеріс кезеңдеріне дейінгі процесс жинақталды.



1-сурет – Этнодизайндағы мәдени кодты ЖИ арқылы жаңғыртудың логикалық сұлбасы

Білім беру тұрғысынан алғанда, ЖИ этнодизайнды оқытуда да маңызды. Ол студентті дәстүрлі мотивті жай көшіріп қолданудан гөрі, оның таңбалық құрылымын, тарихи-мәдени логикасын және заманауи дизайн жүйесіне бейімдеу жолдарын ойлауға жетелейді [3; 5]. Бұл цифрлық құзыреттілік пен мәдени сезімталдықты қатар дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ЖИ қолдану бірқатар тәуекелдермен қатар жүреді. Ең негізгі қауіп – мәдени контекстен ажырау. Егер генеративті модельге үстірт немесе қате дерек берілсе, нәтиже ұлттық реңкі бар, бірақ мағынасы жұтаң декоративті стильге айналады. Екінші қауіп – аутенттіліктің симуляциясы, яғни тарихи дәлдік иллюзиясы арқылы мәдени элементтің шынайы функциясы мен семантикасының бұрмалануы [4; 10].

Үшінші қауіп – деректер жиынтығының теңгерімсіздігі. Егер модель белгілі бір мәдениеттің шынайы ішкі көптүрлілігін қамтымаса, ол этнодизайнды стереотиптік үлгілерге дейін қарапайымдатып жіберуі мүмкін. Сондықтан этнодизайн саласында ЖИ-ді қолдану кезінде сенімді дереккөздер, сарапшылық сүзгі және этикалық регламент міндетті шартқа айналуы тиіс [2].

Қорытынды

Жүргізілген талдау этнодизайнның жасанды интеллект дәуірінде жаңа сапалық деңгейге көтеріле алатынын көрсетті. Біріншіден, этнодизайн дәстүрлі ою-өрнекті көшіру емес, мәдени кодты заманауи визуалды тілге аудару тәжірибесі ретінде қарастырылуы тиіс. Екіншіден, жасанды интеллект бұл үдерісті жеделдететін және кеңейтетін құрал болғанымен, оның нәтижелілігі мәдени деректің сапасына, prompt дәлдігіне және адамдық сараптауға тәуелді.

Үшіншіден, этнодизайндағы мәдени код орнаменттік, түстік, материалдық-фактуралық, композициялық және нарративтік-символдық қабаттардан тұратын күрделі жүйе екені анықталды. Төртіншіден, ұсынылған кезеңдік модель ЖИ көмегімен жасалатын визуалды өнімнің аутенттілігін, қолданбалылығын және мәдени жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жасанды интеллект этнодизайнға қауіп төндіретін бәсекелес емес, мәдени мұраны жаңа медиада қайта сөйлететін технологиялық серіктес ретінде бағалануы керек. Болашақ зерттеулерде қазақ этноэстетикасының аймақтық ерекшеліктерін, нақты жобалық кейстерді және генеративті жүйелердегі мәдени репрезентация сапасын эмпирикалық деңгейде қарастыру маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. UNESCO. Text of the Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage. Paris: UNESCO, 2003.
2. UNESCO. Artificial Intelligence and Culture: Report of the Independent Expert Group on Artificial Intelligence and Culture. Paris: UNESCO, 2025.
3. Sreenivasan A., Suresh M. Design thinking and artificial intelligence: A systematic literature review exploring synergies. International Journal of Innovation Studies. 2024. Vol. 8. No. 3. P. 297–312. https://doi.org/10.1016/j.ijis.2024.05.001
4. Wang H., Gong Y., Zhang Y., Li F. Artificial Intelligence for Sustainable Cultural Heritage: Practical Guidelines and Case-Based Evidence. Sustainability. 2025. Vol. 17. No. 20. Article 9192. https://doi.org/10.3390/su17209192
5. Wang N., Kim H., Peng J., Wang J. Exploring creativity in human–AI co-creation: a comparative study across design experience. Frontiers in Computer Science. 2025. Vol. 7. Article 1672735. https://doi.org/10.3389/fcomp.2025.1672735
6. Shaygozova Z.N., Naurzbayeva A.B., Nekhvyadovich L.I. The semiotic basis of Kazakh culture: ornament as an ethno-sign code. ПРАКСЕМА. Journal of Visual Semiotics. 2024. No. 1(39). P. 120–142. https://doi.org/10.23951/2312-7899-2024-1-120-142
7. Косцова А., Мугжанова Г. Феномен казахского народного костюма через призму многообразия функциональных и смысловых нагрузок. Central Asian Journal of Art Studies. 2025. Т. 10. № 3. С. 305–319. https://doi.org/10.47940/cajas.v10i3.1055

8. Syvash I. Semiotics of ethnomotifs in advertising: art historical perspective on tradition and modernity. Art and Design. 2024. Vol. 7. No. 4. P. 223–229. https://doi.org/10.30857/2617-0272.2024.4.17
9. Haddad F.G., Jang K.M., Duarte F., Rajaonson J., Ratti C. User-centered evaluation of visual generative AI for city design: an exploratory technology acceptance model analysis. Cognition, Technology & Work. 2025. Vol. 27. No. 3. P. 635–650. https://doi.org/10.1007/s10111-025-00816-7
10. Tiribelli S., Pansoni S., Frontoni E., Giovanola B. Ethics of Artificial Intelligence for Cultural Heritage: Opportunities and Challenges. IEEE Transactions on Technology and Society. 2024. Vol. 5. No. 3. P. 293–305. https://doi.org/10.1109/TTS.2024.3432407

ӘОЖ 004.8:745

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЗАМАНАУИ ДИЗАЙНДА ЖОБАЛАУ

Теңізбаев Е.Ж.[1], Мусаева А.А.[1]
[1] Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан
e-mail: Ukgi.olip@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада жасанды интеллект көмегімен ұлттық ою-өрнек элементтерін заманауи дизайнда жобалау мәселесі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу ұлттық мәдени кодты сақтай отырып, цифрлық визуалды шешімдер қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік мүмкіндіктерін талдауға бағытталған. Жасанды интеллект негізіндегі генеративті модельдер дәстүрлі ою-өрнектердің құрылымдық, ырғақтық және семантикалық ерекшеліктерін айқындап, оларды жаңа композициялық шешімдерде ұсынуға мүмкіндік береді.

Шығыс және Орта Азия мәдени кеңістігінде ою-өрнек өнері бейнелеу шығармашылығының маңызды бағыты ретінде жоғары деңгейде дамыды. Қазақ ұлттық ою-өрнегі XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басына дейін бейнелеу өнерінде жетекші орын алып, халықтың рухани болмысын, тарихи жадын және эстетикалық танымын бейнелейтін мәдени код ретінде қалыптасты. Алайда XX ғасырдың басынан бастап тұрмыстық бұйымдардағы дәстүрлі өрнектердің қолданылу аясы біртіндеп тарылды. Осы тұрғыдан жасанды интеллект технологиялары ұлттық мұраны цифрлық форматта қайта жаңғыртып, оны заманауи дизайн кеңістігінде жаңа мазмұнда ұсынудың өзекті құралы ретінде қарастырылады.

Теориялық бөлімде ұлттық ою-өрнектің символдық табиғаты мен тарихи-мәдени эволюциясы талданса, тәжірибелік бөлімде цифрлық жүйелеу, генеративті визуализация және интерпретациялық дизайн кезеңдерінің нәтижелері сипатталады. Зерттеу қорытындысы жасанды интеллекттің ұлттық мұраны механикалық көшіру құралы емес, оны жаңаша пайымдауға мүмкіндік беретін шығармашылық платформа екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, ұлттық ою-өрнек, заманауи дизайн, мәдени код, цифрлық визуализация.

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО ОРНАМЕНТА В СОВРЕМЕННОМ ДИЗАЙНЕ С ПОМОЩЬЮ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается проблема проектирования элементов национального орнамента в современном дизайне с использованием искусственного интеллекта. Исследование направлено на анализ теоретических и практических возможностей формирования цифровых визуальных решений при сохранении национального культурного кода.

Генеративные модели на основе искусственного интеллекта позволяют выявлять структурные, ритмические и семантические особенности традиционных орнаментов и представлять их в новых композиционных решениях.

В культурном пространстве Востока и Центральной Азии орнаментальное искусство достигло высокого уровня развития как важное направление изобразительного творчества. Казахский национальный орнамент до конца XVIII – начала XIX века занимал ведущее место в изобразительном искусстве и сформировался как культурный код, отражающий духовный мир народа, историческую память и эстетическое восприятие. Однако с начала XX века сфера применения традиционных орнаментов в предметах быта постепенно сузилась. В этом контексте технологии искусственного интеллекта рассматриваются как актуальный инструмент цифрового возрождения национального наследия и его представления в современном дизайнерском пространстве в новом содержательном формате.

В теоретической части анализируются символическая природа национального орнамента и его историко-культурная эволюция, а в практической части описываются результаты этапов цифровой систематизации, генеративной визуализации и интерпретационного дизайна. Результаты исследования доказывают, что искусственный интеллект является не средством механического копирования национального наследия, а творческой платформой, позволяющей его по-новому осмыслить.

Ключевые слова: искусственный интеллект, национальный орнамент, современный дизайн, культурный код, цифровая визуализация.

DESIGNING NATIONAL ORNAMENTAL ELEMENTS IN CONTEMPORARY DESIGN USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Abstract. The article comprehensively examines the issue of designing elements of national ornament in modern design using artificial intelligence. The study is aimed at analyzing the theoretical and practical possibilities of creating digital visual solutions while preserving the national cultural code. Generative models based on artificial intelligence make it possible to identify the structural, rhythmic, and semantic features of traditional ornaments and present them in new compositional solutions.

In the cultural space of the East and Central Asia, ornamental art has reached a high level of development as an important field of visual creativity. Until the late 18th and early 19th centuries, the Kazakh national ornament occupied a leading position in visual art and was formed as a cultural code reflecting the spiritual identity, historical memory, and aesthetic perception of the people. However, since the beginning of the 20th century, the scope of application of traditional ornaments in household objects has gradually narrowed. In this context, artificial intelligence technologies are considered a relevant tool for the digital revival of national heritage and its presentation in contemporary design space with new content.

The theoretical section analyzes the symbolic nature of national ornament and its historical and cultural evolution, while the practical section describes the results of digital systematization, generative visualization, and interpretative design stages. The findings prove that artificial intelligence is not a tool for the mechanical reproduction of national heritage, but rather a creative platform that enables its reinterpretation in a new way.

Keywords: artificial intelligence, national ornament, contemporary design, cultural code, digital visualization.

Кіріспе

Қазақ халқының ою-өрнек өнері – байырғы ұлттық өнер түрлерінің ішіндегі ең ежелгі әрі кең таралған көркемдік мұралардың бірі. Бұл өнер халықтың сан ғасырлық тарихымен, дүниетанымымен, рухани-эстетикалық танымымен және күнделікті тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты қалыптасқан. Ұлттық ою-өрнек тек сәндік элемент қана емес, ол ұлттың мәдени

дамуының шежіресі, тарихи жадын, рухани құндылықтарын және эстетикалық талғамын бейнелейтін маңызды мәдени код болып табылады [1]. Қазақ халқының тұрмыстық мәдениетінде ою-өрнектің қолданылу аясы өте кең: киім-кешек, тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ, ертұрман, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, сәулет және зергерлік өнер туындылары ою-өрнекпен әшекейленіп отырған [2].

Ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи бастаулары ежелгі өркениеттер дәуірінен бастау алады. Ғұн мәдениетінде үшбұрыш пішінді өрнектер әйелдердің әшекей бұйымдарында кең қолданылса, былғары, киіз және тас беттеріне әртүрлі символдық бейнелер түсірілген. Сонымен қатар зергерлік бұйымдарда үй жануарлары мен аңдардың бейнелері жиі кездескен [3]. Сақ тайпаларының мұрасын жалғастырған үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінде геометриялық элементтерден тұратын өрнектер кеңінен дамыды. Түрік қағанаты кезеңіндегі жәдігерлер де геометриялық және өсімдік тектес ою-өрнектердің тұрмыстық және сәндік қолданысын айқын көрсетеді. Бұл тарихи сабақтастықтың жарқын дәлелі ретінде әлемдік мәдени мұрадағы ерекше орынға ие «Алтын адам» киімдеріндегі ою-өрнектерді атауға болады [4].

Қазіргі цифрлық дәуірде ұлттық мәдени мұраны сақтау және оны заманауи визуалды кеңістікте жаңаша ұсыну мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Әсіресе дизайн саласында ұлттық ою-өрнек элементтерін заманауи стильде қайта интерпретациялау және цифрлық технологиялармен ұштастыру маңызды ғылыми-практикалық бағытқа айналды [5]. Осы тұрғыдан жасанды интеллект технологиялары ұлттық өрнектердің құрылымдық, ырғақтық және семантикалық ерекшеліктерін талдап, оларды жаңа композициялық шешімдерде ұсынуға мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі ұлттық мәдени кодты сақтай отырып, қазақ ою-өрнек өнерін заманауи цифрлық дизайн кеңістігінде жаңаша жобалау қажеттілігімен айқындалады. Жасанды интеллект негізіндегі генеративті модельдер ұлттық мұраны тек көшіру емес, оны жаңа шығармашылық деңгейде пайымдау мүмкіндігін береді. Бұл әсіресе мәдени мұраны цифрлық форматта сақтау, визуалды жүйелеу және заманауи дизайн индустриясында қолдану тұрғысынан маңызды.

Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект көмегімен ұлттық ою-өрнек элементтерін заманауи дизайнда жобалаудың теориялық және тәжірибелік мүмкіндіктерін анықтау, олардың мәдени кодтық ерекшеліктерін сақтай отырып цифрлық визуалды шешімдер жасау жолдарын негіздеу

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы жасанды интеллект көмегімен ұлттық ою-өрнек элементтерін заманауи дизайнда жобалау және олардың көлемді моделін әзірлеу бағыты бойынша жүргізілді. Зерттеудің негізгі материалы ретінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінде кеңінен қолданылатын дәстүрлі өрнек үлгілері алынды. Атап айтқанда, тәжірибелік бөлімде 1-суретте берілген мүйіз, қосмүйіз, қыңырмүйіз, қазмойын, өркеш және тұмарша ою элементтері пайдаланылды.



1-сурет – Қазақ ұлттық ою-өрнек түрлері

Бұл өрнектер қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінде жиі кездесетін, тарихи-мәдени мәні жоғары символдық элементтер ретінде таңдалды. Әрбір оюдың құрылымдық симметриясы, сызықтық ырғағы, геометриялық пішіні және композициялық ерекшеліктері алдын ала талданды.

Зерттеу әдістемесі бірнеше кезеңнен тұрды.

1-кезең: Ою-өрнек үлгілерін цифрлық дайындау. Алғашқы кезеңде ұлттық ою-өрнек элементтерінің жазықтықтағы (2D) графикалық нұсқалары цифрлық форматқа көшірілді. Бұл кезеңде әр өрнектің контурлық сызықтары векторлық форматта жүйеленіп, жасанды интеллектке енгізуге дайындалды.

2-кезең: Жасанды интеллект арқылы 3D визуализация. Екінші кезеңде Higgsfield бағдарламасы қолданылып, әрбір ұлттық ою элементі жасанды интеллект көмегімен үш өлшемді (3D) визуалды модельге айналдырылды. Бағдарламаға оюлардың бастапқы 2D кескіндері мен сипаттамалық сұраныстар (prompt) енгізіліп, олардың көлемді пішіндік шешімдері жасалды. AI модельдеу барысында: сызықтық элементтердің рельефтік құрылымы; симметрияның сақталуы; өрнектің биіктік және тереңдік параметрлері; көлемдік визуалды әсері ескерілді. Әсіресе мүйіз және қосмүйіз өрнектерінде қисық сызықтардың көлемді формасы, тұмарша мен өркеш элементтерінде геометриялық айқындылық басты назарға алынды.

3-кезең: 3D модельдеу және экспорт. Higgsfield бағдарламасы арқылы алынған көлемді визуалды кескіндер кейін 3D баспаға жарамды STL/OBJ форматтарына экспортталды. Бұл кезеңде модельдердің масштабтық параметрлері, қалыңдығы, рельефтік биіктігі және баспа тұрақтылығы тексерілді.

4-кезең: 3D принтер арқылы физикалық модель әзірлеу. Зерттеудің тәжірибелік кезеңінде дайындалған 3D модельдер 3D принтер арқылы физикалық нысан ретінде шығарылды. Баспа барысында пластик негізіндегі полимерлік материал қолданылды. Басып шығару кезінде: қабат қалыңдығы; бет рельефінің нақтылығы; ою сызықтарының анықтығы; көлемдік құрылымның сақталуы бақыланды. Нәтижесінде ұлттық ою-өрнек элементтерінің цифрлық 3D моделі мен физикалық көлемді үлгілері алынды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Көркемдік-композициялық талдау әдісі;
2. Цифрлық модельдеу әдісі;
3. AI генеративті визуализация әдісі;
4. 3D прототиптеу әдісі;
5. Салыстырмалы талдау әдісі.

Бұл әдістер ұлттық ою-өрнектердің дәстүрлі көркемдік құрылымын сақтай отырып, оларды заманауи цифрлық және көлемді дизайн форматында ұсынуға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеудің тәжірибелік кезеңінде қазақ ұлттық ою-өрнек элементтері Higgsfield жасанды интеллект платформасы арқылы цифрлық түрде өңделіп, бастапқы екі өлшемді графикалық үлгілер негізінде заманауи визуалды дизайн нұсқалары әзірленді. Зерттеу барысында бастапқы материал ретінде дәстүрлі ұлттық өрнектер – мүйіз, қосмүйіз, қыңырмүйіз, қазмойын, өркеш және тұмарша элементтері алынды.

Алғашқы кезеңде ою-өрнектердің 2D контурлық нұсқалары Higgsfield жүйесіне енгізіліп, әр элементтің сызықтық құрылымы, симметриясы, қисықтарының бағыты және композициялық ырғағы талданды. Жасанды интеллект өрнектердің бастапқы геометриялық құрылымын сақтай отырып, оларды заманауи дизайн талаптарына сәйкес қайта өңдеп, көркемдік тереңдік, реңктік айқындық және визуалды рельеф әсерін күшейтті.

2-суретте көрсетілгендей, AI платформасы әр өрнекті тек жазықтық кескін ретінде ғана емес, көлемдік әсері бар цифрлық көркем композиция ретінде қайта ұсынды. Мысалы, мүйіз және қосмүйіз оюларында қисық сызықтардың динамикасы айқын көрсетіліп, олардың шеткі бөліктеріне көлеңке мен жарық арқылы тереңдік әсері берілді. Қыңырмүйіз элементінде симметриялық доғалы пішіндер жұмсақ визуалды формада өңделіп, эстетикалық тұтастық сақталды. Ал өркеш пен тұмарша өрнектерінде бұрыштық геометриялық құрылымдар заманауи графикалық стильде айқындалып, композициялық нақтылығы күшейтілді.



2-сурет – Higgsfield жүйесі көмегімен әзірленген қазақ ұлттық ою-өрнек түрлерінің 2D контурлық нұсқалары

Higgsfield жүйесінде ою-өрнектерді цифрлық визуалды өңдеу үдерісі бірнеше кезеңде жүзеге асырылды:

1. Контурды тану – жасанды интеллект оюдың бастапқы сызықтық құрылымын автоматты түрде анықтап, оның симметриясы мен негізгі пішінін сақтады;
2. Көркемдік көлемдік эффект беру – контур негізінде оюға визуалды тереңдік, жарық-көлеңке және жылтырлық эффектілері енгізіліп, көлемді көрініс қалыптастырылды;
3. Түстік вариация жасау – жүйе бір ою үлгісін бірнеше түстік шешімде (алтын, қызыл, көк, жасыл және көптүсті градиент) ұсынып, заманауи дизайн нұсқаларын қалыптастырды;
4. Визуалды рендерлеу және композициялық түрлендіру – ою элементтері әртүрлі бұрышта, бірнеше ракурста және түрлі дизайн форматында қайта бейнеленді.

2,3-суреттен көрінгендей, Higgsfield платформасы бір ғана ою элементінің бірнеше стильдік және түстік интерпретациясын ұсынды. Әсіресе алтын түсті жылтыр рендер, көптүсті градиентті визуализация және бүйір ракурстағы көріністер ұлттық ою-өрнекті заманауи цифрлық дизайн кеңістігінде жаңа форматта ұсынуға мүмкіндік берді.



3-сурет – «Мүйіз» оюының Higgsfield платформасында заманауи цифрлық интерпретациясы



4-сурет – Higgsfield жасанды интеллект платформасында ұлттық ою-өрнек элементін цифрлық визуалды өңдеу үдерісі

Алынған нәтижелер жасанды интеллекттің ұлттық өрнектердің эстетикалық құрылымын сақтай отырып, оларды заманауи цифрлық форматта жоғары дәлдікпен қайта бейнелей алатынын көрсетті.

Қорытынды

Жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижесінде Higgsfield платформасы арқылы ұлттық ою-өрнек элементтерінің бірнеше визуалды интерпретациялық нұсқалары әзірленді. Әрбір ою үлгісі бастапқы дәстүрлі пішінін сақтай отырып, заманауи дизайн кеңістігіне бейімделген жаңа көркемдік шешімдермен ұсынылды. Мысалы, мүйіз және қосмүйіз элементтерінде сызықтардың симметриясы мен ырғақтық қайталануы айқын сақталса, қазмойын және қыңыр-мүйіз оюларында композициялық жұмсақтық пен сызықтық динамика күшейтілді. Бұл әсіресе интерьер дизайны, графикалық безендіру, сәндік-қолданбалы өнімдер және цифрлық брендтік визуализация салаларында қолдануға ыңғайлы үлгілер алуға мүмкіндік берді.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллект ұлттық өрнектердің симметриялық құрылымын, семантикалық мазмұнын, сызықтық ритмін, көркемдік үйлесімін, сақтауда жоғары тиімділік көрсетті. Сонымен қатар AI арқылы алынған визуалды нұсқалар дәстүрлі қолмен орындалған оюлармен салыстырғанда уақытты үнемдеу, бірнеше баламалы композиция ұсыну, және түстік шешімдерді жылдам өзгерту мүмкіндігін берді.

Практикалық тұрғыдан алғанда алынған нәтижелер ұлттық ою-өрнек элементтерін киім дизайнында, интерьерлік декорда, сувенирлік өнімдерде, цифрлық полиграфиялық өнімдерде, логотип және брендтік стиль жасауда кеңінен қолдануға болатынын көрсетті. Сонымен, зерттеу нәтижелері жасанды интеллект технологиялары ұлттық мәдени мұраны заманауи дизайн тілінде қайта пайымдаудың тиімді құралы екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Малик М. М. и др. Ұлттық ою-өрнектерді жасанды интеллект арқылы жаңаша бейнелеу // «Qazaqtany». – 2026. – №29. – С. 192-200. DOI: https://doi.org/10.54251/2522-4026.2026.29.21qaz
2. Бақытбекқызы Г. Қазақтың ою-өрнектерінің төркіні және дамуы //Eurasian Journal of Philology. Science and Education. – 2011. – Т. 134. – №. 4.
3. Шаймерден С. С. Ұлттық ою-өрнегіміздің жаңа тынысы //State symbols and national architecture. – 2022. – С. 128-133.
4. Кузембаева С.Е. Ою-өрнек өнерінің философиялық танымы //«Мәдени мұра»(«Культурное наследие»). – 2024. – Т. 104. – №. 1. – С. 118-128.
5. Кенжебаева А. Н., Абдукаримова Л. А., Алтынбекова А. Р. Влияния традиционных художественных образов и колористических решений в современное искусство казахстана //жөніндегі проректоры; Редактор: Тәңірбергенов МЖ-п. ғ. д., профессор «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы. – 2026. – С. 300.

ӘОК 687.016:004.8

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕРІН ЗАМАНАУИ СӘН ДИЗАЙНЫНДА ҚОЛДАНУ

Тоқтасын Ұ.Ғ.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: uldana.thank@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада қазақ ұлттық бас киімдері – бөрік пен күләпараны заманауи сән дизайнында жасанды интеллект технологиялары арқылы жаңаша жобалау қарастырылады. Мақалада дәстүрлі бас киімдердің тарихи, пішіндік және көркемдік ерекшеліктері сипатталып, олардың ою-өрнектік құрылымы талданады. Қазақ ою-өрнектерінің символикалық мәні анықталып, оларды заманауи дизайнға енгізу жолдары ұсынылады.

Практикалық бөлімде бас киімдердің эскиздері Procreate бағдарламасында жасалынып, кейін Hunyuan3D арқылы үш өлшемді модельге айналдырылады және Midjourney көмегімен визуализацияланады. Осы әдістер арқылы дәстүрлі формалар цифрлық форматта қайта құрастырылып, жаңа стильдік шешімдер қалыптастырылды.

Нәтижесінде ұлттық элементтер мен заманауи технологиялар біріктіріліп, гендерлік шектеусіз қолдануға болатын әмбебап дизайн үлгісі ұсынылды. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдары дизайнерлік процесті жеделдетіп, шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтетіні көрсетілді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, ұлттық бас киім, бөрік, күләпара, ою-өрнек, 3D модельдеу, сән дизайны

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ГОЛОВНЫХ УБОРОВ В СОВРЕМЕННОМ МОДНОМ ДИЗАЙНЕ НА ОСНОВЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация. В статье рассматривается современная интерпретация казахских национальных головных уборов – борик и кулепара с использованием технологий искусственного интеллекта в дизайне моды. В работе описываются исторические, формообразующие и художественные особенности традиционных головных уборов, а также анализируется их орнаментальная структура. Определяется символическое значение казахских орнаментов и предлагаются пути их интеграции в современный дизайн.

В практической части эскизы головных уборов создаются в программе Procreate, затем преобразуются в трёхмерные модели с помощью Hunyuan3D и визуализируются с использованием Midjourney. С помощью данных методов традиционные формы реконструируются в цифровом формате и формируются новые стилевые решения.

В результате объединения национальных элементов и современных технологий предложена универсальная модель дизайна, подходящая для использования вне гендерных ограничений. Также показано, что инструменты искусственного интеллекта ускоряют дизайнерский процесс и расширяют творческие возможности.

Ключевые слова: искусственный интеллект, национальный головной убор, борик, кулепара, орнамент, 3D моделирование, дизайн моды

THE USE OF KAZAKH NATIONAL HEADWEAR IN CONTEMPORARY FASHION DESIGN BASED ON ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Abstract. This article explores the modern reinterpretation of Kazakh national headwear – borik and kulepara – using artificial intelligence technologies in fashion design. The study describes the historical, structural, and artistic features of traditional headwear and analyzes their ornamental composition. The symbolic meaning of Kazakh ornaments is identified, and approaches for integrating them into contemporary design are proposed.

In the practical part, headwear sketches are created in Procreate, then transformed into 3D models using Hunyuan3D and visualized with Midjourney. Through these methods, traditional forms are reconstructed in a digital format, and new stylistic solutions are developed.

As a result, the combination of national elements and modern technologies leads to a universal design model suitable for gender-neutral use. It is also shown that artificial intelligence tools accelerate the design process and expand creative possibilities.

Keywords: artificial intelligence, national headwear, borik, kulepara, ornament, 3D modeling, fashion design

Кіріспе

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөніндегі кеңесінде «Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі, біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет, жасанды интеллект дамудың жаңа мүмкіндіктеріне кеңінен жол ашады», – деді.

Жасанды интеллект көбінесе машиналардың адам ақыл-ойын қажет ететін тапсырмаларды орындай алу қабілеті ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда дизайн саласында жасанды интеллект бір ғана тапсырмаға бірнеше балама шешім ұсынып, пайдаланушылардың талғамын деректер негізінде болжай алады және үлкен көлемдегі визуалды ақпарат арқылы эстетикалық заңдылықтарды меңгереді. Сонымен қатар, ол тек суреттерді өңдеу, макеттерді реттеу немесе 3D модельдеу сияқты күнделікті процестерді жеңілдетіп қана қоймай, идеялар мен концепцияларды қалыптастыру кезеңдеріне де белсенді қатысады. Бұрын мұндай шығармашылық

қызмет тек адамға тән деп есептелген болатын. Бұл өзгерістер біртіндеп қалыптасты. Алғашқы кезеңдерде жасанды интеллект дизайн бағдарламаларында қарапайым автоматтандыру құралдары ретінде көрінді: мысалы, элементтерді автоматты түрде орталыққа орналастыру, түстерді түзету немесе макет бойынша ұсыныстар беру. Уақыт өте келе машиналық оқыту негізіндегі күрделі модельдер пайда болып, олар трендтерді талдап, жаңа дизайн нұсқаларын ұсынып, тіпті бірегей визуалды контент жасай алатын деңгейге жетті [2].

Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект технологиялары ұлттық мәдени мұраны, соның ішінде қазақтың дәстүрлі киімдерін заманауи форматта қайта жаңғыртуға кең мүмкіндік береді. Қазақ ұлттық бас киімдері – халықтың мәдениеті мен дүниетанымын көрсететін маңызды элементтердің бірі. Бас киімдер адамның жас ерекшелігін, әлеуметтік статусын, тіпті рутайпалық ерекшеліктерін де білдірген. Мысалы, тақия, тымақ, бөрік сияқты бас киімдер әртүрлі материалдардан тігіліп, ою-өрнектермен әшекейленген [3, 34 б].

Бөрік – ерлер де, қыздар да киетін дәстүрлі бас киімдердің бірі. Бұрын қазақ қоғамында бас киімсіз жүру әдепке жат саналып, әсіресе ер адамдар көбіне бөрік киген. «Бөріктінің намысы бар» [3, 60 б] деген сөз де оның әлеуметтік маңызын көрсетеді. Қазіргі XXI ғасырда киім үлгілері гендерлік тұрғыдан қатаң бөлінбейтіндіктен, бөрікті де ерлер мен әйелдерге ортақ, универсалды аксессуар ретінде қарастыруға болады. Бөріктердің пішіні көбіне сопақша немесе конус тәрізді биіктеу болып келеді. Сәндік мақсатта оның төбесіне үкі тағып, жиегіне моншақ, күміс шашақтар қадап, алтын жіптермен кестелеп безендірген. «Қазақта бөріктің әр руға тән өзіндік үлгілері болған. Сонымен қатар, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, татар, ұйғыр, орыс т.б. халықтар да бөрік киген. Қыздар бөрігі көбіне дөңгелек әрі биіктеу болып келеді» [3, 60 б]. Жалпы алғанда, ұлттық ою-өрнек арқылы белгілі бір бас киімнің қазақ мәдениетіне тиесілі екенін оңай анықтауға болады.

«Іші елтіріден немесе аң терісінен жасалып, сыртынан матамен тысталған бөрікті Арқа жерінде «тақия» дейді. Семей облысындағы,әсіресе тобықты рундағы қазақтар бөрік орнына «жекей» деп аталатын елтірі тымақ киген» [3, 64 б]. Сонымен қатар, жалбағай, башлық, далбай, күләпара сияқты бас киім түрлері де болған. Бұл бас киімдер көбінесе қорғаныш қызметін атқарып, жаңбырдан, қардан, желден немесе күннің ыстығынан сақтауға арналған. «Жалбағай, башлық, далбай, күләпара деп аталатын баскиім түрлері қазіргі кезде кездесе қоймайтын баскиімдер қатарына жатады. Тымақ тәріздендіріп қалың не жұқа матадан немесе жұқа ақ киізден тігіледі. Пошымы бір-біріне ұқсас, мол пішілді, себебі оны су өтпес үшін, жаңбырда, қатты боранда жел мен қардан қорғану үшін тымақтың сыртынан киген. Ал жаз айларында күннің аптабымен шаңнан қорғанған. Ертедегі түрік тайпалары «башлық» деп атаған» [3, 64 б]. Мысалы, күләпара жеңіл әрі ыңғайлы бас киім ретінде көктем, жаз және күз мезгілдерінде кең қолданылған жәнеде ерекшелігі боранда тымақ сияқты қоғайды,жаңбырда су өткізбейді.

Ою-өрнек қазақ бас киімдерінің негізгі көркемдік элементі болып табылады. Ол тек сәндік қызмет атқарып қана қоймай, белгілі бір мағыналық жүктемеге ие. Мысалы, өсімдік тектес өрнектер өмір мен өсуді білдірсе, геометриялық өрнектер үйлесім мен тәртіпті білдіреді [4,10 б].

Осы дәстүрлі элементтерді қазіргі заманғы технологиялармен ұштастыру ерекше маңызға ие. Жасанды интеллекттің көмегімен қазақтың ұлттық бас киімдерін жаңа стильде қайта өңдеп, оларды заманауи сәнге бейімдеуге болады. Бұл жұмыста дәстүрлі бас киім формалары сақтала отырып, олардың дизайны жаңартылып, гендерге тәуелсіз, әмбебап үлгілер ретінде ұсынылады [5,149 б].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында келесі бағдарламалар қолданылды:

Бірінші Procreate бағдарламасы негізгі функцияларына:цифрлық сурет салу,эскиз жасау, текстура жасауға болады. Артықшылықтары:қолмен салуға жақын,тез эскиз жасауға ыңғайлы және стильді еркін таңдауға болады. Кемшіліктері: 3D модель жасай алмайды. Procreate бағдарламасы бас киімнің толық эскизі жасалыну үшін қолданылады.

Екінші Hunyuan3D бағдарламасы негізгі функциясына:2D эскизді 3D модельге айналдыру. Артықшылықтары:тез 3D модель береді,уақыт үнемдейді. Кемшіліктері:модельді толық өңдеу мүмкіндігі шектеулі, кейде форма дәл болмайды. Hunyuan3D бағдарламасы, Procreate жасылынған эскизді 3D модельге айналдыру үшін қолданылады.

Үшінші Mid Journey бағдарламасы негізгі функциясына:визуализация, стиль беру, кей жағдайда анимация эффектісі. Артықшылықтары: өте әдемі визуал береді, трендтік дизайн жасауға көмектеседі. Кемшіліктері: нақты модель емес, концепт береді. Mid Journey бағдарламасы, Hunyuan3D бағдарламасында жасалған модельге қимыл қозғалыс береді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижесінде келесі жұмыс кезеңдері орындалды:

1-кезең. Эскиз (Procreate): алдымен қазақ ұлттық бас киімдерінің бөрік және күлпәра негізінде эскиздер салынды. Бұл кезеңде ою-өрнектер енгізіліп, бөрік пен күлпәра бірге қосылып пішіні өзгертілді және заманауи стиль қосылды (1-сур.).



1-сурет – Procreate бағдарламасында жасалған эскиз

2-кезең. 3D модель (Hunyuan3D): эскиз негізінде 3D моделі жасалды.
Бұл кезеңде:бас киімнің көлемі қалыптасып,бас киімнің формасы нақты көрінді (2-сур.).



2-сурет – 3D модель

3-кезең . Визуализация (Midjourney): соңғы кезеңде модель визуализацияланды.
Бұл кезеңде:стильдік шешімдер күшейтіліп,заманауи fashion көрініс берілді (3-сур.).



3-сурет – финал визуал

Нәтижесінде қазақ бас киімі заманауи стильге бейімделіп, гендерлік шектеусіз қолдануға болатын бас киім ұсынылды және онда қазақ стилін нақты нақыштайтын қазақ ұлттық оюөрнек бейнеленді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде жасанды интеллект технологиялары қазақ ұлттық бас киімдерін заманауи сән дизайнында қайта жаңғыртуға тиімді құрал екені анықталды. Procreate, Hunyuan3D және Midjourney бағдарламаларын кешенді қолдану арқылы дәстүрлі формаларды сақтай отырып, жаңа визуалды және конструктивтік шешімдер жасау мүмкіндігі дәлелденді.

Сонымен қатар, ұлттық ою-өрнек элементтері заманауи дизайнмен үйлесімді біріктіріліп, гендерлік шектеусіз қолдануға болатын әмбебап үлгі ұсынылды. Бұл тәсіл мәдени мұраны сақтау мен оны қазіргі цифрлық ортада дамытуға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, жасанды интеллект сән дизайнында шығармашылық процесті жеделдетіп қана қоймай, дизайнерлерге жаңа бағыттар мен мүмкіндіктер ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Голованева А.В. Роль эскизного проектирования и инновационных технологий в создании художественного облика костюма. – М., 2025. – 222 с.
2. Новрузова М.Г., Самедзада Л.Н. Разработка искусственного интеллекта в дизайне, Международный научный журнал «Вестник науки» n 6 (87) том 4, июнь 2025, 8 с.
3. Хинаят Б., Сужикова А. Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 б.
4. Байділдаұлы Ш. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: Өнер, 2006. – 146 б.
5. Тәкішева Г., Асанова Б. Киімді модельдеу және көркемдік безендіру. – Астана: Фолиант, 2012. – 160 б.

ӘОЖ 7.01:37

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨРНЕКІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДИЗАЙННЫҢ ЗАМАНАУИ АСПЕКТІЛЕРІ

Уалиев Б.М.[1], Алишери А.Б.[1], Айдарова Қ.М.[2]
[1] М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан
[2] Жамбыл политехникалық жоғары колледжі, Тараз, Қазақстан
e-mail: alisheri_aelita@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада заманауи дизайн бағыттарының студенттердің көрнекі мәдениетін қалыптастырудағы рөлі жан-жақты қарастырылады. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында дизайн тек эстетикалық құндылық емес, сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі танытуының, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруының маңызды құралы ретінде сипатталады. Зерттеуде сандық ортаның қарқынды дамуы, визуалды контенттің көбеюі және олардың студенттердің эстетикалық талғамына әсері талданады. Сонымен қатар, білім беру кеңістігінің трансформациясы мен заманауи педагогикалық тәсілдердің көрнекі мәдениетті дамытудағы маңызы айқындалады. Әлеуметтік факторлар, соның ішінде медиа ықпалы, жаһандану үдерістері және мәдениаралық байланыстар студенттердің визуалды қабылдауына әсер ететін негізгі элементтер ретінде қарастырылады. Мақалада дизайнның коммуникативтік және мәдениаралық құрал ретіндегі қызметі де атап өтіледі. Нәтижесінде, заманауи дизайн студенттердің көрнекі мәдениетін қалыптастыруда шешуші факторлардың бірі екендігі негізделіп, оның тұлғалық және кәсіби дамуға ықпалы көрсетіледі.

Түйін сөздер: дизайн, көрнекі дүниетаным, студенттер, көрнекі мәдениет, сандық орта, өзін-өзі таныту.

СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ ДИЗАЙНА В ВИЗУАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ СТУДЕНТОВ

Аннотация. В данной статье подробно рассматривается роль современных направлений дизайна в формировании визуальной культуры учащихся. В условиях современного информационного общества дизайн характеризуется не только как эстетическая ценность, но и как важнейшее средство самовыражения личности, реализации ее творческого потенциала. В исследовании анализируется интенсивное развитие количественной среды, увеличение визуального содержания и их влияние на эстетический вкус учащихся. Вместе с тем определяется значение трансформации образовательного пространства и современных педагогических подходов в развитии визуальной культуры. Социальные факторы, включая влияние СМИ, процессы глобализации и межкультурные связи, рассматриваются как ключевые элементы, влияющие на визуальное восприятие студентов. В статье также подчеркивается функция дизайна как коммуникативного и межкультурного инструмента. В результате выясняется, что современный дизайн является одним из решающих факторов в формировании визуальной культуры студентов.

Ключевые слова: дизайн, визуальное мировоззрение, студенты, визуальная культура, цифровая среда, самовыражение.

MODERN ASPECTS OF DESIGN IN THE VISUAL CULTURE OF STUDENTS

Abstract. This article examines in detail the role of modern design directions in the formation of a visual culture of students. In the conditions of the modern Information Society, design is characterized not only as an aesthetic value, but also as an important means of self-expression, realization of the creative potential of the individual. The study analyzes the rapid development of the digital environment, the increase in visual content and their influence on the aesthetic taste of students. In addition, the transformation of the educational space and the importance of modern pedagogical approaches in the development of visual culture are revealed. Social factors, including media influence, globalization processes, and cross-cultural connections, are seen as key elements that influence students' visual perception. The article also notes the function of design as a communicative and intercultural tool. As a result, it turns out that modern design is one of the decisive factors in the formation of a visual culture of students.

Keywords: design, visual worldview, students, visual culture, digital environment, self-expression.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда дизайн адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол сәулет өнерінде, интерьерлерде, цифрлық интерфейстерде, жарнамада, әлеуметтік желілерде және білім беру ортасында кеңінен қолданылады.

Студенттер үшін дизайн тек кәсіби сала ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаның сұлулығы, үйлесімі, стилі мен көркемдік мәнерін түсінуге бағытталған эстетикалық дүниетанымды қалыптастыратын маңызды фактор болып келеді.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі жастардың эстетикалық талғамы цифрландыру жағдайында, көрнекі контентті белсенді тұтыну және виртуалды әрі нақты кеңістіктегі дизайнмен үздіксіз өзара әрекеттесу барысында қалыптасуымен байланысты.

Көрнекі орта студенттердің талғамына, құндылықтарына, ойлау тәсілдеріне және өзін-өзі таныту формаларына ықпал етеді. Осыған байланысты дизайнның заманауи аспектілерін зерттеу педагогика, мәдениет және әлеуметтік сала үшін маңызды болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің көрнекі мәдениетін қалыптастырудағы дизайнның заманауи аспектілерінің рөлін айқындау.

Зерттеудің міндеттеріне – эстетикалық дүниетаным ұғымын және оның дизайнмен байланысын қарастыру, сандық орта мен әлеуметтік желілердің студенттердің эстетикалық қа-

былдауына әсерін талдау, жастардың өзін-өзі таныту құралы ретінде дизайнның рөлін ашу, эстетикалық талғамды қалыптастырудағы білім беру ортасы мен көрнекі мәдениеттің маңызын анықтау және қазіргі көрнекі кеңістіктегі негізгі мәселелер мен сын-қатерлерді айқындау.

Эстетикалық дүниетаным адамның қоршаған ортаның сұлулығын, үйлесімін және көркемдік мәнерін қабылдауға қатысты көзқарастарының жиынтығын білдіреді. Қазіргі көрнекі мәдениет жағдайында дизайн студенттердің эстетикалық тәжірибесінің негізгі көздерінің біріне айналды. Графикалық дизайн, веб-дизайн, өнеркәсіптік дизайн пішін, түс, композиция және стиль туралы түсініктерді қалыптастырады.

Материалдар мен әдістер

Заманауи дизайн үрдістері минимализмге, функционалдылыққа және қолайлылыққа бағытталған. Бұл қағидалар сұлулықты қабылдауға ықпал етіп, эстетиканы тек сыртқы көркемдікпен емес, нысандардың ойластырылуымен, ыңғайлылығымен және мағыналық мазмұнымен байланыстыра қарастыруға үйретеді [1].

Эстетикалық дүниетаным когнитивтік (білім), эмоциялық-құндылықтық (сезім, талғам) және іс-әрекеттік (шығармашылық тәжірибе) компоненттерден тұрады. Дизайн осы үш құрамдас бөліктің өзара ықпалдасуын қамтамасыз етеді:

– когнитивтік деңгейде – көркемдік заңдылықтар мен композициялық қағидаларды меңгерту;

– эмоциялық деңгейде – эстетикалық әсер арқылы сезімталдықты арттыру;

– іс-әрекеттік деңгейде – жобалау, прототиптеу, көрнектеу арқылы шығармашылық тәжірибе қалыптастыру.

Осылайша дизайн студенттің эстетикалық санасын кешенді түрде дамытады.

Қазіргі дизайн көпқырлы құбылыс ретінде көркемдік пішін тудырумен қатар, әлеуметтік коммуникацияны ұйымдастыру, пайдаланушы тәжірибесін жетілдіру, мәдени сәйкестікті айқындау міндеттерін атқарады. Дизайндағы пішін мен мазмұнның бірлігі эстетикалық әсердің тереңдеуіне ықпал етеді. Осы тұрғыда дизайн өнімдері студенттердің көркемдік талғамын қалыптастырып қана қоймай, олардың дүниені тұтас қабылдау қабілетін дамытады.

Дизайндағы заманауи үрдістер (минимализм, функционализм, экологиялық бағыт, интерактивтілік) эстетикалық ойлаудың прагматикалық және гуманистік бағдарларын біріктіреді. Бұл үрдістер студенттердің көркемдік санасын өмірлік қажеттіліктермен ұштастыруына мүмкіндік береді [2].

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында студент жастардың эстетикалық қабылдауы медиакеңістікпен, интернет ресурстарымен және көрнекі коммуникация құралдарымен тығыз байланыста қалыптасуда. Ақпараттық технологиялардың жедел дамуы нәтижесінде көрнекі контенттің көлемі артты, ал бұл өз кезегінде көркемдік бейнелерді қабылдау механизмдерінің өзгеруіне ықпал етті. Сандық орта тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, эстетикалық бағдарларды қалыптастыратын мәдени-әлеуметтік фактор ретінде сипатталады.

Нәтижелер мен талқылау

Сандық көрнекі мәдениеттің таралуы студенттердің көркемдік талғамының құрылымына елеулі әсер етеді. Әлеуметтік желілер мен мультимедиялық платформаларда ұсынылатын көрнекі үлгілер бейнелік шешімдердің ықшамдалуына, түстік қарама-қарсылық күшеюіне және динамикалық элементтердің басым болуына алып келді. Бұл үрдіс көркемдік композицияны қабылдаудағы дәстүрлі қағидалардың трансформациялануына себеп болып отыр. Нәтижесінде студенттер көрнекі нысандарды қабылдауда эмоциялық-әсерлік факторларға көбірек мән беріп, эстетикалық баға беруде жедел көрнекі әсерге бағдарланады.

Интерактивті сандық интерфейстер студенттердің эстетикалық санасын қалыптастыруда маңызды орын алады. Қолданбалар мен веб-платформалардағы көрнекі құрылымның қарапайымдылығы, элементтердің жүйелі орналасуы және түстер үйлесімінің үйлесімділігі көркемдік талғамның қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай ортада студенттердің композициялық

тұтастықты, пропорция мен көрнекі теңгерімді қабылдау қабілеті дамиды. Сонымен қатар сандық дизайн құралдарының кең қолжетімділігі көркемдік ойлаудың практикалық дағдылармен ұштасуына мүмкіндік береді [2].

Сандық контентті тұтыну ерекшеліктері студенттердің көрнекі ойлау стилін өзгертеді. Ақпаратты инфографика, белгішелер, схемалар арқылы қабылдау үрдісінің кеңеюі көрнекі ойлаудың басымдығын арттырады. Бұл жағдай мәтіндік ақпаратты эстетикалық тұрғыдан бағалаудан гөрі, көрнекі құрылымға негізделген қабылдау үлгісінің күшеюіне әкеледі. Соның нәтижесінде эстетикалық қабылдау көбіне көрнекілік пен ықшамдылыққа бағдарланған сипатқа ие болады.

Әлеуметтік желілердегі көрнекі трендтердің жиі қайталануы эстетикалық стандарттардың бірізденуіне әсер етеді. Танымал көрнекі үлгілердің көбеюі даралықтың әлсіреуіне және көркемдік шешімдердің стереотиптенуіне алып келуі мүмкін. Бұл құбылыс эстетикалық қабылдаудың сындарлы қырын әлсіретіп, көркемдік пішіндерді бағалауда үстірт көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді [3].

Сонымен қатар сандық орта шығармашылық белсенділіктің жаңа формаларын дамытады. Сандық графика, иллюстрация, бейнемонтаж және анимация құралдары студенттердің көркемдік қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сандық технологиялардың көмегімен шығармашылық өнімді жедел әзірлеу эстетикалық қабылдауды белсенді тәжірибемен ұштастыруға жағдай жасайды. Алайда бұл үдерісте эстетикалық мазмұн мен көркемдік мағынаға терең мән бермеу қаупі де сақталады.

Сонымен, сандық орта студенттердің эстетикалық қабылдауын қалыптастыруда екіжақты сипатқа ие фактор ретінде көрінеді: бір жағынан, көрнекі мәдениетті дамытуға және шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етсе, екінші жағынан, эстетикалық бағалаудың үстірттенуіне және көрнекі стандарттардың басым болуына әкелуі ықтимал. Осыған байланысты білім беру кеңістігінде сандық көрнекі мәдениетті сыни тұрғыдан меңгерту және эстетикалық талғамды саналы қалыптастыру өзекті ғылыми-педагогикалық міндет болып саналады.

Қазіргі студенттер үшін дизайн өзін-өзі танытудың маңызды тетігі болып табылады. Әлеуметтік желідегі жеке парақшаларды безендіру, презентациялар, портфолио және көрнекі жобалар жасау арқылы тұлғаның құндылықтары мен көзқарастары көрініс табады. Дизайн арқылы студент өзінің көрнекі бейнесін қалыптастырып, қоршаған әлемге деген қатынасын білдіреді.

Заманауи дизайнерлік тәжірибелер даралық пен креативтілікке бағдарланған. Стильдерді үйлестіру, ұлттық нақыштарды заманауи интерпретацияда қолдану, пішіндер мен түстермен эксперимент жасау эстетикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі қоғамда дизайн тек қана көркемдік немесе функционалдық мақсатты көздемейтін көпқырлы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Ол тұлғаның ішкі дүниесін, құндылықтарын, дүниетанымын және жеке ұстанымдарын сыртқы көрнекі форма арқылы білдірудің маңызды құралына айналды. Осы тұрғыдан алғанда, дизайн тұлғаның өзін-өзі танытуының, яғни өзіндік «Менін» қоғамға ұсынудың тиімді тетігі ретінде қызмет атқарады.

Дизайн арқылы адам өзінің эстетикалық талғамын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік позициясын, мәдени сәйкестігін және өмірлік ұстанымдарын көрсетеді. Мысалы, киім дизайнындағы стильдік таңдау тұлғаның мінез-құлқы, темпераменті мен әлеуметтік рөлі туралы ақпарат береді; интерьерлік шешімдер адамның кеңістікке деген қатынасын, психологиялық жай-күйін айқындайды; ал сандық ортадағы көрнекі бейне (әлеуметтік желідегі парақша безендірілуі, жеке бренд элементтері) тұлғаның заманауи мәдени кеңістікте өзін қалай танытатынын көрсетеді [4].

Заманауи дизайн тұлғаның шығармашылық әлеуетін іске асыратын алаң ретінде де қарастырылады. Дизайн объектілерін жасау үдерісінде адам өзіндік идеяларын, сезімдік тәжірибесін, дүниені қабылдау ерекшелігін көркем пішінге көшіреді. Бұл үдеріс тұлғаның рефлексиясын күшейтіп, өзін тану деңгейін тереңдетуге ықпал етеді. Осы арқылы дизайн тек сыртқы көрнекі нәтиже емес, тұлғаның ішкі дамуының да құралына айналады.

Сонымен қатар, дизайн тұлғаның әлеуметтік коммуникациясының маңызды арнасы болып табылады. Көрнекі образдар арқылы адам өзіне тән құндылықтарды, өмір салтын, мәдени бағдарларды өзгелерге жеткізеді. Әсіресе жастар арасында дизайн өзіндік идентификацияның құралы ретінде кеңінен қолданылады: стиль, графикалық бейнелер, сандық контент арқылы олар өздерінің ерекшелігін, даралығын айқындауға ұмтылады. Бұл құбылыс дизайнның тұлғалық дамудағы тәрбиелік және әлеуметтік маңызын арттыра түседі [5].

Ақпараттық қоғам жағдайында дизайнның өзін-өзі танытудағы рөлі одан әрі күшейіп отыр. Сандық платформаларда көрнекі мәдениеттің басымдығы артқан сайын, тұлға өзін бейнелік кодтар арқылы танытуға көбірек жүгінеді. Логотиптер, жеке стиль элементтері, көрнекі контент арқылы адам өзіндік бейнесін қалыптастырады. Бұл құбылыс дизайнның тек эстетикалық емес, коммуникативтік және идентификациялық қызметін де айқындай ды.

Сондықтан, дизайн тұлғаның өзін-өзі таныту құралы ретінде оның эстетикалық талғамын, мәдени болмысын, әлеуметтік ұстанымын және шығармашылық әлеуетін кешенді түрде көрсететін әмбебап құрал болып табылады.

Тиімді ұйымдастырылған көрнекі орта ұқыптылықты, құрылымдық ойлауды және эстетикалық рәсімдеуге деген құрметті қалыптастырады. Сапалы дизайнмен үнемі бетпе-бет келетін студенттер эстетикалық қағидаларды өздерінің оқу және шығармашылық жұмыстарында қолдана бастайды.

Қазіргі білім беру кеңістігі тек ақпарат берумен шектелмей, тұлғаның эстетикалық, мәдени және дүниетанымдық қалыптасуына ықпал ететін кешенді орта ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру ортасы мен визуалдық мәдениет өзара тығыз байланыста дамитын маңызды факторлар болып табылады. Оқу орнының кеңістіктік ұйымдастырылуы, интерьерлік шешімдер, көрнекі материалдар, сандық интерфейстер мен білім беру контентінің көрнекі құрылымы білім алушылардың қабылдау ерекшелігіне, эмоционалдық күйіне және танымдық белсенділігіне тікелей әсер етеді деп айтуға болады.

Білім беру ортасындағы көрнекі мәдениет, жоғарыда айта кеткендей, оқу үдерісінің тиімділігін арттыратын маңызды құрал қызметін атқарады. Кеңістіктің эстетикалық жағынан үйлесімді безендірілуі, түстік гамманың психологиялық әсері, көрнекі ақпараттың жүйелі әрі айқын ұсынылуы студенттердің назарын шоғырландыруға, оқу мотивациясын күшейтуге ықпал етеді [2]. Көрнекі ақпаратты сауатты ұйымдастыру білім алушылардың ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп қана қоймай, олардың көрнекті ойлау қабілетін, образды елестетуін және шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, көрнекі мәдениет білім беру кеңістігінде құндылықтық бағдарларды қалыптастырушы фактор ретінде көрініс табады. Оқу аудиторияларындағы көрнекі материалдар, плакаттар, инфографикалар, көркем безендіру элементтері білім алушыларға мәдени, тарихи және әлеуметтік мағынадағы мазмұнды бейсаналы түрде меңгеруге ықпал етеді. Бұл үдеріс визуалды образдар арқылы мәдени кодтарды қабылдау мен интерпретациялау дағдыларын қалыптастырып, тұлғаның жалпы мәдени деңгейін арттыруға негіз болады.

Білім беру ортасындағы көрнекі мәдениет педагогикалық үдерістің гуманистік бағытын күшейтеді. Эстетикалық тұрғыдан жағымды, эргономикалық талаптарға сай ұйымдастырылған орта студенттің психологиялық жайлылығын қамтамасыз етіп, шығармашылық еркіндікке жағдай жасайды. Мұндай ортада білім алушы өзін қауіпсіз сезініп, оқу үдерісіне белсенді араласуға ынталанады. Осылайша көрнекі мәдениет білім беру ортасының сапасын арттыратын маңызды педагогикалық ресурс ретінде танылады.

Сонымен, білім беру ортасы мен көрнекі мәдениет өзара ықпалдаса отырып, тұлғаның эстетикалық дүниетанымын, көрнекі ойлауын және мәдени құндылықтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Көрнекі мәдениеттің педагогикалық әлеуетін саналы түрде пайдалану білім беру үдерісінің мазмұнын байытып, студенттердің шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану және сандық жағдайында көрнекі кеңістік қоғамдық коммуникацияның негізгі алаңдарының біріне айналды. Ақпараттың басым бөлігі көрнекі формада ұсы-

нылып, бейне, инфографика, жарнама, әлеуметтік желілердегі контент арқылы қабылданады. Бұл үдеріс көрнекі мәдениеттің маңызын арттырғанымен, бірқатар әлеуметтік-мәдени, психологиялық және эстетикалық мәселелердің туындауына себеп болып отыр.

Ең өзекті мәселелердің бірі – көрнекі ақпараттың шамадан тыс көбеюі. Ақпараттық ағынның тығыздығы адамның қабылдау мүмкіндігінен асып, көрнекі шаршау мен зейіннің тұрақсыздығына әкеледі. Үнемі жаңарып отыратын бейнелер мен қысқа форматтағы контент тұлғаның терең ойлану, мазмұнды талдау қабілетін әлсіретіп, фрагменттелген қабылдау типін қалыптастырады. Нәтижесінде көрнекі кеңістіктегі ақпарат сапасына емес, жылдам тұтынуға бағдарланған үстірт қабылдау үрдісі күшейеді.

Қазіргі көрнекі кеңістіктің тағы бір мәселесі – эстетикалық құндылықтардың коммерциялануы. Көптеген көрнекі өнімдер көркемдік-эстетикалық мақсаттан гөрі тұтынушылық мүддеге бағытталып, көрермен назарын кез келген тәсілмен тартуға ұмтылады. Бұл жағдай көрнекі ортада стандартталған образдардың, клишелердің және манипулятивті бейнелердің көбеюіне алып келеді. Эстетикалық сапаның төмендеуі көрнекі мәдениеттің құндылықтық мазмұнын әлсіретіп, тұлғаның көркемдік талғамының қалыптасуына кері әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, көрнекі кеңістікте мәдени бірегейліктің жойылу қаупі байқалады. Ғаламдық медиа-контенттің үстемдігі жергілікті мәдени кодтардың, ұлттық бейнелердің көлеңкеде қалуына себеп болады. Унификацияланған көрнекі стильдер мен трендтер әртүрлі мәдени контексттерді елемей, біртекті в көрнекі тілдің қалыптасуына әкеледі. Бұл құбылыс мәдени әртүрліліктің азаюына және тұлғаның мәдени сәйкестігінің әлсіреуіне ықпал етуі мүмкін.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, қазіргі көрнекі кеңістік тұлғаның өзін-өзі қабылдауына да әсер етеді. Әлеуметтік желілерде ұсынылатын идеалдандырылған бейнелер, өңделген суреттер мен жасанды образдар шынайы өмірмен салыстырғанда бұрмаланған стандарттарды қалыптастырады. Бұл жағдай өзіндік бағалаудың төмендеуіне, әлеуметтік салыстырудың күшеюіне және тұлғалық дискомфорттың пайда болуына әкелуі мүмкін. Көрнекі кеңістіктегі мұндай тенденциялар әсіресе жастардың психоэмоционалдық күйіне айқын ықпал етеді [2].

Тағы бір маңызды мәселе – көрнекі сауаттылықтың жеткіліксіз деңгейі. Көп жағдайда тұтынушылар көрнекі ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алмай, манипулятивті немесе жалған бейнелердің ықпалына оңай түседі. Көрнекі кодтарды түсіндіру, контенттің астарлы мағынасын тану дағдыларының қалыптаспауы ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Осы тұрғыда білім беру жүйесінде көрнекі сауаттылықты дамыту өзекті педагогикалық міндеттердің біріне айналып отыр.

Қорытынды

Қазіргі көрнекі кеңістік тұлғаның дүниетанымына, эстетикалық талғамына және психологиялық жай-күйіне кешенді ықпал ететін күрделі құбылыс болып табылады. Көрнекі ақпараттың шамадан тыс болуы, коммерциялану, мәдени унификация, манипулятивті бейнелер мен көрнекі сауаттылықтың төмендігі сияқты мәселелер көрнекі мәдениеттің сапасына әсер етеді [5]. Осы мәселелерді шешу үшін көрнекі мәдениетті тәрбиелеу, сыни қабылдау дағдыларын дамыту және мәдени әртүрлілікті сақтауға бағытталған ғылыми-педагогикалық тәсілдерді жүйелі түрде енгізу қажет.

Зерттеу нәтижелері заманауи дизайнның студенттердің эстетикалық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды мәдени-педагогикалық фактор екенін көрсетеді. Сандық орта, көрнекі мәдениет және білім беру кеңістігіндегі дизайндық шешімдер студенттердің эстетикалық талғамына, көркемдік қабылдауына және көрнекі ойлау қабілетіне тікелей ықпал етеді. Дизайн заманауи қоғам жағдайында тұлғаның өзін-өзі танытуының, мәдени сәйкестігінің және шығармашылық әлеуетінің көрініс табуына мүмкіндік беретін құрал ретінде айқындалады.

Сонымен қатар, көрнекі кеңістіктегі ақпараттың шамадан тыс көптігі, эстетикалық құндылықтардың коммерциялануы және көрнекі сауаттылықтың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер студенттердің эстетикалық қабылдау сапасына кері әсер етуі мүмкін екені анықталды. Осыған байланысты білім беру үдерісінде көрнекі мәдениетті саналы түрде қалыптастыру,

дизайнның тәрбиелік әлеуетін жүйелі пайдалану және студенттердің сыни көрнекі ойлау дағдыларын дамыту өзекті міндет болып табылады.

Қорытындылай келе, дизайнды білім беру ортасының құрамдас бөлігі ретінде ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеп енгізу студенттердің эстетикалық дүниетанымын тереңдетуге, мәдени құндылықтарға бағдарланған тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Прогресс, 2018. – 392 с.
2. Фрумкин К. Г. Визуальная культура современности. – М.: Новое литературное обозрение, 2021. – 256 с.
3. Головин А. Н. Основы дизайна и композиции. – М.: Академия, 2020. – 288 с.
4. Лотман Ю. М. Семиосфера. – СПб.: Искусство-СПБ, 2017. – 704 с.
5. Рид Д. Психология искусства. – М.: Педагогика, 2016. – 352 с.

ӘОЖ 7.05:504

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДИЗАЙНДАҒЫ КӨРКЕМДІК БЕЗЕНДІРУДІҢ ТАЛАПТАРЫН ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН САРАПТАУ

Уалиев Б.М.[1], Алишери А.Б.[1]

[1] М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

e-mail: U-bols@mail.ru

Андатпа. Мақалада экологиялық дизайндағы көркемдік безендіру талаптары кешенді түрде қарастырылып, олардың теориялық және практикалық негіздері ғылыми тұрғыдан сарапталады. Зерттеу барысында көркемдік шешімдердің табиғи ортамен үйлесімділігі, экологиялық қауіпсіздік, функционалдық тұтастық және мәдени сәйкестік қағидаларымен өзара байланысы жан-жақты талданады. Экологиялық дизайндағы материал таңдау, ресурстарды үнемдеу, қайта өңдеу мүмкіндіктері және тұрақты даму ұстанымдарының көркемдік безендіру процесіне ықпалы анықталады. Сонымен қатар заманауи дизайндағы биоморфизм, минимализм және эко-эстетика бағыттарының ерекшеліктері сипатталып, олардың көркемдік мәні айқындалады.

Мақалада экологиялық дизайнның білім беру кеңістігіндегі маңызына ерекше назар аударылып, оның студенттердің кәсіби-эстетикалық талғамын қалыптастырумен қатар, экологиялық жауапкершілігін арттырудағы рөлі негізделеді. Нәтижесінде, экологиялық дизайндағы көркемдік безендіру талаптары тек эстетикалық талаптармен шектелмей, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және мәдени құндылықтарды сақтаумен тығыз байланысты кешенді жүйе ретінде тұжырымдалады.

Түйін сөздер: экологиялық дизайн, көркемдік безендіру, тұрақты даму, табиғи үйлесім, эстетика, функционалдық, экологиялық мәдениет.

НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ТРЕБОВАНИЙ К ХУДОЖЕСТВЕННОМУ ОФОРМЛЕНИЮ В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ДИЗАЙНЕ

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются требования художественного оформления в экологическом дизайне, научно анализируются их теоретические и практические основы. В ходе исследования всесторонне анализируется взаимосвязь художественных решений с принципами совместимости с природной средой, экологической безопасности, функциональной целостности и культурной идентичности. Определяется выбор материала в эко-

логическом дизайне, ресурсосбережение, возможности переработки и влияние принципов устойчивого развития на процесс художественного оформления. При этом описываются особенности направлений биоморфизма, минимализма и эко-эстетики в современном дизайне и определяется их художественное значение.

В статье особое внимание уделяется значению экологического дизайна в образовательном пространстве, обосновывается его роль в повышении экологической ответственности студентов, а также формировании их профессионально-эстетического вкуса. В результате требования к художественному оформлению в экологическом дизайне ограничиваются только эстетическими требованиями.

Ключевые слова: экологический дизайн, художественное оформление, устойчивое развитие, природная гармония, эстетика, функциональность, экологическая культура.

SCIENTIFIC ANALYSIS OF THE REQUIREMENTS FOR ARTISTIC DESIGN IN ECOLOGICAL DESIGN

Abstract. The article comprehensively examines the requirements of artistic design in environmental design and analyzes their theoretical and practical foundations from a scientific point of view. In the course of the study, a comprehensive analysis of the relationship of artistic solutions with the principles of harmony with the Natural Environment, Environmental Safety, functional integrity and cultural identity is carried out. Material selection in environmental design, resource conservation, recycling opportunities and the influence of Sustainable Development Principles on the artistic design process are determined. At the same time, the features of the directions of biomorphism, minimalism and eco-aesthetics in modern design are described and their artistic meaning is revealed.

The article pays special attention to the importance of Environmental Design in the educational space and substantiates its role in increasing environmental responsibility, as well as the formation of professional and aesthetic taste of students. As a result, the requirements of artistic decoration in environmental design are limited only to aesthetic requirements

Keywords: ecological design, artistic design, sustainable development, natural harmony, aesthetics, functionality, environmental culture.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде дизайн саласы тек көркемдік-эстетикалық міндеттермен шектелмей, әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық қауіпсіздік мәселелерін де қамтитын кешенді қызмет саласына айналды. Қоршаған ортаның ластануы, табиғи қорлардың сарқыла бастауы және антропогендік әсердің күшеюі жобалау үдерісінде жаңа көзқарастарды талап етуде. Осыған байланысты экологиялық дизайн бағыты қалыптасып, көркемдік безендіру тәсілдері экологиялық талаптармен ұштаса қарастырыла бастады.

Экологиялық дизайн аясындағы көркемдік шешімдер объектінің сыртқы келбетін ғана айқындап қоймай, оның қоршаған ортаға тигізер ықпалын, адамға психологиялық әсерін және қоғамдық маңызын ескеруі тиіс. Сондықтан көркемдік безендіру экологиялық қауіпсіздік қағидаларымен үйлескен жағдайда ғана өзектілігін арттыра алады. Бұл мәселені ғылыми талдау қазіргі дизайн теориясын дамытуда және болашақ мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің мақсаты – экологиялық дизайн аясындағы көркемдік безендіру талаптарын ғылыми-теориялық тұрғыда зерттеуі, олардың заманауи жобалау тәжірибесіндегі орнын айқындау өте маңызды және уақтылы.

Зерттеудің міндеттеріне: экологиялық дизайн түсінігінің мазмұнын талдау, көркемдік безендіру талаптарының экологиялық өлшемдермен байланысын ашып көрсету, экологиялық дизайндағы көркемдік қағидаларды жүйелеу және экологиялық-эстетикалық көзқарастың болашақ дизайнерлердің кәсіби қалыптасуындағы маңызын негіздеулері кіреді.

Экологиялық дизайн – жобалау үдерісінде табиғи ортаның сақталуына және экологиялық тепе-теңдіктің бұзылмауына бағытталған концепцияларға сүйенетін бағыт. Бұл салада материалды таңдау, конструкциялық шешімдер қабылдау және көркемдік пішін қалыптастыру экологиялық факторлармен байланыста жүзеге асады.

Әдіснамалық тұрғыдан қарастыратын болсақ экологиялық дизайн әр уақыттың заманауи даму идеясымен сабақтас. Тұрақты даму тұжырымдамасы адамзаттың қазіргі қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, болашақ ұрпақтың өмір сүру мүмкіндіктерін шектемеу қағидасына негізделеді. Осы көзқарас экологиялық дизайндағы көркемдік безендірудің мазмұнын айқындап, оның табиғатқа зиянсыз әрі мәдени тұрғыдан мәнді болуын талап етеді.

Материалдар мен әдістер

Экологиялық дизайндағы көркемдік безендіру бірнеше кешенді талаптарға сүйенеді [1].

Біріншіден – табиғи үйлесім қағидасы. Көркемдік бейнелеуде табиғи пішіндерге ұқсас пішіндер, жұмсақ контурлар мен табиғи түстер үйлесімі басымдыққа ие болады. Мұндай тәсіл адамның табиғи ортамен эмоционалдық байланысын нығайтады.

Табиғи үйлесім қағидасы экологиялық дизайндағы көркемдік шешімдердің қоршаған ортамен үйлесімді болуын көздейді. Бұл ұстаным табиғат пішіндерін сырттай көшірумен шектелмей, олардың ішкі заңдылықтарын, құрылымдық тепе-теңдігін және ритмикалық ұйымдасуын жобалау үдерісінде ескеруді талап етеді. Табиғи ортаға сәйкес келетін пішіндер мен түстік шешімдер көрнекі тепе-теңдікті сақтап, адамның психоэмоциялық қабылдауына оң әсер етеді. Осы тұрғыда табиғи үйлесім көркемдік бейненің экологиялық мазмұнымен астасуын қамтамасыз ететін эстетикалық категория ретінде көрінеді [1].

Екіншіден – қарапайымдылық пен мағыналық нақтылық. Экологиялық бағыттағы дизайн артық әшекейлеуден бас тартып, көркемдік құралдарды мақсатты әрі үнемді қолдануды көздейді. Бұл композицияның айқындылығын арттырып, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [1].

Үшіншіден – экологиялық қауіпсіз материалдарды пайдалану. Көркемдік безендіру элементтерін дайындауда табиғи, қайта өңделетін немесе экологиялық тұрғыдан зиянсыз материалдарды қолдану талап етіледі. Материалдың сыртқы сапасымен қатар, оның экожүйеге тигізер әсері де ескерілуі қажет [1].

Экологиялық қауіпсіздік қағидасы дизайн нысандарының адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірмеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ұстаным материалдарды таңдау, өндіріс технологиясын анықтау және бұйымды пайдалану кезеңдерінде экологиялық тәуекелдерді барынша азайтуды көздейді.

Экологиялық қауіпсіздік қағидасы көркемдік шешімдердің тек көрнекі әсеріне ғана емес, олардың экологиялық салдарына да жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, экологиялық дизайндағы көркемдік форма экологиялық мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде әлеуметтік мәнге ие болады [2].

Төртіншіден – функционалдық пен эстетиканың тұтастығы. Экологиялық дизайнда көркемдік шешімдер объектінің қолдану мүмкіндігін арттырып, эстетикалық тартымдылықпен өзара үйлесуі тиіс. Безендіру элементтері тек көркемдік рөл атқарып қоймай, функциональды қызметті де қолдауы қажет.

Функционалдық бірлік қағидасы экологиялық дизайндағы көркемдік пішін мен функционалдық мақсаттың өзара ажырамас байланысын білдіреді. Дизайн нысаны тек эстетикалық тартымдылығымен ғана емес, сонымен қатар қолдану ыңғайлылығымен, ұзақ мерзімділігімен және ресурсты үнемдеу әлеуетімен бағаланады.

Функционалдық бірлік көркемдік шешімдердің рационалдық негізін күшейтіп, артық декоративті элементтерден бас тартуды ынталандырады. Бұл қағида дизайн үдерісінде форма мен мазмұнның, эстетика мен практикалық тиімділіктің үйлесімін сақтауға бағытталған әдіснамалық бағдар ретінде көрініс табады.

Бесіншіден – мәдени-аумақтық ерекшеліктерді ескеру. Көркемдік безендіруде ұлттық дәстүрлер мен аймақтық көркемдік кодтарды пайдалану экологиялық идеяларды жергілікті мәдени контексте ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл экологиялық мәдениеттің орнығуына ықпал етеді.

Мәдени сәйкестік қағидасы экологиялық дизайн нысандарының белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортаға үйлесімді болуын қамтамасыз етеді. Бұл ұстаным ұлттық дәстүрлерді, аймақтық ерекшеліктерді және жергілікті эстетикалық құндылықтарды заманауи дизайн тілімен ұштастыруға негізделеді. Мәдени сәйкестік көркемдік шешімдерді әмбебап үлгіде қолданудан сақтап, оларды нақты мәдени контекстке бейімдеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде экологиялық дизайн тек функционалдық әрі экологиялық талаптарға жауап беретін нысан емес, сонымен қатар мәдени мағынаға ие көркемдік өнім ретінде қалыптасады.

Қазіргі кезеңде экологиялық дизайндағы көркемдік шешімдер биоморфтық пішіндер, табиғи фактураларды бейнелеу және тыныш түстер палитрасын қолдану арқылы айқындалады. Сонымен қатар экологиялық мазмұндағы ақпаратты көрнектеу үшін плакаттар, инфографикалық материалдар және кеңістіктік композициялар кеңінен қолданыс табуда.

Осыған орай, қазіргі кезеңде экологиялық дизайн тек табиғи ресурстарды үнемдеу мен қоршаған ортаны қорғау қағидаларымен шектелмей, сонымен қатар көркемдік-эстетикалық құндылықтарды жаңаша тұрғыда қайта пайымдауды талап ететін көпқырлы бағытқа айналып отыр.

Заманауи экологиялық дизайндағы көркемдік үрдістер қоғамның экологиялық санасының өсуімен, тұрақты даму идеологиясының кеңеюімен және дизайндағы гуманистік көзқарастың күшеюімен тығыз байланысты [3].

Бірінші маңызды үрдіс – табиғи пішіндерге еліктеу және биоморфизмнің кең таралуы. Заманауи дизайнерлер табиғаттағы құрылымдар мен пішіндерді механикалық түрде көшіруден гөрі, олардың ішкі заңдылықтарын шығармашылық тұрғыда қайта өңдеуге ұмтылады. Мысалы, өсімдіктердің құрылымы, су толқындарының пластикасы немесе жапырақтың симметриясы композициялық шешімдерде динамика мен үйлесімділік тудырады. Бұл үрдіс көркемдік пішіннің жасандылығын азайтып, оны табиғи ортаға жақындатады.

Екінші үрдіс – табиғи түстер палитрасына бет бұру. Экологиялық дизайнда көзге ауыр тимейтін, психологиялық тұрғыдан жайлы реңктер кеңінен қолданылады. Жердің, құмның, ағаштың, тастың табиғи түстері кеңістік пен бұйымдардың эстетикалық әсерін жұмсартып, адам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысты күшейтеді. Бұл түстік шешімдер тек сәндік мақсатты ғана емес, сонымен қатар адамның эмоционалдық жағдайына оң ықпал ететін көркемдік құрал ретінде көрінеді.

Үшінші үрдіс – материал эстетикасының алдыңғы қатарға шығуы. Заманауи экологиялық дизайнда материалдың табиғи фактурасы жасырылмай, керісінше көркемдік бейненің маңызды элементіне айналады. Қайта өңделген ағаш, тас, кендір, жүн, табиғи талшықтар сияқты материалдардың текстурасы визуалды әсерді күшейтіп қана қоймай, бұйымның экологиялық құндылығын айқындайды. Мұнда көркемдік сапа материалдың табиғилығымен тікелей байланыста қарастырылады.

Төртінші үрдіс – минимализм мен функционалдық эстетиканың үйлесуі. Экологиялық дизайндағы көркемдік шешімдер артық декоративтіліктен бас тартып, пішіннің қарапайымдылығын, құрылымның айқындығын және функцияның көрнекі бейнеленуін алға тартады.

Минималистік тәсіл экологиялық идеяны көрнекі тұрғыдан күшейтеді, себебі артық элементтерден бас тарту тұтыну мәдениетіндегі саналы шектеуді бейнелейді. Осы арқылы көркемдік бейне экологиялық оймен үндеседі.

Бесінші үрдіс – ұлттық және мәдени кодтардың экологиялық дизайнда жаңаша интерпретациялануы. Заманауи көркемдік тәжірибеде дәстүрлі ою-өрнек, этномәдени мотивтер экологиялық идеямен біріктіріле отырып, заманауи формада ұсынылады. Бұл үрдіс экологиялық дизайнды тек әмбебап бағыт ретінде емес, белгілі бір мәдени кеңістікке бейімделген көркемдік жүйе ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Ұлттық көркемдік элементтер экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралына айналады.

Алтыншы үрдіс – тұрақты даму идеясын көркемдік образ арқылы жеткізу. Заманауи экологиялық дизайнда көркемдік шешімдер ақпараттық-насихаттық қызмет атқарып, экологиялық ойды көрнекі тілде жеткізеді. Плакат, интерьер, костюм, өнім дизайны сияқты салаларда экологиялық мазмұн символика, метафора және ассоциация арқылы көркем бейнеге айналады. Бұл үрдіс дизайнды тек эстетикалық нысан емес, әлеуметтік-экологиялық коммун икация құралы ретінде танытады.

Сонымен, экологиялық дизайндағы заманауи көркемдік үрдістер табиғи пішіндерге бағдарлану, табиғи түстерді қолдану, материал эстетикасын алға шығару, минимализм мен функционалдық тұтастық, ұлттық мәдени кодтарды жаңғырту және тұрақты даму идеясын көркем бейне арқылы жеткізу сияқты кешенді бағыттармен сипатталады. Бұл үрдістер экологиялық дизайнның көркемдік мазмұнын байытып қана қоймай, студенттердің экологиялық-эстетикалық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [1].

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі заманғы кәсіби білім беру жүйесінде экологиялық дизайн болашақ мамандардың дүниетанымын қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Бұл бағыт тек дизайнерлік құзыреттерді меңгертумен шектелмей, сонымен қатар студенттердің экологиялық мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілігін және көркемдік талғамын кешенді түрде дамытуды көздейді.

Экологиялық дизайндағы көркемдік үрдістерді оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың тұрақты даму қағидаларын кәсіби қызметпен ұштастыруына мүмкіндік береді.

Кәсіби білім беру аясында экологиялық дизайн болашақ дизайнерлердің эстетикалық ойлау жүйесін экологиялық құндылықтармен сабақтастыратын пәнаралық алаң ретінде қарастырылады. Оқу бағдарламаларына экологиялық мазмұндағы жобалау тапсырмаларын енгізу студенттердің көркемдік шешім қабылдау дағдыларын дамытып, табиғи ортамен үйлесімді кеңістік пен бұйым жасауға бағыттайды. Мұндай тапсырмалар барысында білім алушылар материалды таңдау, түстік шешім, композициялық құрылым және функционалдық үйлесім мәселелерін экологиялық талаптармен байланыстыра отырып талдайды.

Экологиялық дизайндағы көркемдік үрдістер кәсіби білім беруде шығармашылық қабілетті дамытудың тиімді құралы ретінде де көрініс табады.

Студенттер биоморфтық пішіндерге, табиғи түстер палитрасына, материал фактурасына сүйене отырып, көркемдік шешімдерді іздестіреді. Бұл үдеріс олардың пішінді тек эстетикалық нысан ретінде емес, экологиялық мазмұнды тасымалдаушы құрал ретінде түсінуіне ықпал етеді. Нәтижесінде көркемдік бейне экологиялық идеяны жеткізудің тіліне айналады.

Сонымен қатар экологиялық дизайндағы көркемдік бағыттар кәсіби білім берудің құндылықтық бағдарын кеңейтеді. Оқу барысында экологиялық тақырыптағы жобалар арқылы студенттер табиғатты тұтыну объектісі ретінде емес, мәдени және рухани құндылық ретінде қабылдауға үйренеді. Бұл көзқарас болашақ маманның кәсіби этикасын қалыптастырып, оның қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады. Экологиялық мазмұндағы көркемдік тапсырмалар студенттердің әлеуметтік сезімталдығын күшейтіп, дизайн қызметінің қоғамдық маңызын ұғындыруға ықпал етеді.

Кәсіби білім беру жүйесінде экологиялық дизайнды меңгертудің тағы бір маңызды қыры – практикалық-бағдарлы оқытуды күшейту. Студенттер нақты экологиялық мәселелерге бағытталған жобалар әзірлеу арқылы теориялық білімді тәжірибемен ұштастырады. Мұндай тәжірибе көркемдік форманы экологиялық тұрғыдан негіздеу, тұрақты материалдарды іріктеу және функционалдық шешімдерді тиімді жоспарлау қабілеттерін дамытады. Нәтижесінде болашақ маман кәсіби ортада сұранысқа ие экологиялық ойлайтын дизайнер ретінде қалыптасады.

Экологиялық дизайндағы көркемдік үрдістерді кәсіби білім беру жүйесіне енгізу сонымен қатар білім алушылардың зерттеушілік құзыретін арттырады. Студенттер экологиялық мәселелерді талдау, әлемдік дизайн тәжірибесін салыстыру, жергілікті мәдени контексті ескеру арқылы ғылыми-танымдық әрекетке тартылады. Бұл үдеріс олардың аналитикалық ой-

лауын дамытып, жобалау қызметінде негізделген көркемдік шешім қабылдауға үйретеді. Осылайша экологиялық дизайн білім алушыны тек орындаушы емес, рефлексия жасай алатын шығармашыл маман ретінде қалыптастырады [4].

Қорытындылай келе, экологиялық дизайндағы көркемдік үрдістердің кәсіби білім беру жүйесіндегі орны болашақ мамандардың экологиялық мәдениетін, көркемдік-эстетикалық талғамын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырумен айқындалады. Бұл үрдістерді оқу бағдарламасына жүйелі түрде енгізу дизайнерлік білім берудің мазмұнын жаңғыртып, оны тұрақты даму талаптарына сәйкестендіреді. Нәтижесінде кәсіби білім беру экологиялық ойлайтын, көркемдік тұрғыдан сауатты және қоғам сұранысына жауап бере алатын мамандарды даярлауға бағытталады.

Экологиялық дизайнның заманауи теориясы мен тәжірибесінде табиғи үйлесім, функционалдық бірлік, экологиялық қауіпсіздік және мәдени сәйкестік қағидалары негізгі әдіснамалық тірек ретінде қарастырылады. Бұл қағидалар дизайн нысандарының көркемдік сапасын арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік, экологиялық және мәдени маңызын кешенді түрде айқындайды. Аталған ұстанымдар бір-бірімен өзара байланыста жүзеге асып, экологиялық дизайнның тұтастай концептуалдық негізін қалыптастырады [5].

Аталған қағидалардың кешенді жүзеге асуы экологиялық дизайндағы көркемдік үрдістердің сапасын жаңа деңгейге көтереді. Табиғи үйлесім визуалды тепе-теңдікті қамтамасыз етсе, функционалдық бірлік дизайн нысандарының практикалық құндылығын арттырады, экологиялық қауіпсіздік әлеуметтік жауапкершілік өлшемін айқындайды, ал мәдени сәйкестік көркемдік бейненің мағыналық тереңдігін күшейтеді. Бұл қағидалар бірін-бірі толықтыра отырып, экологиялық дизайнды тек сәндік бағыт емес, тұрақты даму идеясын іске асыратын кешенді әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде танытады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, экологиялық дизайндағы табиғи үйлесім, функционалдық бірлік, экологиялық қауіпсіздік және мәдени сәйкестік қағидалары көркемдік жобалаудың теориялық-әдіснамалық негізін құрайды. Оларды кәсіби практикада жүйелі қолдану дизайн нысандарының экологиялық және көркемдік сапасын арттырып қана қоймай, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да ықпал етеді.

Сандық технологиялардың дамуы экологиялық тақырыптағы көркемдік безендірудің жаңа формаларын қалыптастырып отыр деп айтуға болады. Көрнекі коммуникация құралдары экологиялық мәселелерді көрнекі әрі әсерлі жеткізіп, көркемдік шешімдердің ақпараттық және тәрбиелік қызметін күшейтеді.

Экологиялық дизайндағы көркемдік безендіру талаптарын ғылыми тұрғыдан сараптау дизайн теориясы мен тәжірибесіндегі өзекті бағыттардың бірі болып саналады. Табиғи үйлесім, функционалдық бірлік, экологиялық қауіпсіздік және мәдени сәйкестік қағидалары көркемдік шешімдердің негізін құрайды. Аталған талаптарды сақтау дизайн объектілерінің көркемдік құндылығын арттырып қана қоймай, қоғамның экологиялық санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, экологиялық дизайндағы көркемдік безендіру талаптары дизайнер мамандығының кәсіби-этикалық өлшемдерінің бірі ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қалиев С. Эстетика негіздері. – Алматы: Білім, 2018. – 312 с.
2. Сапарбекова А. Дизайн теориясы және практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 276 с.
3. Papanek V. Design for the Real World. – London: Thames & Hudson, 2019. – 352 p.
4. McDonough W., Braungart M. Cradle to Cradle: Remaking the Way We Make Things. – New York: North Point Press, 2018. – 240 p.
5. Фролов И. Экологическая культура и дизайн. – Мәскеу: Академия, 2017. – 288 с.

ӘОЖ 004.838.5

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ДИЗАЙНЫ: ЖОБАЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Умарова Ф.М.[1], Турикпенова С.Ж.[1]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: fati.umarova16@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада ақылды қоғамдық кеңістіктерді жобалаудың негізгі қағидалары және оларды жобалауда жасанды интеллект технологияларын пайдалану қарастырылады. Күрделі геометриялық пішіндерді жасау, күнделікті процестерді автоматтандыру және тұрақты сәулет шешімдерін әзірлеу барысында жасанды интеллектті сәтті қолдану мысалдары келтіріледі. Атап айтқанда, Амстердамдағы The Edge ғимаратында жасанды интеллект энергия тұтынуды оңтайландыру мен ішкі микроклиматты басқару үшін қолданылады; Google Bay View Campus жобасында интеллектуалды жүйелер климаттық деректерді талдау арқылы табиғи желдету мен жарықтандыруды жүйелерін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал MARSHA жобасында генеративті дизайн экстремалды жағдайларға бейімделген құрылымды қалыптастыру үшін пайдаланылатыны қарастырылады. Ұсынылған қағидаттар мен жасанды интеллект технологияларын енгізу пайдаланушылардың қажеттіліктеріне бейімделген икемді, қауіпсіз және тұрақты қоғамдық кеңістіктер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: интеллектуалды қоғамдық кеңістіктер, жасанды интеллект, цифрлық сәулеттік дизайн, адаптивті орта.

ДИЗАЙН ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ОБЩЕСТВЕННЫХ ПРОСТРАНСТВ: ПРИНЦИПЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ

Аннотация. В статье рассматриваются основные принципы проектирования умных общественных пространств, а также использование технологий искусственного интеллекта в их разработке. Приводятся примеры успешного применения искусственного интеллекта при создании сложных геометрических форм, автоматизации повседневных процессов и разработки устойчивых архитектурных решений. В частности, в здании The Edge в Амстердаме искусственный интеллект используется для оптимизации энергопотребления и управления внутренним микроклиматом. В проекте Google Bay View Campus интеллектуальные системы, анализируя климатические данные, позволяют эфективно организовать естественную вентиляцию и освещение. В проекте MARSHA генеративный дизайн прменяется для формирования структуры, адаптированной к экстремальным условиям. Внедрение предложенных принципов и технологий искусственного интеллекта позволяет создавать гибкие, безопасные и устойчивые общественные пространства, адаптированные к потребностям пользователей.

Ключевые слова: интеллектуальные общественные пространства, искусственный интеллект, цифровое архитектурное проектирование, адаптивная среда.

DESIGN OF INTELLIGENT PUBLIC SPACES: PLANNING PRINCIPLES

Abstract. This article discusses the basic principles of designing smart public spaces and the use of artificial intelligence technologies in their design. The article provides examples of successful use of artificial intelligence in creating complex geometric shapes, automating everyday processes, and developing sustainable architectural solutions. In particular, in the The Edge building in Amsterdam, artificial intelligence is used to optimize energy consumption and manage the indoor microclimate; in the Google Bay View Campus project, intelligent systems allow for the effective organization of natural ventilation and lighting systems by analyzing climatic data; and in the MARSHA project,

generative design is used to create a structure adapted to extreme conditions. The proposed principles and the implementation of artificial intelligence technologies allow for the creation of flexible, safe, and sustainable public spaces that are adapted to the needs of users.

Keywords: smart public spaces, artificial intelligence, digital architectural design, adaptive environment.

Кіріспе

Қоғамдық кеңістіктер кең ауқымды сипатқа ие болып, бейресми көше бұрыштарынан бастап үлкен қоғамдық кешендерге дейінгі әртүрлі формаларда көрініс табады. Олар қала өмірінің әлеуметтік, мәдени және функционалдық белсенділігінің маңызды орталықтары ретінде қызмет етеді. Адамдардың жиналуы және сол кеңістікте қалуы салдарынан қоғамдық кеңістіктердің физикалық сапасы бұл кеңістіктерді әлеуметтік тұрғыдан белсендіретін бірінші фактор болып табылады. Қалалық қоғамдық кеңістіктер адамдардың қатысуымен және әрекеттерімен өз мағынасын табады, ал олардың физикалық рөлдерінен гөрі, олар азаматтар арасында әлеуметтік өзара әрекеттесуді құру үшін маңызды. Қоғамдық кеңістіктер – әлеуметтік өмір салтын қалыптастыратын элементтер жиынтығы және олардың ең айқын ерекшелігі кеңістіктің физикалық және функционалдық ерекшеліктері бойынша икемділігі мен эволюциясы қажеттілігі. Өркениеттің қазіргі даму кезеңі нейрондық желілер арқылы жасалған жылдам урбанизациямен және жаһандық экологиялық мәселелердің шиеленісуімен сипатталады.

Осы зерттеудің мақсаты – қоғамдық ғимараттарды жобалау кезінде жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктерін талдау және цифрлық технологияларды пайдалану тиімділігін бағалау.

